

ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӘДЕНИ МҰРАСЫ
КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ КАЗАХСТАНА
CULTURAL LEGACY OF KAZAKHSTAN

ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӘДЕНИ МҰРАСЫ:
жаңалықтары, мәселелері, болашағы

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ КАЗАХСТАНА:
открытия, проблемы, перспективы

CULTURAL LEGACY OF KAZAKHSTAN:
discoveries, problems, prospects



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӘДЕНИ МҰРАСЫ:
ЖАҢАЛЫҚТАРЫ, МӘСЕЛЕЛЕРІ, БОЛАШАҒЫ**

*Халықаралық ғылыми конференцияның
материалдары
19 қазан 2005 жыл*

ББК 63.3(2)+71
К90

К90 Қазақстанның мәдени мұрасы: жаңалықтары, мәселелері, болашағы: Халықаралық ғылыми конференцияның материалдары. 19 қазан 2005 ж. - Алматы: Абай атындағы Қаз ҰПУ, 2005. 964 бет.

ISBN 9965-14-554-7

Жинақта “Қазақстанның мәдени мұрасы: жаңалықтары, мәселелері, болашағы” атты Халықаралық ғылыми конференцияның материалдары көрініс тапқан. Ол “Мәдени мұра” Мемлекеттік бағдарламасын орындау барысында алынған қазақ халқының тарихы, этнографиясы, сәулет өнері, философиясы, мәдениеті, фольклоры, әдебиеті, құқығы аясындағы ғылыми жаңалықтар мен құнды мәліметтерді қамтыған. Алғаш рет Қазақстанда және кеңес дәуірінен кейінгі кеңістікте қазақ және басқа түркі халықтарының тарих, этногенез, мәдениет, дүниеге көзқарас жиынтығының іргелі мәселелерін кешенді қарастыру, ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік Мәдени тізіміне ұсынылған және енгізілген археология мен сәулет өнерінің тарихи-мәдени ескерткіштерін сақтау, қалпына келтіру және мұражайландыру жөніндегі толық көлемді шаралар жүзеге асырылуда.

Ғылыми айналымға енгізіліп отырған жаңа жазба дереккөздер, пәнаралық археологиялық, этнографиялық, археографиялық, фольклорлық тағы басқа ғылыми іргелі зерттеулердің нәтижелері Қазақстанның ежелгі және ортағасырлық тарихының көптеген сырларын ашуға себін тигізеді.

Материалдар ғылыми қызметкерлерге, мәдениет, өнер, білім беру қайраткерлеріне, сондай-ақ Қазақстан тарихы мен мәдениетін зерттейтіндерге арналған.

ББК 63.3(2)+71

*“Мәдени мұра” Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру бойынша
Қоғамдық кеңестің төрағасы, саясаттану ғылымдарының докторы
И.Н. Тасмағамбетовтың ғылыми редакциялауымен*

Р е д а к ц и я а л қ а с ы :

*ҚР ҰҒА академигі Т.С.Садықов, ҚР ҰҒА академигі С.З.Зиманов, ҚР ҰҒА академигі
К.М.Байпаков, ҚР ҰҒА академигі С.А.Қасқабасов, ҚР ҰҒА академигі Б.Е.Кумеков,
филология ғылымдарының кандидаты С.М. Алтыбаева (жауапты хатшы)*

ҚР Ұлттық ғылым академияның қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бөлімінің бюросының шешімі бойынша басылды.

T $\frac{4401000000}{00(05)-05}$

ISBN 9965-14-554-7

© Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2005
“Эдельвейс” Баспа Үйі” ЖШС
басылды, тел.: (3272) 34-57-81

АЛҒЫ СӨЗ

“Мәдени мұра” бағдарламасын жүзеге асыруды одан әрі жалғастырып, өткенді ой елегінен өткізе отыра, қазіргі уақыт мәдениетін барынша дамыту қажет.

*Қазақстан Республикасының Президенті
Нұрсұлтан Назарбаев*

Мәдени мұраның әр алуандығы мен байлығы өркениетті қоғамның негізін құрайтын белгісі, ұлттық және мемлекеттік сана-сезімнің интеграциялық сыңары болып табылады. Өркениетті елдер ұлттық мұраны сақтау мен пайдалану мәселелеріне басты назар аударып отыр. Бұл ретте Қазақстан сан ғасырлық мәдени мұраны сақтау, оны қалпына келтіру мен зерттеудің мәселелерін кешенді қарастыру бойынша әлемдегі алдыңғы қатардан көрініп келеді. ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік Мәдени тізіміне енгізілген сәулет өнерінің бірегей кешендері: Отырар, Арыстан-Баб, Қожа Ахмет Яссауи, Тамғалы бүкіл әлемге танымал. Пәнаралық байланыс аясында әлем деңгейіндегі таңқаларлық жаңалықтар ашылды. Мысал ретінде Патшалық Берел қорғанының қазбаларын келтірсек те жеткілікті.

Тәуелсіздікке ие болғаннан бері Егеменді Қазақстан мәдени мұраны сақтау мен жаңғырту; қазіргі ұлт мәдениетін, халық ауыз әдебиетін, әдет-ғұрыптарын өркендету; елдің маңызды тарихи-мәдени және сәулет өнері ескерткіштерін қалпына келтірудің теңдесі жоқ шараларын іске асыруда. Қазақстан Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың ерекше ықыласының арқасында қазақтың ұлы ғұламалары - Қорқыт ата, әл-Фараби, М.Х.Дулати, Абай, М.Әуезов, Жамбыл, С.Мұқанов, Қарасай батырдың, Райымбек батырдың, Тараз, Түркістан қалаларының мерейтойларына арналған кең көлемді шаралар өткізілді.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен "Отандық тарих жылы" деп жарияланған 1996 жылдан бастап Еске алу жылдарының ірі жетістіктері еліміздің динамикалық дамуына, ұлттық мәдениеті мен руханиятының өсуіне, қазақ халқы сана-сезімінің жандануына арқау болды.

2004 жылы Қазақстан Республикасының "Мәдени мұра" Мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырыла бастады. Екі жыл көлемінде әлем деңгейіндегі бірқатар жаңалықтар ашылып, дүние жүзінің мұрағаттары мен кітап қорларынан қазақ халқы тарихындағы көптеген оқиғалардың сырын ашатын бұрын беймәлім жазба дереккөздер қайтарылып, ғылыми айналымға енгізілді.

Бұл жинақ әлем өркениетінің асыл қазына іспеттес жаңалықтары туралы құнды ақпаратын қамтиды. “Қазақстанның мәдени мұрасы: жаңалықтары, мәселелері, болашағы” атты халықаралық ғылыми конференция материалдары қазақ, орыс, ағылшын тілдеріне аударылып, бүкіл әлемдегі қалың оқырман қауымды қажетті ақпаратпен қамтамасыз етеді.

Қазақстан ғылымының ірі жетістіктері түрлі мәдени дәстүрлердің, тіл мен жазбаның өзара байланысу процестерін жаңғыртуға, Қазақстанның көшпелі және отырықшыл халқының тарихи-мәдени синтезін айқындауға мүмкіндік береді.

Бағдарламаны әрі қарай жетілдіру ел егемендігін нығайту мен қоғамның рухани бірлігін дамыту үшін маңызы зор жаңа ғылыми бағыттарды анықтап, жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Археология, сәулет өнері, көне және ортағасырлық өнер, әдебиет, жазба ескерткіштері халық киесіне айналуы тиіс, өйткені олар руханиятты сақтап, ұлттың өнегесін өсіреді, тәуелсіз Қазақстан азаматының жаңа тұлғасын қалыптастыруға жағдай жасайды.

Қазіргі жастарды тәрбиелеу мақсатында отандық іргелі қоғамдық-гуманитарлық ғылым нәтижелерін пайдалану Қазақстанның тұрақты дамуы мен әлемдік кеңістікке лайықты кіруіне кепіл болады.

Академик Т.С.Садықов

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

Б.С.Әйтимова -

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі

Құрметті конференцияға қатысушылар мен қонақтар!

Қазақстан экономикалық өзгерістің ауыр кезеңін өткеріп, демократия мен прогресс жолында сенімді қадам басып келеді. Бүгінгі таңда біз республикада шынайы нарықтық экономиканың белсенді іске асырылып жатқанын мақтан етеміз. Көпұлтты мемлекетіміздің әрбір азаматы өзінің қабілеттерін ашуға, өз қажеттіліктерін қанағаттандыруға толықтай мүмкіндік алған.

Елдің жеделдетілген модернизациясын жүзеге асыруда білім мен ғылымды реформалаудың мәселелері маңызды рөл атқарады. Президент Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен 2005-2010 жж. арналған білім беруді дамытудың Мемлекеттік Бағдарламасы бекітілгені белгілі. Президент тәрбие ісін мемлекеттік басымды мәселелердің бірі ретінде атап көрсетеді.

Осыған байланысты қазіргі таңда республикамызда тәрбие мазмұнын жаңартудың алғышарттары жасалған. Бұл алғышарттарды гуманистік, әлеуметтік маңызы бар құндылықтарды, азаматтық мінез-құлық үлгілерін қалыптастыруға бағыттаған жөн. Бағдарламаға сәйкес тәрбие идеологиясының реформасы мен жас ұрпақты әлеуметтендіру басты бағдар болып табылады.

Білім берудің жаңа мәдениеттану парадигмасы білімді оның мәдени-тарихи, тұлғалық-мәндік контексінен тыс қарастырмайды. Сондықтан бай мәдени мұраны зерттеудің біртұтас жүйесін құру, Қазақстанның тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіру Қазақстан Республикасы "Мәдени мұра" Орта мерзімді Мемлекеттік бағдарламасының басты мақсаты болып табылады. Мұның өзі мемлекеттік тілдегі гуманитарлық білімнің толыққанды қорын қалыптастыруға негіз болмақ.

Қазақстандық іргелі ғылымның ірі жетістіктері ХХІ ғасыр оқулықтарының мазмұнына еніп, егеменді еліміздің жеткіншек ұрпағының ұлттық сана-сезімін қалыптастыруда өзіндік әлеуметтік-тарихи рөлін атқарады деген сенімдемін.

Осының бәрі озық жоғары оқу орындарының оқытушылары мен ғылыми-зерттеу институттары ғалымдарының шынайы бірлескен жұмысы болуын талап етеді. Бұл іске міндетті түрде студенттер мен шығармашыл жастарды да қатыстырған жөн.

Халықаралық Форумға қатысушыларды қолдай отырып, оларға Қазақстан іргелі ғылымының ұлттық мәдениет пен руханиятты жаңарту мен дамытуға бағытталған жаңа жетекші міндеттерін анықтау мен шешуге мүмкіндік беретін шығармашылық жұмыс, қызу ғылыми пікірталас, жаңалық тілеймін.

Е.М.Қосубаев -

*Қазақстан Республикасының мәдениет,
ақпарат және спорт министрі*

Құрметті Форумға қатысушылар!

Екі жыл ішінде "Мәдени мұра" кешенді Мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылуда. Бағдарлама Қазақстан Республикасының "Тарихи-мәдени мұраны қорғау мен пайдалану туралы", "Мәдениет туралы", "Ұлттық мәдени қор мен мұрағаттар туралы" Заңдарына сәйкес қабылданып, жүзеге асырылып жатыр.

"Мәдени мұра" Бағдарламасын жасап шығару мәдени мұра аясында қалыптасқан ұйымдық-құқықтық ахуалға мәдениет ұйымдарының, ғылыми-зерттеу және жобалау институттарының, қалпына келтіру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту, олардың қызметтерін қаржыландыру арқылы мемлекеттің белсенді түрде араласу қажеттігінен туындап отыр.

Бізге белгілі, мәдени мұра қазіргі қазақстандық қоғамның рухани тұрғыдан бірігуіндегі негізгі факторларының бірі, ұлттың өзін өзі тануының, ұлт сана-сезімі өсуінің маңызды сыңары болып табылады. Сондықтан "Мәдени мұра" Бағдарламасы Қазақстан мен Орта Азия аймағы үшін ерекше жүйе құрушы маңызға ие.

Бүгінгі таңда Қазақстанда тарих, археология, сәулет өнері, монумент өнерінің 25 мыңнан астам ескерткіштері, 11 мың кітапхана, 147 мұражай, 7 тарихи-мәдени мұражай-қорық, 215 мемлекеттік мұрағат бар.

Қазақстан Республикасы Президентінің ақпан айындағы Жолдауында туризм экономиканың шикізаттық емес салаларының ішінде № 1 кластер ретінде анықталды. Бұл бағдарлама Қазақстанның маңызды тарихи-мәдени және сәулет өнері кешендері орналасқан ашық аспан астындағы бірегей мұражайларды жасау мен дамыту бастамасына жағдай жасады. Ең алдымен, ол әйгілі Отырар кешені, Берел Патшалық қорғаны, Тамғалы, Бесшатыр қорғаны т.б.

Кеңес дәуірінен кейінгі кеңістікте алғаш жасалып отырған осы жанды жоба саясаттың ішкі және сыртқы маңызды міндеттерін шешуге бағытталған: Қазақстанның ғылыми жетістіктері мен тарихи-мәдени байлығын паш ету, интегративті байланыстарды кеңейтіп, нығайту, халықаралық туризмнің инфрақұрылымын жасау және ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра Конвенциясын жүзеге асыру.

Аталмыш Форум қоғамның мәдени өмірінде елеулі оқиға болмақ. Жаңа ашылған жаңалықтар қазақтардың тарихи-мәдени мұрасын жаңғыртып, бұдан кейінгі де шығармашылық ізденістерге шабыт береді деп ойлаймын. Конференцияға қатысушыларға еңбектерінің жемісті болуын тілеймін!

ЖАҒАНДАНУ ПРОЦЕСІНДЕ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТТЕРДІ САҚТАУ

И.Н.Тасмағамбетов –

*"Мәдени мұра" Мемлекеттік бағдарламасын
жүзеге асыру жөніндегі Қоғамдық кеңестің төрағасы, саясат.ғыл.д.*

Таяуда ғана адамзат әрі үреймен, әрі үмітпен үшінші мыңжылдыққа аяқ басты. Кейбір қауіп-қатерлер де негізсіз болмады. Егіз мұнараларға "Боинг" ұшақтарының соқтығуы өркениеттер қақтығысының дәлелі болды. Терроризмнің арқырап, тұрпайы түрде ұлттық шеңберден тыс шығуы батыс әлемін естен тандырды. Ал кейбір шығыс елдері тұрғындарының соншалықты зұлымдық әрекетті алақайлап қарсы алуы, бір жағынан, батыс өркениетінің басқыншылыққа бойлауының дәрежесін көрсетеді.

Менің ойымша, өзіндік рухани өріс пен мәдениетті сақтау қажеттілігі адамдарды іштей қарсылық білдіруге әкеледі. Ал біз бұл қарсылықтың терроризм мен діни экстремизм сияқты құбылыстарда іске асқанын көріп отырмыз. Мұның өзі жаһандану процесіне неғұрлым жайлы ену механизмдерін іздеуді талап етеді. Қазақстан үшін бұл мәселелерді шешуде "Мәдени мұра" Мемлекеттік бағдарламасы маңызды рөл атқарады.

Мәдени мұра дегеніміз не? Әдеттегі сана үшін бұл ұғым мұражайлар, арнайы қорлар туралы елес тұғызады. "Мәдени мұра" ұғымының кең анықтамасы бар, себебі "мәдениет" термині кең мағынаны қамтиды. Сондықтан "Мәдени мұра" аясына адамзат өмірінің көріністері – саз өнері, бейнелеу, сәулет өнері, ауызекі-поэтикалық, жазба әдебиет, философия кіреді. Мысалы, Сингапур премьер-министрі Ли Куан Юдың айтуынша, этникалық қытайлықтардың қытай тілін пайдалануы құнды мәдени мұраны сақтауға септігін тигізеді. Бұл пікір жөнді, себебі басты мәдениет түзуші құндылықтың өзі, халықтың тілі. Тіл болмыс мекені деп М.Хайдеггер тегін айтпаған. Біз бұл анықтаманы "тіл – адамзаттық әлеуметтік жады" деп толықтырар едік.

Шын мәнінде, мәдени мұра – бұл жады. Қоғам, мәдениет үшін әлеуметтік маңызды ақпаратты кез келген түрде, кез келген құрал арқылы сақталуы қажет. Халықтың өткен тарихи жолы оның әлеуметтік жадында жатталып, мәдениетінің дәстүрлі ұстанымдарын қалыптастырады. Әрбір мәдениеттің тарихы – ұмыт қалдыратын уақыт күшіне қарсыласатын тарихи жады.

Әлемдік өркениеттің ізгі құндылықтары мен өз халқының жетістіктеріне ұрпақтардың қолы жетпеген уақытта осы тарихи жадыны жоғалту бізді рухани қараңғылыққа әкелді. Көрнекті тарихи қайраткерлердің, ойшылдардың, тарихшылардың, құқықтанушылардың т.б. көптеген еңбектеріне тыйым салып, жарыққа шығармау талпыныстары белгілі. Қазақстан тәуелсіздік алғалы шынайы руханият пен тарихи

жадыны жандандыру және жалпы адамзат өркениеті құндылықтарының арнасына қосылудың уақыты келді.

Таным шөлін басудың қажеттілігі туындады. Бұл істі бұрмалаудан аулақ болып, жаңа мифтердің пайда болуына жол бермей, қазіргі ақпараттық өркениеттің әдіснамасы мен құндылықтарының талаптары деңгейінде атқару тиіс. Сондықтан өткен ұрпақтың рухани мұрасын игеру, тарихи жадыны қалпына келтіру еліміздің гүлденуіне, қоғамның рухани дамуына мол мүмкіндік береді.

Қазақ халқының мәдени мұрасын жандандыру негізінде бүгінде ұрпақ жадында қазақ даласының Абылай, Бұқар жырау, Кеңесары, Махамбет, Мағжан, Шәкәрім және т.б. даналарының аттары жаңғырып жатыр.

Әрбір мемлекеттің өркениеттілігі ең алдымен оның мәдени мұраға деген көзқарасымен анықталады. Қазақстанның мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатына екі түрлі міндет жүктеледі: бір жағынан, өзіндік этникалық мәдениетті дамыту мен қолдауға бағытталған шаралар кешенін дайындау қажеттілігі; екінші жағынан, оңтайлы даму және біртұтас жалпы адамзат мәдениетіне ауыртпалықсыз кіру үшін жағдай жасау.

Мәдени мұраға ұқыпты қарау мен басқа мәдениеттің құнды элементтерін қабылдау – адамзат өркениеті дамуының сара жолы. Өркениеттің негізгі жетістіктері осы жолда қаланды. Мысалы, IX–XIII ғ. басындағы ортағасырлық мұсылман мәдениетінің, басқаша айтқанда, Ислам Қайта Өрлеу мәдениетінің жетістіктерін мақтан етеміз. Осы кезеңде Екінші ұстаз атанған әл-Фараби өшпес трактаттарын жазды. Ибн Сина медицинаға арналған 12-томдық еңбегін бітіріп, Қожа Ахмет Иасауи адам руханиятын бұрын шықпаған биігіне көтерді. Орталық Азияның қалалық мәдениеті сол кездің материалды және рухани мәдениетінің ең озық үлгілерін берді. Бұл феноменді зерттеушілер осы мәдениеттің гүлденуіне себепкер факторлардың (араб, иран, түркі мәдениетінің синтезі; Ұлы Жібек Жолының рөлі; сол кездегі көшпелі өркениет динамикасы; исламның өркениет түзудегі рөлі; тәңіршілік, зороастризм, манихейлік басқа да автохтонды діндердің рухани мүмкіндігі және т.б.) көптігін көрсетеді. Бірақ, мен адамзаттың мәдени мұрасын аударуға байланысты бір ғана жайға тоқталып өткім келеді. Халиф әл-Мамунның Араб халифатының астанасы Бағдат қаласында Ғалымдар үйін ашып, көне грек ойшылдарының негізгі шығармаларын араб тіліне аударуын сұрағаны белгілі. Мұның өзі мәдениеттер қарым-қатынасының тұрақтануы арқасында гүлденуіне септігін тигізді.

Мәдени мұраны жандандыру мәселелері халықтың өзінің рухани болмысымен тығыз байланысып, оның өмірлік мәнді қырларын қозғайды. Мәдени мұра – бір ұрпақтың екіншіге қалдырар өсиеті. Француз моралисі де Шамфор айтқандай: “Қоғам ақыл-оймен қаруланбаса, сезіммен жігерленбесе, онда шынайы қайырымдылық орнап, ардақты ойлармен алмаспаса, қоғам мүшелері одан не көреді? Біресе жәрмеңкені,

бінесе ойынхананы, бірде тұрақтау орнын, бірде ұры-қарылар мекенін көреді". Алайда біздің жадымызда ата-бабалардың өшпес туындылары сақталды.

Өз әрекеттерін және дүниеде болып жатқанның бәрін жалпы талпыныс пен адамзаттың біртұтас шығармашылығы ретінде түсініп қабылдаған көне көшпенділердің пікірі дұрыс-ақ. Өткен мен болашақ қазіргі уақытпен ұштастырылған. Еліміздің дамуының ұзақ мерзімді стратегиясындағы мәдени мұраның рөлі мен орнын талдау әлеуметтік-мәдени динамиканы, дәстүр мен жанашыл үрдістердің межесін айқындады. Белгілі ғалым Мелвилл Херскович олардың өзара әрекеттесуінің үш түрін атап көрсетеді:

1) жаңашылдыққа қарсыласу, оны қабылдамау, ескі дәстүрлер мен құндылықтарға қайта оралу;

2) жаңа құндылықтар мен салттарды қабылдау негізінде ескі дәстүрлердің күйреуі;

3) жаңаны түрлендіріп, оны дәстүрге сай қалыптастыру.

Егер дәстүрлі мәдениетте өркендеу мен даму құндылықтары, жаңашылдық элементтері орын алса (немесе оған жеңіл енгізілсе), онда мұндай қоғам әлеуметтік-саяси философия тілінде алдыңғы қатарлы дәстүрлі қоғам деп аталады. Жаңа құндылықтарды ұлттық-мәдени өзіндік болмысымен ұштастыру қазіргі өркениетке енудің оңтайлы жолын айқындайды. Мәдениет саласындағы түбегейлі саясаттың өзекті белгісі неғұрлым толық Жапонияда көрінді. Оңтүстік Шығыс Азияның "жас айдаһарларының" экономикалық өркендеуі кең етек алып, Қытайды модернизациялау барысында өміршеңдігін дәлелдеді.

"Мәдени мұра" Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруда Қазақстан осы тәжірибені ескеруі тиіс. Сонымен қатар, бодаудан, тоталитаризмнен арылған елдердің практикасында мәдени мұраны мәдени-ұлттық өзіндік болмысты шектен тыс дәріптеу арқылы жандандыру, реформалау барысында Шығыс пен Батыстың, Солтүстік пен Оңтүстіктің арасында жаңа "Қытай қорғанын" салу жайлары кездеседі. Шығыс мұсылман елдерінде діни сипаттағы ұлтшылдық ұранымен қазіргі жаһандануды қабылдамау, негритюдтың африкалық теориялары, Чучхэ идеялары өзінің тиімсіздігін көрсетіп, мәдениетке, экономикаға, қоғамға теріс ықпалын тигізеді.

Елімізде "Мәдени мұра" бағдарламасы жаһандану мен Батысқа еліктеу процестерінің қарқындауы жағдайында жүзеге асуда. Өткен ғасырда жаһандану процесі мәдениеттердің бірыңғайлануына әкеліп, Батыс моделі жалпыға ортақ болады деп саналды. Бірақ Батыс мәдениетін игеру процесінің өзі қарама-қайшы нәтижелер бере бастады. Шығыс мәдениеттерінің қатысуымен дүниеге келген Батыс өркениеті этникалық мәдениет шегінен шығып, әмбебап маңызға ие болуға талпынды. Шығыс мәдениетінің идеалдары (үйлесімдік сезімі, табиғат пен адам арасындағы үндестік, қарама-қайшылықтардың бітімге келуі, дінге

сенушілік және т.б.) Батыс мәдениетіне ақыры сіңе алмай, тұлғаның Батыс емес типін қалыптастырудың алғышарты болып табылды.

Тарих үйреткендей, өзіндік болмыс өрісін кеңейту үшін әрбір өркениет басқа мәдениетті өзіне теңдес деп танып, оның тәжірибесін қабылдауы қажет. Белгілі ағылшын тарихшысы А.Тойнби айтқандай: "Мәдени элемент - өркениеттің жаны, ханы, лимфасы, мәнісі... Өркениет мәдени дамуының ішкі күшін жоғалта бастағанда, ол біртіндеп басқа әлеуметтік құрылымның элементтерін сіңіреді. Бөгде мәдениет ықпалының өрісіндегі өркениет үшін экономикалық немесе саяси саладан гөрі, мәдени әсер неғұрлым пайдалы". Бұл тезис Қазақстан үшін де тиімді.

Әрбір мәдениет үшін өзін басқа мәдениет тұғырынан көру маңызды. Өркениеттер диалогында ғана әрбір мәдениет өзінің бірегейлігіне ие болып, өз бастауларын табады. Мәдени мұраны қабылдау барысында шынайы құндылықтар өзектеніп, жалғандары маңызын жоғалтады.

"Мәдени мұра" бағдарламасы уақытпен үйлесіп, әлемдік өркениет арнасында келеді. Жеке алғанда БҰҰ әлем мәдениеті мен ХХІ ғ. мәдени құндылықтары жөнінде нұсқаулар қабылдады. БҰҰ құжаттарында түрлі халықтардың мәдени мұраларымен алмасуына көңіл бөлінген. Мұның өзі жаңа әлемдік тәртіп құрудың маңызды элементі болып табылады. Әлем мәдениеттері арасындағы алмасуды қолдай отырып, жаңа тәуелсіз мемлекеттерге қол ұшын бере, БҰҰ дүниеге алуан түрлі мәдени байлықты паш етеді.

Ха ғ. қаралық ынтымақтастықтың нәтижесінде "Адамзаттың" жалпы мәдени мұрасының тұжырымдамасы жасалды. Осындай игі шаралар дұшпан бейнесін жойып, өзара түсіну мен сенімді нығайтады.

Әрбір адам балалық шағында салтанатты шаралар өткізілгенде ұлттық әдет-ғұрыптармен, салт-дәстүрлермен танысады. Мұның бәрі ерте заманнан ауызша ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып келеді. Адамзат мәдениетінің тарихын мыңжылдықтарға ұзаған жетістік пен қасірет жолы деп түсінуге болады. Адамның, халықтың, адамзаттың қалалар, елдер арқылы, бүкіл ғаламшар арқылы өтетін ізденіс жолы.

Тарих және мәдениет ескерткіштеріне көзқарас – рухани көрегендіміздің, ішкі еркіндігіміздің көрсеткіші. Еркіндігімді сақтап қалу үшін, қарама-қайшылыққа, толы жетілмегені көп осы әлемде мінез-құлықтың қандай желісін таңдауым қажет? Басынан онтологиялық құрылымданбаған бұл әлемде өзіндік адами болмыс үшін өзін-өзі бекіту мақсатында адамға тірек қажет. Бұл тірек қызметін көп заттар атқарады. Қазіргі кезде жан-жақты гуманитарлық білімділік өзін-өзі бекітуге де-меу алады.

Тұлға даңқы білімділікпен негізделеді. Тұлға бостандығы мен жетістіктерін мәдени мұраны игеру нәтижесінде алынған мол білім ғана қалыптастырады.

Өткенді, табиғатты, ғарышты өз өмірінің бір бөлігіндей сезінетін білімді адам – ерекше адам.

"Диалог" - қазіргі ғарыш - ғаламшар тұжырымдамалырының негізгі категориялары. Адамды бәрімен және барлығымен байланыстыратын категория. Диалог және тұлғаның саналы, рухани, ғылыми, құқықтық ұстанымы. Диалог "мен басқаша ойлаймын, бірақ сіздің ойыңыз маған түсінікті және пайдалы" формуласы бойынша жүргізіледі. Диалог жүргізу қабілеті – осынау күрделі, қарама-қайшылыққа толы әлемді өзінікіндей тану қабілетіне жауапты болу.

Біз қазіргі гуманистік түсініктің түйінді қасиетінің бірі – жауапкершілікті қарастырып отырмыз. Әдеттегі сана үшін жауапкершілік дегеніміз не? Қоғам немесе отбасы жүктеген ауыр міндет пе? Жауапкершілік пен парызды асқақ ұлы сөз ретінде таныған И.Канттың өзі де жауапкершілікте адам қызығарлық ешнәрсе жоқ деп санады. Себебі ол адам бағынуға міндетті заң қағидасы. Мысалы, жауапкершілік Бахтин үшін – басқа адамдармен, өнермен, ғылыммен, мәдениетпен жанды байланыс. Басқаша айтқанда, жауапкершілік – бұл менің әлеммен байланысым, мен өзімді жоғалтпаймын, керісінше, өз білім аясын кеңейтемін. Осылай түсіндірілетін жауапкершілік арқылы адам тұлға тұтастығына, басқа әлеммен бірегей болуға қол жеткізеді.

Басқа идеялар уақытқа қатысты сұраныс пайда болғанда қабылдана бастайды. Төл немесе өзге мәдениет идеялары өткен ғасырларда туындаса да, жаңа жағдайларда басқа сипат алып, басқа мақсаттарға қызмет етеді. Міне, осындай сабақтастық арқылы адами қарым-қатынастарды жетілдіру сияқты негізгі компоненті бар мәдени-тарихи прогресс іске асады.

Адамзат өзінің ынтымақтастығын іздейді. Қазіргі диалогтар өткен дәуір ізгілігінсіз мүмкін емес.

XX ғасыр өркениеттің түбегейлі белгілерімен: ақпараттық технологиялармен; бәрін қамтитын бұқаралық ақпарат құралдарымен; урбандалу, демократияландыру жетістіктерімен, жаһандану-интеграциялық процестердің бастамасымен ерекшеленеді.

Қазіргі ақпараттық-урбанистік өркениеттің жалпы стандарттауға, ұлттық және діни ерекшеліктерін нақтылауға, рухани құрылымдарды үндестіруге бет алысының негізінде ұлттық сана жанданып, халықтардың мәдени теңдігін сақтау мен жаңғыртуға талпынысы артады.

Бірақ, өкінішке орай, ұлттық қайта өрлеу процестері барлық жерде ойдағыдай жүрмейді. Нәтижесінде ұлттық жанданудың кейбір көріністері кейде азаматтық және халықаралық әлемге қауіп төндіреді.

Түбегейлі өзгеріс кезеңдерінде қоғамда түсінісу мәселесі өзектенеді. Г.Гадамердің пікірінше, "аймақтар, ұлттар, одақтар, ұрпақтар арасындағы өзара түсіністік талпынысы сәтсіздікке ұшырағанда бұл мәселе айқындала түседі". Қазіргі қарбалас кезеңінде өзіндік ұлт шеңберінде шектелмей, белгілі бір халықтың архаикалық түсінігін ғана сақтап қоймай, оның мәдениетінің қарым-қатынастық мүмкіндігін ашуды қарастырады.

Осы көзқарасқа сәйкес ұлттық мәдениеттің дамуы және жаһанданду-дың тереңдейтін процесі арасында ешбір қарама-қайшылық жоқ. Екі сәтті түсіну қажет. Біріншіден, бүкіл адамзаттың рухани өрісін кеңейту-ге негізделген объективті шынайылықты ескеру керек. Екіншіден, әрбір ұлттың басқа құндылықтар ұстанымдарын қабылдауға немесе қабылда-мауға құқы барын ұмытпаған жөн.

ҚОҒАМДЫҚ ҒЫЛЫМДАР ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӘДЕНИ МҰРАСЫНЫҢ ЖАНДАНУ МӘСЕЛЕСІ

Т.С.Садықов –

*Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры, ҚР ҰҒА Қоғамдық және гуманитарлық
ғылымдар бөлімшесінің төрағасы, ҚР ҰҒА академигі*

Бүгін Қазақстанның Ұлттық академиясы қабырғасында республика-ның қоғамдық-мәдени және ғылыми өмірінде маңызды әрі елеулі оқиға болып отыр. Осыдан екі жыл бұрын жасалған "Мәдени мұра" атты орта мерзімді мемлекеттік бағдарлама жоғарғы өкімет деңгейінде көптен күткен әрі дер кезінде қабылданған шешім болып табылады. Осы кешенді пәнаралық бағдарлама тарих, этнография, фольклортану, көне жазба дереккөздері бойынша ғылыми еңбектерді жүйелі зерделеп, жинақтап, басып шығаруға, сондай-ақ мәдениет пен өнер ескерткіштерін археоло-гиялық тұрғыдан зерттеуге, қалпына келтіруге, сақтауға және мұражайландыруға бағытталған.

Өзімізге белгілі, мәдени мұра Қазақстандағы интеграциялық процестердің маңызды факторы, ұлттық және мемлекеттік танымды қалыптастыру компоненті болып табылады. Археология, сәулет өнері, көне өнер, әдебиет, жазбаша өнер туындыларының ескерткіштері халық киесіне айналуы тиіс, өйткені олар руханиятты сақтап, ұлттың өнегесін өсіреді.

"Мәдени мұра" бағдарламасы халық тарихы, мәдениетті дамыту мәселелеріне мемлекеттің басты назар бөлетіндігінің тағы бір айғағы болып табылады. Ол еліміздің егемендігін, қазіргі қазақстандық қоғам-ның рухани бірлігін нығайтуға бағытталған.

Бұл бағдарлама – ұлттық мәдениет пен руханиятты, халықтың ұлттық ой-өрісін жандандыруға бағытталған мемлекеттің ірі бастамаларының қатарында: Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 1996

жыл "Отан тарихының жылы" деп жарияланған, 1997 жыл – Жалпыұлттық келісім мен саяси репрессия құрбандарын еске алу жылы, 1998 жыл – Бірлік пен ұрпақ жалғастырушылық жылы, 2000 жыл – Мәдениетті қолдау жылы, 2004 жыл – "Мәдени мұра" бағдарламасы. Оған қоса, Қазақстан 1991 жылы тәуелсіздікке ие болғаннан бастап әл-Фараби, Қорқыт ата, М.Х.Дулати, Абай, Жамбыл, М.Әуезов, С.Мұқанов сияқты қазақ халқы ғұламаларының, Тараз, Түркістан қалаларының мерейтойларын және т.б. есте қалар оқиғаларды атап өту орын алып келеді.

Қоғамдық және гуманитарлық ғылым салалары осы жалпыұлттық деңгейдегі шаралардың ғылыми және ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етілуінің негізгі факторлары болып табылады.

Оның себебі неде? Қазіргі таңда егеменді Қазақстан бастан кешіріп отырған ауыспалы кезең жағдайында қоғамдық ғылымдар транзиттік қоғамның стратегиялық міндеттерін шешуге ықпал жасауға, ғылыми, мәдени, рухани және саяси қайта жандануға қоғамның азаматтық тұрғыдан құрылуына, ХХІ ғасырдың гуманистік құндылықтарын нығайту мен дамытуға жұмылдырылған.

Осы объективті алғышарттар ірі мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларды бастау мен жүзеге асыру бойынша қоғамдық және гуманитарлық ғылымдардың жаңа белсенді рөлін анықтайды.

Алғашқы рет "Мәдени мұра" атты жалпы ұлттық бағдарлама аясында Қазақстан және бірқатар шекаралас мемлекеттер жерінде Қазақстанның мәдени-тарихы мұрасын жинақтау, зерттеу, сақтау, көбейту және үгіттеудің барлық бағыттары бойынша мемлекеттік тілде гуманитарлық білім берудің толыққанды қорын құру бойынша кең көлемді теңдесі жоқ шаралар өткізіліп жатыр. Ежелгі және ортағасырлық дәуірдің бірегей артефакттары алынып, зерттеліп жатыр, қазақ халқының көптеген оқиғаларының сырын ашатын бұрын бейтаныс болып келген жазба дереккөздері шетел мұрағаттары мен қорларынан алынып, ғылыми айналымға енгізілуде.

Бұл кезеңде Францияның, Германияның, Түркияның, Қытайдың, Ұлыбританияның, Ресейдің, Өзбекстанның және өзге де елдердің кітап қорларына, мұрағаттарына, кітапханаларына, ғылыми орталықтарына 30-дан астам шетелдік археографиялық, мәдениеттанушылық экспедициялар мен іссапарлар жүргізілді. Олардың нәтижелері қазақ халқының тарихы, философиясы, құқығы, мәдениеттануы, әдебиеті, өнері, халық ауыз әдебиеті мұралары бойынша энциклопедиялық еңбектер мен көптомдық академиялық еңбектерді басылымға дайындап, жариялау саласындағы ғылыми жаңалықтар мен ірі жетістіктер болып табылады. Бұл жайында Бағдарламаның тақырыптық секция басшылары толық әрі қызықты баяндама жасайды. Мен өз баяндамада ғалымдарымыздың көп қырлы іс-әрекетінің кейбір маңызды бағыттарын атап өтпекпін.

Сонымен, "Археология" секциясы бойынша жоспарлы археологиялық қазбалар, қалпына келтіру және зерттеу жұмыстары жүрізілуде. Қазақстанның 14 облысындағы палеолиттен бастап, орта ғасырларға дейінгі материалдық мәдениеттің 29 ескерткіші анықталып, зерттелді, жалпы алғанда, археологиялық экспедициялар Қазақстанның барлық территориясын қамтыған. Белгілі ғалым, археолог Самашев Зейнолла Самашұлының басшылығымен өткен кешенді археологиялық экспедиция жұмысы осы жылы атақты Берел Қорғанынан алыс емес жерде Қазақстандық Алтай өңіріндегі әлем деңгейіндегі жаңалыққа ие болды: мәңгі тоң жағдайында жақсы сақталған артефакттар табылды. Осы іздеулер болашақта Алтайдың белгілі пазыр мәдениетін, басқа да ежелгі тарих пен мәдениет мәселелерін жүйелі түрде зерттеуге жаңа әдіснамалық тәсілдерді ғылыми тұрғыдан негіздеп, енгізуге мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда біз осы жаңалық күәгерлерінің алғашқылары қатарындамыз.

Алматы, Қызылорда және Солтүстік Қазақстан облыстарының үш "Тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинағы" күмәнсіз жетістік пен маңызды ғылыми жаңалық болып табылады. 1997 жылы "Оңтүстік Қазақстан облысының тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинағы" жарық көрген кезде, жинақтарды басылымға дайындап, шығару жұмыстары қаржыландырудың болмауы себебімен тоқтатылғандығын ескерсек, қазіргі таңда бұл мәселе мейлінше өзекті болып отыр.

Көпұлтты әдебиет пен жазбалардың сан ғасырлық тәжірибесін сақтау мен жалпылау, көркем, ғылыми және биографиялық серияларын шығару міндеттеріне Қазақстан Республикасының "Мәдени мұра" атты бекітілген орта мерзімді бағдарламасының сәйкес бөлімшесі арналған.

Әдебиет пен өнер саласында "Бабалар сөзі" 100-томдық бірегей жинақ даярлану үстінде. Оның он томы жарық көріп, келесі он томы баспаға дайындалды.

Орыс тілінде 20-томдық "Ежелгі дәуірден бастап бүгінгі заманға дейінгі қазақ халқының философиялық мұрасы" және қазақ тілінде 30 томдық "Әлемдік философиялық мұра" атты еңбектерді дайындау мен басып шығару бағдарламасы сәтті жүзеге асырылуда. Шығыстың ұлы гуманисі Әбу Насыр әл-Фарабидің кейінгі жаңа ғылыми түсіндірмелермен қамтылған 10-томдық шығармалар жинағы әлемдік фарабитану ғылымына жаңа тұжырымдамалық тұрғыдан қомақты үлесін қоспақ.

Республиканың жетекші тіл мамандары күш-жігерлерін біріктіре отырып негізгі академиялық сөздіктер сериясын жасауда. Өткен жылдың аяғында "Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі" жарық көрді (50 баспа табақ). Диалектологиялық, Орфографиялық сөздік және Қазақ тілінің синонимдер сөздігі баспаға өткізілді. 15-томдық Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін дайындау мен басып шығару — ірі ғылыми жетістік, түрлі ғылым салаларындағы мамандар үшін, әсіресе жас ғалымдар үшін жақсы демеу болып табылады.

Қазақстанда әлемдік академиялық ориенталистиканың негізгі бағыттарының бірі – шығыс археографиясын дамыту жөніндегі Шығыстану археографиялық экспедициясы бекітіліп, жұмыс істей бастады. Шағатай, маньчжур, ойрат, монғол және қытай тілдерінде жазылған ҚХР № 1 тарихи мұрағатында сақтаулы Қазақстанның тарихы мен мәдениеті жөніндегі жаңа материалдар табылып, ашылды. Бұл тарихи құжаттар еш жерде әлі зерттелген жоқ. Жалпы алғанда, ғылыми айналымға 3500-ден астам мұрағат құжаттары енгізілуде.

"Әлемдік тарихи ой" атты 10-томдық серияны құрастыру жұмыстары аяқталып, оны жоспарлы түрде қазақ тіліне аудару жүзеге асырылуда. "Тарих, тарихнама" секциясының жұмысы XII-XX ғғ. ежелгі, антикалық, орыс және батыс дереккөздерінен тұратын Қазақстан тарихы бойынша кешенді дереккөз базасын қалыптасыруға бағытталған.

Елдің егемендігін қалыптастырып, дамыту үшін маңызды әрі өзекті болып табылатын ғылыми нәтижелер Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасы арқылы да алынды. Нақтырақ айтсақ, Ұлттық кітапханаға "Ежелгі Қытай дереккөздеріндегі қазақтар туралы материалдардың" 2 томы, Ресей мемлекеттік кітапханасынан, Еуропа елдеріндегі кітапханалардан сирек кітаптардың көшірмелері, 478 атауды қамтыған бірегей "Қазақ кітабының библиографиясы" әкелінді.

"Мәдени мұра" Бағдарламасының көп жоспарлы жұмысы тарих, этнография, археология, шығыстану, мәдениеттану, әдебиеттану, өнертану, тіл білімі, философия, саясаттану, психология т.б. ғылым салаларындағы іргелі зерттеу бағдарламаларының негізгі бағыттарымен сабақтасады.

Сонымен қатар бұл бағдарлама мынадай өзекті ғылыми мәселелерді алға қойып, оларды әрі қарай дамытуға зор шығармашылық шабыт берді: қазақ және басқа да түркі халықтарының этногенезі мен антропогенезін түбегейлі зерттеу, ұлттық әдебиет пен өнердің көркемдік-эстетикалық өзгешелігі мен типологиясы; қазақ тілінің нормативті сөздіктерінің академиялық сериясын құрастыру; қазақстандық фарабитанудың өзекті мәселелері, Шығыс өркениеттерінің Қазақстанмен қазіргі заман талабына сай тарихи-мәдени байланысы және т.б. ғылыми бағыттар.

Соңғы бірнеше жыл ішінде біздің ғалым археологтарымыз "Ұлы Жібек жолы тарихи орталықтарын жандандыру, түркі тілдес мемлекеттердің мәдени мұрасын сақтау мен дамыту ісін ұрпақтан ұрпаққа жалғастыру, туризм инфрақұрылымын құру" атты Мемлекеттік бағдарламасын дайындауда. Сондай-ақ, "Мәдени мұра" Бағдарламасы аясындағы археологиялық жұмыстар Қазақстанның ежелгі және ортағасырлық қала мәдениеті туралы мәліметтерді объективті түрде толықтырып, кеңейтеді.

Қазақ халқының тарихи ескерткіштерін қалпына келтіру жұмыстары халықаралық деңгейде де танылатынын айта кетуіміз керек. Отырар,

Арыстан-Баб т.б. кешендер ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік Мәдениет тізіміне енгізілген, бұл олардың Қазақстан мен Ортаазиялық аймақ үшін ғана емес, бүкіл әлем қауымдастығы үшін маңызы зор екендігінің бірден-бір айғағы. Биыл Ұлттық кітапхана тарапынан "Әлем зердесі" атты халықаралық тізімдемесіне Қожа Ахмет Яссауи мен шәкірті Бақырғанидің бес бірегей қолжазбасы ұсынылды. Оған қоса ЮНЕСКО бойынша қазақтың "Қыз Жібек" эпосының адамзат мәдени мұралары өнер жәдігерлерінің Үшінші Прокламациясына енгізу туралы досье-номинация дайындалып, жіберілді.

Еуразия континенті көлеміндегі мәдениеттер диалогы мәселесіне деген жаңа тұжырымдамалық тәсілдердің ғылыми негіздемесі, қазақ халқының, Қазақстанның басқа да халықтарының тарихы мен мәдениеті бойынша жаңа дәлелді және материалды базаны анықтау мен ғылыми айналымға енгізу қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының басым бағыттарын болашаққа объективті түрде негіздейді.

Түбегейлі зерттеулердің келесі үшжылдық кезеңінде қазақстандық қоғамды жеделдетілген модернизациясы жағдайында сапалы жаңартудың мәдени-өркениеттік негіздерін жан-жақты терең және жүйелі зерттеуге ерекше назар аударылады. Бірқатар өзекті ғылыми бағыттар бойынша, олардың ішінде әлемдік өркениеттің бірегей сынары ретіндегі еуразиялық мәдениетті қалыптастыру мен дамыту мәселелері жөнінде ғылыми ізденістердің жаңа әдіснамалық әрі тұжырымдамалық парадигмалары ұсынылады. Әсіресе Еуразияның дала өркениеті деп аталатын, Қазақстан мен Орта Азиядағы интеграциялық процестерді зерттеуге ерекше көңіл бөлінеді.

"Мәдени мұра" Бағдарламасын орындау аясындағы ғылыми ізденістердің нәтижелері көрсеткендей, пәнаралық және салыстырмалы-болжамдық зерттеулер әлі де басым әрі тиімді болып келеді. Кешенді мәліметтер зерттеулердің жаңа бағыттарын ашуда. Алынған зерттеулердің барлығы дерлік, табылған ежелгі және ортағасырлық кезеңдердегі жазба дереккөздер қазақ халқының тарихы, мәдениеті, жазбасы, философиялық көзқарастары, әдебиеті, өнеріндегі "ақтандақтардың" орнын толтыруда. Соңғы бірнеше жыл ішінде қазақстандық археологтар Берел қорғанындағы мумияландырылған қалдықтардың ДНК құрылымын зерттейтін микробиолог ғалымдармен, молекулярлы биология мамандарымен бірлесіп белсенді жұмыс істеуде.

"Мәдени мұра" Бағдарламасы күрделі интегралды ғылыми пән – мәдениеттану аясындағы зерттеулерді түбегейлі жаңа деңгейге көтеріп, өзектілігін арттырды. "Мәдениеттану" секциясы жұмыстарының ішінде 10-томдық "Әлемдік мәдениеттанушылық ой" антологиясы, әсіресе "Қазақстанның қазіргі мәдениеттанушылық парадигмалары" атты инновациялық жоба маңыздылығымен ерекшеленеді.

Халықаралық ғылыми ынтымақтастық шеңберінде Ресей, Франция, Америка, Тәжікстан, Жапония ғылыми институттары орталықтарымен бірлесіп, ірі ғылыми жобалар жасалуда. Мәселен, археология Институты ЮНЕСКО мамандарының қатысуымен Отырар кенті мен Тамғалы петроглифтері кешенінде консервациялық жұмыстар жүргізіп жатыр. Отырар бойынша "Ежелгі Отырардың жандануы" атты жеке халықаралық жоба жасалуда.

Оған қоса, Азия елдері академияларының Бас Ассоциациясы тарапынан Стамбулда келесі жылдың ақпанында Азия елдерінде мәдени мұраны басқаруды жетілдіруге бағытталған саясат мәселелері бойынша отырыс өтеді. Қазіргі таңда мәдени мұраны меңгеру саласындағы сол отырысқа қатысушы әр мемлекеттің соңғы жетістіктерін көрсететін арнайы шолу құжаты дайындала басталды. Осы тұрғыдан Қазақстан Республикасы ұлттық тарихтың бірегей тарихи-мәдени, жазба және сәулет өнері ескерткіштерін жандандыру және оларды шығармашылық тұрғыдан меңгеру арқылы ұлттың рухани-өнегелі потенциалын сақтап, дамытудың мемлекеттік деңгейдегі нақты бағдарламаларды қабылдайтын аймақтық көшбасшылардың бірі екендігіне күмәнім жоқ. Оның айғағы "Мәдени мұра" Мемлекеттік бағдарламасы болып табылады.

Сонымен, әлі шешімін таппаған бірқатар өзекті ғылыми және ғылыми-ұйымдастырушылық мәселелерге тереңірек тоқталып кеткім келеді.

Біріншіден, өздеріңізге белгілі, бағдарламаның негізгі мақсаттарының бірі гуманитарлық білім берудің толыққанды қорын құру болып табылады. Шынымен, ірі ғылыми жетістіктерге қол жеткізілді. Алайда олар тікелей тұтынушыларға – студенттер, аспиранттар мен магистранттарға қалайша жетеді? Сарапталып алынған ғылыми нәтижелер уақыт жағынан бірқатар әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқыту тәжірибесіне дер кезінде енбей қалуының қаупі сақталып отыр.

Ғылымымыздың көптеген айрықша жетістіктері, әлем деңгейіндегі жаңалықтар көп жағдайда ескіріп қалған бағдарламалар бойынша білім алатын студенттер мен магистранттарға жеткізіле бермейтіні құпия емес. Белгілі бір нәтижелер сарапталып, бекітілгенінен кейін қазақстандықтардың жаңа буын өкілдері үшін объективті тарихи білімнің, мәдениеттанушылық этиканың қалыптасуына оңтайлы жаңа дереккөздерді оқу құралдарына жедел енгізудің тиімді механизмін реттеу қажет.

Ең алдымен ол тарихи пәндерге қатысты. Соңғы жылдарда отандық тарихи ғылымда халық тарихын әлем тарихының барысынан бөлек дилетанттық және тарұлттық тұрғыдан түсіндіретін этницизм белгілері жиі байқала бастады.

Ғылымдар жүйесінде тарих ғылымы ғана уақыттың үш шағын – өткенді, қазіргі уақытты және болашақты біріктіреді. Өткен оқиғаларды

түсінуде қателескен болсақ, қазіргі уақытты да жалған талдауға жол береміз, сондықтан болашақ даму бағытын бұрыс анықтау қаупі бар. Осыдан тарих ғылымына жүктелетін зор жауапкершілік айқындалады. Басқаша айтқанда, жаңа ғылыми мазмұнның сапасын көтеру және оны қазіргі гуманитарлық білімге енгізу жеделдігі мәселесі өзекті болады.

Екіншіден, мәдениеттанушылық бағыттағы пәндерді зерттеу әдістемесін қайта қарастыру қажет. Мамандардың көрсетуінше, мәдениеттану барлық мектептер мен жоғары оқу орындары үшін мамандықтарын ескерместен бірегейлендірілген бір ғана бағдарламамен шектелмеуі керек. Бағдарламалар мазмұны міндетті түрде мамандықтарға барынша жақындатылуы керек. Өкінішке орай, бүгінгі таңда мәдениеттану студенттер үшін мақсаты түсініксіз қосымша пән ретінде ғана қалып отыр.

Тікелей мәдениеттану саласында білім алушылар үшін кәсіби бағдар мен болашақ қызметтің міндеттері мәдени саясатты қалыптастырумен, мәдениет саласындағы процестерді мемлекеттік басқарумен, мәдениет саласындағы кәсіпорындарды тиімді ұйымдастырумен, басқарумен байланысты мәселелердің кең шеңберін зерттеуді қажет етеді. Мәдениеттанушылардың білік-дағдылары қолданыс табатын салалар – бұл ғылыми-зерттеу жұмысы мен оқытушылық қызмет, мұражай жұмысы, ұлтаралық және этносаралық қатынастар мәселелерімен айналысатын мемлекеттік құрылымдардағы жұмыс, кәсіпкерлік, туризм салаларындағы мәдениетаралық байланыстар мәселесі жөнінде кеңес беру т.б. болып табылады.

Үшіншіден, халықтың тарихи зердесін қамтитын ежелгі жазбаларды табу, ғылыми тұрғыдан сипаттау, жүйелендіру мен сақтау – гуманитарий ғалымдардың, тұтастай мемлекеттің алдында тұрған кезек күттірмейтін міндеттер. Бұл ретте арнайы республикалық мекеме – Кітаптар мен көне қолжазбаларды қалпына келтіру орталығын құру мәселесі өзекті болып отыр.

"Мәдени мұра" бағдарламасы сондай-ақ қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар саласындағы инновациялық технологияларды дамытып, зерттеу практикасына енгізу мәселесін көтерді. Қазіргі кезде ғылым саласындағы инновациялар – заман талабы. Дәл және жаратылыстану ғылымдары салаларындағы инновацияларды дайындау мен енгізу қарқындырудың, ғылыми нәтижелерді тәжірибеде іске асырудың қазіргі тетігі болса, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласында бұған жеткілікті назар аударылып жатқан жоқ.

Мысалы, отандық ғылымда электронды тахеометрлер (лазерлік теодолиттер) қолданысқа енді еніп келе жатқан құбылыс. Батыста бұл құрылығысыз сапалы құжаттаманы жинақтау процесін түсіну мүмкін емес.

Мәдени мұраға кешенді зерттеу жұмыстарын жүргізетін батыс университеттері мен мемлекеттік емес компанияларда компьютермен қамсыздандырылған зерттеу бөлімдері бар, олар зерттеу мәліметтерін терең, әрі дәл қарастыруға мүмкіндік береді. Мамандардың осындай тобы ескерткіштерді емес, ескерткішті зерттеу мүмкіндіктерін анықтау мақсатында компьютерлік сандық жүйені зерттейді. Ғылым саласында компьютерді қолдануда отандық мамандардың іс-әрекеті көбінесе мәтіндік құжаттар мен фотобейнелерді сандық жүйеге көшіруге шоғырланған.

Көне және ортағасырлық материалдық мәдениетке, сондай-ақ, жазба ескерткіштерге жүргізілетін қазақстандық зерттеулер үшін жаңа компьютерлік бағдарламалар жасау керек. Оны теориялық тұрғыдан игеретін, тәжірибе жүзінде іске асыратын арнайы ғылыми-техникалық топтарды құрған жөн. Осының бәрі ғылыми жұмыстардың дәлелді базасын толықтырып, зерттеудің көп құрамды жүйесін объективті түрде құрастырады. Тарих, археология саласында ГАЗ (геоақпараттық жүйе) және САД (компьютерлі жартылай автоматты дизайн) сияқты жаңа ақпараттық технологиялар мен компьютерлік бағдарламаларды қолдану саласында көшбасшы болып табылады.

Сызба, сұлба және басқа да графикамен айналысатын мамандар аталған компьютерлік бағдарламалар сериясын кеңінен қолданады. Қазақстан ғалымдарына бұл жүйелер кеңінен танымал, бірақ оларды тәжірибеде қолдану сирек кездесетін құбылыс.

Негізінен бұл бағдарламаларды Қазақстанда жұмыс жасайтын шетелдік мамандар қолданып, ғылыми нәтижелерін жариялайды.

Терминологияны әр түрлі түсіну, терминдерді унификациялау (әсіресе, Қазақстан тарихын хронологиялық типтендіруде) — маңызды ғылыми-әдістемелік мәселе болып табылады.

"Мифология", "эпос", "аң стилі" терминдерімен тікелей байланысты "көшпелі мәдениет", "көшпелі өркениет" ұғымдары онша орынды емес. Одан гөрі көшпелі өмір салты мен мал шаруашылығы ғана емес, отырықшылықты да, егін шаруашылығын да, қалалық өмірді де қамтитын "дала мәдениеті мен өркениеті" ұғымын қолданған жөн. Сонда сақтар, түріктер мен қазақтар тек номадтар ғана ма? Міне, осы "шексіз номадизм" Қазақстанның тың жері, көшпенділер мәдениетінің эфемерлігі туралы бос әңгіме туғызады. Номадизм — бұл дала шаруашылығының өмірі мен тұрмысының бір бөлігі ғана. Сақтардың, түріктер мен қазақтардың ірі мекендері, қалалары жалпыға таныс, бұл тарихи және өзге де терминдерді іріктеуді талап етеді.

Қазіргі таңда табылып, зерттелетін жаңа жазба дереккөздері мен материалдық мәдениет артефакттары қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар саласында мәдениеттердің өзара әрекеттесуінің тарихи контекстін талдау, мәдениетаралық қатынас, ұлттық менталитетті зерт-

теу, аймақтану мен өзге де өзекті мәселелерді шешуге ықпал етеді деп ойлаймыз. Қазақстанның жоғарғы мектебі мамандықтарының реестріне "Елтану", "Аймақтану" мамандықтарын енгізу, ғалымдарымыздың соңғы жетістіктерін қамти отырып, осы пән бағдарламаларын жасау мәселесін қарастыру қажет сияқты. Қазіргі кезде шығыстану, археология, тарих, философия және т.б. іргелі және қолданбалы салалы зерттеу институттарында елтанушы, аймақтанушы сияқты сирек мамандық түлектерінің жетіспеушілігі байқалады. Сөз жоқ, күні кеше жаңа болған археологиялық, сәулет өнері, археологиялық дінтану, археологиялық технологияны зерттеу – қазақстандық археология үшін одан өрі дамытуды талап етеді. Жоғарыда айтылған мәселелер мен археология бағыттары жетік компьютерлік технологияны, құжаттама, картография, хронологияның қазіргі құралдарын пайдаланады.

Отырарда бүкіл Орта Азиялық аймақта ғылыми және сақтау зерттеулер орталығын құру, сонымен қатар, туризм инфрақұрылымын ұйымдастыру жұмыстарын белсендіру қажет. Оның ішінде ғылыми ұйымдастырушылық жұмысты басты назарға алған жөн. Отырар және оның маңында орналасқан Арыстан-Баб мұражайына қазіргі күннің өзінде жылына мыңға жуық туристер келіп жатыр, жылдан жылға олардың саны артуда. Еліміздің шикізатсыз экономикалық саласында туризм № 1 кластер ретінде мойындалғанын ескере отырсақ, біздің ғалымдар мәдени мұраны басқарудың жаңа стратегияларын жасай отырып, өз зерттеулерін дамыту мүмкіндігін қалт жібермеуі тиіс.

Қазақстан халықтарының мәдени мұрасын зерттеу динамикасы серіктік байланыс пен әр түрлі моделді және модификациялы электронды тахиометр, сандық камералар, сондай-ақ әлемде кеңінен қолданылатын жаһандық позицияландыру жүйесінің (GPS) қабылдағыштары сияқты арнайы құрал-жабдықтарын, жаңа техникалық құралдарын пайдалана отырып, пәнаралық жедел зерттеуді қарастырады.

"Мәдени мұра" бағдарламасы мәдениет саясаты басымдылығын айқындай отырып, өзіндік ұлттық ғылыми ортаны қалыптастырып, сонымен қатар дамудың альтернативті модель мүмкіндіктерін іздестіруге бағытталған.

Келесі үшжылдық кезеңде "Мәдени мұра" бағдарламасының басым міндеттерінің бірі – Еуразия тарихында маңызды орын алған және әлі де алатын ірі этнос өкілі – түркі халықтарының тарихын ғылыми тұрғыдан жазу. Кезінде 70 жылдары КСРО-да Орта Азия мен Қазақстан халықтарының аймақтық тарихын құрудың іске аспауы бүгінде осы тақырыптарда ғылыми еңбектерді басып шығаруды талап етеді. Іргелі қағидалардың бірінде түркі этностары тарихи сахнада шартты түрде кеш – V-VI ғғ. пайда болғанына қарамастан, ежелгі деп саналуы тиіс. Қолда бар археологиялық және жазба материалдар олардың мәдениетін Орта

Азияның кейінгі қола дәуірінде өмір сүрген прототүркілердің, әуелгі көшпенділердің, оның ішінде сақ мәдени қауымдастығының мәдениетімен салыстыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда бағдарлама шеңберінде жеткіліксіз мөлшерде жүргізіліп отырған тарихи-мәдени мұрагерлік, Қазақстанның мәдени байлығын мұраға қалдыру сияқты маңызды ғылыми мәселенің іргелі теориялық және әдіснамалық ізденістері қажет.

Төмендегі қазақ ғалымдарының, қоғамдық және мемлекеттік қайраткерлердің шығармалар жинақтары мемлекеттік тілде басылып шықпай қалды:

биыл 170-жылдық мерейтойы атап өтілетін Шоқан Уәлихановтың 5-томдық басылымы;

Тұрар Рысқұловтың 3-томдық басылымы;

Ораз Жандосовтың 2-томдық басылымы;

Мұхамеджан Тынышбаевтың еңбектері және т.б.

Қазақстанның мәдени мұрасын сақтау, дамыту, көбейтудің алға қойылған көлемді мақсаттарын ескере отырып, "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасы келесі үшжылдық кезеңде (2007-2009) өз жалғасын табуы керек деп есептейміз.

Қорыта келе белгілі американдық әлеуметтанушы Френсис Фукуяманьң сөзін келтіргім келеді: "Бүгінгі таңда алуан түрлі мәдениет айырмашылықтары мен оның қызмет ету негіздерін терең түсінудің маңызы зор, себебі саяси да, экономикалық та жаһандық бәсекелестік мәдениет терминдерімен жиі түсіндіріле бастайды".

ҚАЗАҚТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚ ӘЛЕМІ "ЖАРҒЫ" БІРЕГЕЙ ҚҰҚЫҚ ЖҮЙЕСІ РЕТІНДЕ*

С.З.Зиманов -
ҚР ҰҒА академигі

Әлемнің мәдени қазыналарында тарихи мәнге ие болғанмен, адамзат танымынан тыс қалып, сол себепті лайықты бағасын алмаған құбылыстар аз емес. Олардың басым көпшілігі ұрпақтар тарихында ұмыт қалып, өркениетке бет алған даму жолынан, жаңа кезеңнің танымдық іс-әрекеті аясынан шет қалды. Алайда бұл құбылыстар өз тарихи маңыздылығы мен құндылығын жоғалтпады. Олардың арасында тарихи дәуірлерді қамтитын біртұтас әлеуметтік-мәдени қабаттар болған. Сол дәуірдегі халықтар мен мемлекеттердің маңызы адами қарым-қатынастар ізгіленген сайын, яғни адамзат қазіргі қарқынды технологияландыру мен оқшаулану жағдайында еркіндік құндылықтарына қайта оралуына қарай арта түседі. Тарих қатпарларында жоғалып кете жаздаған осындай мәдени құндылықтардың біріне "Жарғы" атты қазақ құқығы жатады (одан әрі қазақ құқығы).

Көшпенділер өркениеті, егер ол бар болса, тарихта Ұлы Дала деп аталатын жердің ортаазиялық бөлігіне мейлінше бедерлі қасиеттерімен аса көрегендікпен аяқ басты. Түркілер мен олардың ата-бабалары осы жерді мекендеген негізгі этникалық топ еді, сондықтан бұл Даланы Тұран, Түркістан деп атаған. Қазақ құқығы — түркі тілді көшпенді өркениеттің Қазақия деп аталатын кең даласында туған мәдени мұрасы.

Қазіргі Қазақстан аймағына қоныс тепкен халықтардың қоғамдық өмірінде сан ғасырлар бойы өзгерістер болып жатты. Қазақтар тарих тоғысында келешек ұрпақ үшін ерте дәуірдің керемет екі құндылығын сақтап, бүгінгі күнге жеткізді. Бұл — Сөз патшалығы мен Әділ сот патшалығы. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранында ол былай дәріптелген:

"Жаралған намыстан қаһарман халықпыз,
Азаттық жолында жалындап жаныппыз.
Тағдырдың тезінен, тозақтың өзінен,
Аман-сау қалыппыз, аман-сау қалыппыз" —

Негізінен дәстүрлі құқықтық жүйенің мәдени және демократиялық үрдістеріне бағытталған "Жарғы" қазақ құқығы өзін өмірге әкелген дәуірін бастан кешіріп, болашаққа қадам басты. Ол реттеу өміршендігін ХІХ

* Бұл жаңа идея, әдебиетте бірінші рет ұсынылып отыр. Көп дылдық зерттеулер нәтижесінде он томдық "Қазақтың ата заңдары" — "Древний мир права казахов" еңбегі дайындалды. Алғашқы үш томы жарық көрді, 4 және 5 томдары 2005 жылдың аяғына дейін басылып шығады (автор)

ғасырдың аяғынан ХХ ғасырдың басына дейін сақтап келді. Қазақ құқығының ғұмырлығын екі фактормен түсіндіруге болады. Біріншіден, көшпенді өркениеттің шаруашылық-тұрмыстық, дүниетанымдық негіздері кең байтақ қазақ жерінде қазіргі заманға дейін сақталып келген. Екіншіден, Қазақ құқығы даму сатысында халыққа, оның өмірлік логикасына жақын болды.

Қазақ құқығы - қазақ халқының, бүкіл көшпенді өркениеттің мәдени қазынасы. Оның мыңжылдық тарихы бар және бекіп орныққан тұсы шамамен XVI-XVIII ғғ. сәйкес келеді. Бұл құбылыстың парадоксы — көшпелі өркениеттің ата-жұрты — қыпшақтардың Ұлы Даласының ерте құлдырауы қазақ құқық мәдениетінің рөлі мен мәртебесін түсіре алмады. Бұл процестің қарама-қайшылығы қазақ құқығының "Еркін арал аймағы" - Ұлы Далада атқарылғанымен түсіндіріледі.

Әйтсе де ортағасырлық Даладағы шаруашылық пен мәдениеттің тоқырауы, әлемнің өзге бөлігіндегі даму желісінен артта қалуы өзіндік теріс ықпалын тигізді. Орталық Азия аймағы жаһан тарихының соңғы легіне ығыстырылып, ұзақ уақытқа шет қалды. Тек отаршылдық мүдде Далаға бұрынғы әйгілігін қайтарды, бірақ оны құлдық нысаны ретінде қарастырды. Осының бәрі қазақ құқығының бағасына да, тағдырына да әсер етті. XVI-XVIII ғғ. жарыққа шыққан "Жарғы" қазақ құқығы 100 жыл өткеннен кейін де халықтың жадында жатталып, мәдениетінің өшпес құндылығы ретінде сақталып қалды. Оның ұрпақтан ұрпаққа жеткен рухани-мақсаттық нормативтері мәңгілік қалпын сақтай алатындығы соншалық, бүгінгі күнде өзгерген тіршілік жағдайында бұл "далалық құқықтың" рухы мен стилін жаңғыртуға, оның кейбір жекелеген институттарын игеруге, сол арқылы ұлттық құқықтық мәдениетті байытуға талпыныс жасалуда. Тарихта сирек кездесетін бұл құбылыстың құпиясы қазіргі заманға өркениет үлгісі мен рухани ұстанымдары жағынан үндесетін "Жарғы" қазақ құқығының бірегейлігінде болып отыр.

Құқықтың руханияты мен халықтық сипаты, соның ішінде сот билігінің ерекшеліктері мен жауынгерлік мораль қазақтардың ортағасырлық көшпенді қоғамындағы реттеушілік жүйесінің мазмұнына енді. Олар жетілудің кез келген деңгейіндегі қоғамдастықтың барлық даму кезеңдерінде жалпы адамзатқа тән игіліктер болып қала береді.

1. "Жарғы" қазақ құқығындағы "Алтын ғасырдың" ашылу тарихынан

Ортағасырлық жазушылар шығыс көшпелі қыпшақтары деп сипаттаған, тарихта ержүректігімен, еркін ойларымен белгілі, ұлан байтақ құнарлы жерді мекендеген қалың қазақтың саяси-құқық тарихын жүйелі зерттеу кеш (Ресейдің отарлау кезеңінде) басталды. Негізгі себебі - бұл аймақтың Азия-Азия, Азия-Еуропа бас жолдарының тораптарынан оқшау

орналасуы. Қазақтардың көшпелі қоғамындағы заңдылық пен құқық төрелігінің "Алтын ғасырын" ашудың бастамасы орыс ғалымдарының үлесіне тиді. Бұл ретте А.И.Левшин бірінші болды. Ол Ресейдің шығыстағы отаршылдық саясатына шын берілген мемлекеттік қайраткері еді. Петербург пен Мәскеудегі азиялық мұрағаттарда жұмыс істей жүріп, ірі шығыстанушы-зерттеуші дәрежесіне дейін өсті. Қазақ даласын басқару жөніндегі аймақтық ведомстволарда қызмет атқарғанда халықтың алдыңғы қатарлы тобымен тығыз қарым-қатынаста болды. Оның "Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордалары мен далаларының сипаттамасы" атты 1832 жылы Санкт-Петербургте басылып шыққан үш томдық еңбегі ұланғайыр Орталық Азия аймағына айқара ашылған терезе іспеттес болды, оны осы еңбегі арқылы әлем танып, Ресей Ғылым Академиясының құрметті мүшелігіне сайланды. Левшиннің еңбегі Ресей державалық мемлекеті үшін бірінші кезекте саяси тұрғыда – Азия аймағындағы ауқымды бөлікті отарлау тактикасын жасау мақсатында өте маңызды рөл атқарды. Ол халық тарихындағы "айрықша жарқын кезең" туралы көп мәліметтерге назар аударып, былай деп жазды: "Қырғыздардың (қазақтардың - С.З.) арасынан кіші ордадан шыққан даналар бізде тәртіп те болған, заңдар мен құқық төрелігі де болған, біздің халқымыз тыныштықта өмір сүрген заман да болған дейді. Олар аһ ұрып еске алатын алтын ғасырда патшалық құрған Тәуке хан, егер аңыздарға сенетін болсақ, шын мәнінде де данышпан болған, ол қазақ шежірелерінде Солон мен Ликург қатарында тұруы керек". Одан әрі қарай ол "Үлкен және Орта орда қазақтарының халық заңдары Тәуке ханнан да бұрын болғанын мәлімдейтінін" айтады /1/. А.И.Левшин жазған бұл жолдардың құндылығы жоғары. Біріншіден, олар - түпнұсқадан алынған жазбалар. Екіншіден, ол елтануға еш қатысы жоқ жолаушы, саудагер, елші емес, шығыстану саласындағы тәжірибелі ғалым, зерттеуші. Халықтың қоғамдық және рухани тұрмысын сипаттау жөніндегі мемлекеттік тапсырманы ғылымдықпен ұштастыра орындаған қайраткер. Үшіншіден, қазақ тарихындағы "Алтын ғасыр" көшпенділер үшін бірінші кезекте маңызды жайылымдық кеңістіктің құнарлылығымен немесе соғыстағы жеңістермен сипатталмайды. Қазақстан тарихындағы "Алтын ғасыр", сөзсіз, құқық төрелігі мен халықтық билік беделімен байланысты. Халықтың қоғамдық-басқару салаларының ішінен адамгершіліктің айнымас рухани критерийі болып келген және қала беретін құқық төрелігі айрықша дараланды. Төртіншіден, құқық төрелігі мен құқық тәртібі саласындағы "Алтын ғасыр" қазақ даласындағы үш кеңістіктік аймақ – Кіші, Орта, Ұлы жүздер өміріндегі белгілі бір кезең - Тәуке хан басқарған кезең (XVII ғасырдың соңғы ширегі мен XVIII ғасырдың басы) немесе оған дейінгі кезеңге жататын жалпы тарихи жолақ ретінде орын алды. А.И.Левшин тарихи кезең мен лауазымдарына қарамай, "жаңа тәртіп"

орнатқан үкімет басшыларын Солон және Ликургпен қатар тұратын данышпан ретінде таныды.

Орыс ғалымы А.И.Левшиннің ізімен бір уақытта өз халқы, оның тарихы туралы қазақ даласынан шыққан ұлы ойшыл, ғалым Шоқан Уәлиханов баяндады. Ол құқық төрелігі мен заңдылықтың "Алтын ғасырының" алыстан шыққан үнін естіп қана қоймай, оның тірі бейнелерін жеткізе алды. Ол оқиға куәгері болып қана қойған жоқ, құқық төрелігіндегі әрекет етуші тұлғаға айналды.

Ш.Уәлиханов "қазақ құқық төрелігін сот дәстүрін шешендік өнермен ұштастырып, терең білген билер бастаған көне халық соты" деп сипаттайды. Оның айтуынша, "би-төрелер өз беделдері жағынан ешбір үкімет декретімен, халық сайлауларымен негізделмейтін даналық иесі есептелетін Шекспир мен Гете тектес болып келді" /2/.

Ортағасырлық дәуірдегі қазақтардың басқа көршілес көшпенді далалық қоғамдар мен мемлекеттерден айырмашылығы, сот қызметін әділ, парасатты атқарған ертедегі халық соты мен заң білімдері жетік би-шешендері, халық құрметіне бөленген өздерінің Солондары мен Ликургтары, Шекспірі мен Гетесі болғанын Шоқан Уәлиханов былай түсіндіреді: "Біздің халқымыздың шығыс шығармаларынан гөрі үндігерман эпосына әлдеқайда жақын, поэтикалық игіліктен айырылмаған тамаша бай әдебиеті бар. Ақыр аяғында ең маңыздысы - біздің қоғамдық даму формаларымыз жоғарғы мәдени даму нәтижелерінің баламасы ретінде ұсынылатын жасандылықтан ада дәуірден орын алады" /2/.

Қазақ құқығы мен билердің құқық төрелігінің шынайы әрі түбегейлі сипаттамасын ХІХ ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген ежелгі қазақ құқығының ірі білгірі, ойшыл, ақын Абай Құнанбаев берді. Оның айтуынша, қазақ көшпенділері мәдениет, тұрмыс, ағартушылық деңгейі жағынан замандас халықтардан кейін кенже қалды, бірақ екі қасиеті жағынан өркениет дәуірінде өмір сүрген халықтардан әлдеқайда биік тұрды. Абай былай деп жазды: "Иә, біздің ата-бабаларымыз білімділік, сыпайылық, ұқыптылық жөнінен бұрынғы елден кем түсті. Бірақ қазіргі таңда бізде жоқ екі артықшылықтары болды. Ертеде "топ басы", "ел басы" деп аталған адамдар тобы болды. Олар қоғам өмірін басқарды, дауларды шешті. Олар үшін ар, ұят, намыс маңызды болды. Сол қоғамның ізгі рухы мен ар туралы ұғымы қайда? Біз содан айрылдық, қазіргі достық достық емес, анайы зұлымдық. Дұшпандық - ақиқатқа жету емес, бар болғаны келісіммен өмір сүре алмау болып отыр" /3/.

2. "Жарғы" қазақ құқығының құрылу ерекшеліктері туралы

Қазақтардың құқық әлемі мен құқықтық түсініктері ата-бабасы өмір сүрген Орталық Азия мен Еуразия кеңістігіндегі бірін-бірі алмастырған әлеуметтік-саяси режимдер мен империялар құрамына енген аралықтағы ғасырлар қойнауына дейін тереңдейді. Қазақтар, олардың

ата-бабалары ғаламның осы бөлігіндегі құзырды иеленетін көшпенді-малшылар конфедерациясына кіретін. Мұның бәрі бүкіл көшпенділер қоғамына арналған жағдаятты аңғартады. Жалпы алғанда, қазақ көшпендісінің дүние мен құқықты түсінуі ерекше секторда – моральдық құндылықтар жоғары тұратын, дала демократиясы институты дамыған қоғамда қалыптасты. Мұндай қоғамда дауды негіздеу құралы ретіндегі әділ төрелік пен шешендік сөздің беделі күшейіп, өзін-өзі басқару мен өзінің өмірдегі орнын іздеу еркіндігі ерекше бағаланды. Аталған компоненттер бойынша қазақ қоғамы өзі қалыптасқан төл көшпелі, далалық негіздерінен анағұрлым озып кетті. Егер әлемде көшпелі өркениет орнаған болса, ол туралы түсінік өміршең келсе, менің ойымша, аталған үлгі мен даму түрінде ол Қазақстан жерінде де болған. Бұл — қандай да бір субъективті түсінік бойынша көшпенділер аймағының бір бөлігін айырықша көрсетуге талпынған зерттеуші қиялының нәтижесі емес. Мұның мәнісін географиялық, әлеуметтік-саяси, адамгершілік саладағы үш фактормен түсіндіруге болады:

Бірінші фактор – Орта Азияның көптеген халықтарына ортақ, өмірлік қажетті мал шаруашылығын дамытуға ыңғайлы, адамдар сирек қоныстанған ұлан-байтақ табиғи кеңістіктің болуы. Жазық аймақтар мен ормандарға, жайылым-шалғындарға, шүйгін шөп пен суға бай орасан зор жер бөлігін көшпенділердің "жұмақ бұрышы" деп атады. Ол Ертіс-Енисей аймағынан солтүстігінде Балқаш көлі, Сырдария өзендеріне дейін, оңтүстігінде Орал-Еділ жазықтары, Қарақұм, Мойынқұм шөлдерінен, батысында Жетісу қайнарларына, шығысында Жоңғар қақпаларына дейінгі жүздеген мың шаршы метр аланды алып жатыр. Бұл ауқымды аймақ Қыпшақ даласы деп аталды да, әдебиетке Шығыс Дешті Қыпшақ ретінде енді. Ол кезінде Шыңғысхан өзінің үлкен ұлы Жошыға берген маңызды аймақ болды. Кейіннен бұл аймақтың басым бөлігінде Алтын орда, Ақ орда құрылды.

Екінші фактор – бұл аймаққа ерікті көшпенділер қоғамдастығы қоныс тепті. Олардың негізін төмендегідей топтар құрады:

а) көшпелі өмір салты еркіндігін, дәстүрлі мәдениетті қорғаушылар мен қызғанушылар;

ә) басшылары үздіксіз жорықтар мен шапқыншылық жүргізгендіктен, ғұн, қыпшақ, монғол, Темір империялары бұқарасынан әртүрлі себептермен бөлініп кеткен кірме-келімсектер. Мұндай "қашқындар" бұрынғы мекенінде қысым көріп, күшпен тағылған және әдеттегі дүниетанымға қайшы келетін жаңа көзқарас пен тәртіптерге төзе алмағандар;

б) көшу мен жайылымға жер іздегендер мен еркіндік аңсағандар.

Қыпшақ даласындағы көшпенді халықтың мұндай дүниетанымы ғасырлар бойы тұрақты даму процесінде қалыптасты.

Үшінші фактор — Қыпшақ даласы жалпы адамзат құндылықтарымен үндескен ерікті көшпенділер мәдениеті мен көшпенділік өркениетті өзіне сіңірді. Қоғамда өмірлік күш алған артықшылықтар: Сөз патшалығы мен Әділ сот патшалығы. Бай мен кедейге, ақсүйек пен қараға бөлініп, әлеуметтік теңсіздік орнаған көшпелі ұжымда бәрінің және әркімнің құқық теңдігі туралы жеке сананың ерекшелігі. Көшпенділер бірлігінің мәселелерін шешуде қазылар алқасының азаматтық, халықтық, рухани бастауларына негіз болған қазақ құқығы әлемінің қайталанбас сипаты осындай.

"Жарғы" қазақ құқығы — Шығыс Дешті Қыпшағындағы (Қыпшақ Даласындағы) көшпенділер қоғамының жалпы және айрықша дамуын дәріптейтін селективті құқық. Ол Орталық Азия тарихындағы көптеген ғасырлар аумағында бірін-бірі алмастырған көшпенділер қоғамының құқықтық жүйелерінен табиғи тұрғыда іріктелген құқық түрі болып табылады. Әлбетте, онда ғұндар мен түрік қағанаттарының, қыпшақтар мен Монғол империяларының нормалары мен іздері жатыр.

Қазақ құқығы ("Жарғы") жалпы жерлік, жалпы мемлекеттік құқық болмағанын ескергеніміз жөн. Ол мемлекеттің көшпелі халқына тән болды, отырықшы халық құқығынан, яғни қалалық құқық пен жер құқығынан бөлек өмір сүрді. Бірақ олардың арасында жеке жалпы құқықтық нормалар, байланыстар болған. "Далалық құқық" мейлінше іштей тұрақты консервативті сипат алды. Отырықшы орталықпен қарқынды байланыс барысында ол өз құрылымын босаңсытқан жоқ, керісінше, мықты негізді, реттеуші көшпенділер қоғамы болды. Көшпенділер қоғамы әрдайым Орталық Азия хандығы мен ордаларының экономикалық тұрақтылығын, әскери қуатын сақтап тұруға әрі негіз, әрі тірек болды. Қалалар мен отырықшы орталықтар соғыс жылдарында үздіксіз тонаушылыққа, қиратушылыққа тап бола берді. Сол аралықта көшпенді қоғамдастық өмір сүру салты қозғалысқа, кеңістіктік бағдарларға негізделгендіктен, мұндай қиыншылықтарға көп душар бола бермейтін, ал душар бола қалған жағдайда дәстүрлі ағымдағы өмір сүру қабілетін тез қалпына келтіре алды. Құқықтық мекемелер, заңдар, рулық құрылыммен қатар көшпенділердің өмірін ұйымдастыруды реттейтін күш алып, көшпелі қоғамды өзіндік негізде қалпына келтіруге, жандандаруға ынталандырып, сақтауға бастама болды. Тиімді тікелей және кері байланыс бойынша көшпенді қоғам өзінің түп негізін сақтаған сайын ондағы құқық мекемелері мен заңдар нығая түсті. Дәл осы көшпенділік қоғам жағдайында ондай әрекет ететін құқық мекемелері мен олардың реттілік тиімділігін қарастырған жөн.

"Жарғы" қазақ құқығы Қыпшақ даласында көшпенділер қоғамдастығының өзін-өзі еркін анықтауы жағдайында қалыптасып дамыды.

Тұрғын халықтың өзара қарым-қатынасында ру ішілік және ру аралық тектік байланыстар бойынша, тәрбиеге және шындық, әділдік, адалдық тәрізді моральдық құндылықтарға ерекше мән берілді. Бұл түсініктер тыныштық пен тәртіп сақтап тұратын қоғамдық идеология деңгейіне көтеріліп, үлкен күшке айналды. Ар ұғымы, адамның абыройынан да биік, оның рухани негізін білдіретін бұл сөз қоғамда, "Жарғы" қазақ құқығында жоғары бағаланды. Оның мән-мағынасы, салмағы туралы мына бір нормативтік-моральдық тұжырымда дәл айтылған: "Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы", "Өлімнен ар күшті", "Жігіттің құны – жүз жылқы, ары – мың жылқы".

"Жарғы" қазақ құқығының кереметтігі сонда, ол көшпелі өркениет шеңберінде пайда болып, сол дәуірдің гуманистік белгісін, адам армандарының мәйегін, көптеген құндылық белгілерін іске асырды. Бұл тұрғыда ол тарихи маңызды құқықтық жүйелер әлемінде өзіне лайықты орнын алуға құқылы және тиісті.

3.Билер соты – "Жарғы" қазақ құқығының символы

"Алтын ғасырда" Қазақстан тарихындағы құқық тәртібінің маңызды құрылымы — би-төрелер басқарған сот болды. Олар далалық құқық негізі мен этикасын меңгеру жайында арнайы даярлықтан өткен, жеке тұлғаға тән кіршіксіз адамгершілік қасиеті бар адамдар болатын. Олар би-төре болмас бұрын дана қариялар мен халықтық алқаның сынағынан өтуге міндетті еді. Билер соты қазақ көшпенділер қоғамының, әрі құқықтық төреліктің символы болып табылды.

"Билер дегеніміз халықтың жанды шежіресі, оның заңгері, заң танушысы". Бұл анықтама Қазақстандағы отаршылдық әкімшілікте айрықша тапсырмамен қызмет еткен ресейлік шенеунік И.Козловтың қазақтардың құқықтық нормалары мен заң мекемелерін арнайы зерттеу негізінде 1882 жылы жарияланған еңбегінен алынған. Автор сонымен қатар былай деп көрсеткен: "Билер мүлтіксіз адалдығымен, табиғи ақыл-парасатымен ерекшелінетін" /4/. Бұл анықтама "Алтын ғасыр" төрелік дәстүріне адал болған ХІХ ғасырдың аяғында әлі де Ұлы Даладан ұшырасатын кейбір би-төрелерге қатысты айтылған еді. Тіпті, солардың кейбіреулері ертедегі формасында қазақ құқық төрелігі даңқын жаңғыртуға тырысты. Қазақтардың төрелік-құқықтық жүйесімен таныс болғандардың бәрі дерлік осы пікірді қолдады. "Қырғыз халықтық соты" деп аталатын 60 беттік көлемді мақала әзірлеген зерттеуші А.Зуевтың пікірінше, "қазақ билері айтуға тұрарлық ақылды билер болды, олардың соты өмірдің өзіндей шынайы, патриархтық өмірдің жарқын беттері іспетті" /5/. Келесі бір айтулы автор Б.Н.Дельвиг билерді "әдеттегі құқықтың жалғыз қорғаушылары" /6/ деп атады. А.Крахаевтың

пікірінше, "Сот әділдігінің қатысты қырғыздар (қазақтар) өте талапшыл... Әділеттің болуы ең маңызды мәселе".

Қазақтың дәстүрлі құқық жүйесінде халықтың құқықтық санасынан тұрақты орын алған және оның дәстүрлі менталитетінің мазмұнын құраған билердің мәні мен мәртебесін айқындайтын ұстанымдар мен нормалардың біртұтас жүйесі жасалды. Олар өте қысқа-нұсқа, әрі бейнелі тілдік формулада баяндалған: "Атаңның баласы болма, адамның баласы бол", "Туғанына бұрғаны биді құдай ұрғаны", "Таста тамыр жоқ, биде бауыр жоқ". Ақиқат пен әділеттікке, оның салтанат құруына деген талпынысқа "Атаңның құлы айтса да әділдікке басынды ий", "Тіл жүйрік емес, шын жүйрік" деген қазақ құқығының нормаларына негізделген билер шығарған сот шешімдері мен сот өндірісі іргелі негіз болды.

Ежелгі формадағы қазақ соты көшпелі өркениет шеңберінде туған және тұрақты түрде дамыған құбылыс ретінде түсіндірілуі мүмкін. Көрнекті тарихшы Манаш Қозыбаев дәл айтқандай: "Қазақ шын мәнісінде дала перзенті" /7/. Көшпелі кеңістікте дүниеге келген қазақтар өздерін, өз мемлекеттерін "Киіз туырлықты қазақ хандығы" деп атады. Бұл сот ежелгі формасында әрі халық соты, әрі құқық төрелігі болды. Ол (сот) әмбебап салт-дәстүрлердің институциялық нормативті мекемелеріне негізделген құқық өрісінде жүргізілетін. Мұндай соттар сонымен қатар таптық, жергілікті талаптардан таза биліктің нормативтік ұстанымдарына да сүйенетін. Жалпыэтникалық мүдделер қарапайым құқық нормаларынан гөрі биік түрді. Бұл "Әдет әдет емес, жөн әдет" деген ережеден орын алды. Сот тек аймақ, өңір атынан емес, тәуелсіз төрелер тарапынан тағайындалды. Қазақ құқығында орныққан би-төрелерге арналған тәртіп нұсқауы қысқа бейнелі тілдік формуладағы ереже ретінде рөл атқарды және моральдық, императивтік қуатқа ие болды. Оның негізгі нормасы: "Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ", "Туғанына бұрғаны, биді құдай ұрғаны". Қазақ би сотының тағы бір маңызды ерекшелігі – оның руханилығында. Демек, қаралатын істің рухани мазмұны материалдық-заттық мазмұнынан жоғары қойылып, "арлы болу" моральдық ұстанымы басшылыққа алынған. Халық жадында мынадай сөз бар: "Ханда қырық кісінің ақылы бар, биде қырық кісінің білімі мен ары бар", "Бай мал сақтайды, би ар сақтайды". Осы және басқа да нормативті моральдық ұстанымдар құқық төрелігі - "Алтын ғасыр" дәуірінде билердің санасында сақталды. Әйгілі Әйтеке би (1682-1766) ұрпаққа қалдырған өсиетінде былай деген еді: "Менің өмірім - өзгенікі, өлім ғана өзімдікі болды".

Қазақ соты екі жақ төрелік сұраған даулар мен келіспеушіліктерді өзара бітімгершілікке жету тұрғысынан шешетін болды. Соттың осындай күрделі міндеттері би-төрелердің данышпандар мектебінде оқуын (кітап бойынша емес, өмір тұрғысынан), ғалым болуын, аға ұрпақ ал-

дындағы сынақтан өтулерін, пайымдау тұжырымы мен шешен тілді меңгерулерін, сондай-ақ, қазақ құқығының білгірлері болуын талап етті. Билер соты осындай сипатта өз ортасына құқық төрелігі мен құқық тәртібі "Алтын ғасырының" қырандарын топтастырды.

II

Қазақтың би-төрелері өзінің атқаратын қызметі мен құқықтық-төрелік қасиеттері бойынша Орта Азия хандықтарының басқа этникалық аймақтарындағы билерден, би-бектерден айтарлықтай ерекшеленді. Қазақ би-төрелерінің жалпы қалың бұқарадан, соның ішінде, ауқымды түркі тілдес кеңістікті басқаратын таптан бөлінуі қазақ-қыпшақ көшпенді өркениетінің өзіндік жағдайында жүзеге асты. Тарихи қалыптасудың бастапқы табалдырығындағы ортақтыққа қарамастан, уақыт жағынан көптеген ғасырларды қамтыған көне қазақ жеріндегі көшпенді өркениет тамырының тереңдігі мен беріктігіне орай қазақ билерінің өз прототиптерінің ортасынан бөлінуі орын алды.

Қазақ-қыпшақтардың ұлы даласындағы би-төрелер институтының дамуы Орталық Азия контингентінің басқа бөліктеріне қарағанда ерекше өтті. Қазақ билері негізінен сот функцияларын сақтап қалып, ал олардың көршілес елдердегі "әріптестері" – әкімшілік және басшылар жанындағы кеңес қызметін атқарды. Қазақ билері көшпенді және жартылай көшпенді қоғамдастықтың төрелік-құқықтық басқару саласындағы ұрпақтың білімін меңгерген далалық үлгі бойынша білімді ғалым ретінде қалыптасты. Ақыл-ой мен парасат пайымға негізделген қарапайым құқықтың нормативтік байлығын меңгеру; оны оңтайлы қолдана білу; тарихи менталитет пен ойлау деңгейі тұрғысынан аудиториямен бірге болу; төрелік келісім құралы ретінде шешен тілді игеру төре-билерді "аттестациялауға" арналған басты критерийлер болып табылды. Орыс және Еуропа сот жүйесімен жақсы таныс қазақ құқығының белгілі зерттеушілерінің бірі – Д.Самоковасов билерге мынадай баға берді: "Халық санасындағы би атағы халықтың түпкілікті ғұрпындағы, ол жайлы тарихи аңыздардағы терең танымдарды өзімен ұштастыра білген санаулылардың ғана үлесіне тиеді" /8/. Жаңа кезеңде XIX және XX ғасыр аралығында дала дәстүрінде тәрбиеленген ұлттық мәдениеттің көрнекті қайраткері С.Сейфуллин қазақ жеріндегі менталитет пен қалыптасқан би-төрелердің табиғатын мейлінше толық сипаттады: "Елдің ескіліктен екшеліп келе жатқан жол-жоба, салт, дәстүр, заң ережелерінің, дәстүрінің жинақтарын, бұрынғылардың шежіресін, өнегелі, үлгілі сөздерін жадына көп тоқып, жатқа айтуға ұстарған, "билігі жүрген" ру-басылардан көсем шыққан, өздері де тұрмыстан туған қорытынды сөздерді әдемілеп жұптап, ұйқастырып айта алатындай болған шешендер – би атанған" /9/.

Қазақтың би-төрелерінің рөлі төмендегі тіркестерден көрініс тапқан: "Биі жақсының елі жақсы", "Батыр елін жауға бермейді, би елін дауға бермейді"

Қазақ халқының бай ауыз әдебиетін зерттеушілердің айтуы бойынша, "би" және "шешен" түсініктері Ұлы Далада қалыптасып, бір ұғымды білдірген синонимдер болған. Би деп шешендерді айтқан, ал шешен ақылгөй болса, бидің қызметін атқарған. Қазақтардың "сот шешендігі" сөйлеу түрі ғана емес, сонымен қатар мықты дәлелдеме құралы болып, өзіне мазмұнды-мәнді жүктеме артты. Бұл "сөз тапқанға қолқа жоқ" деген мақалдан көрініс табады. XVIII ғасырдың атақты биі Қазыбек биге "ағын судай әйгілі шешен" деген мәртебе берілген. Белгілі зерттеуші Б.Адамбаевтың айтуынша, "шешен-оратор" түсінігі сөздіктің құрамынан Жиренше шешеннің тұсынан бастап бөліне бастаған (XV-XVI ғасыр шамасында). Ол: "Би мен шешен" деген атаулар тіпті революцияға дейін қатар қолданылып, кейде бірін-бірі ауыстырып келгені кездейсоқ емес" /10/ деп жазды.

Қазақтың құқығында қызыл тілділік және шешендік өнердің логикасы дәлелдеу мен сендірудің құралы болып табылады. Орта ғасырдағы сөздің күші одан кейінгі уақыттарда да жоғары беделге ие болды, би соттарындағы дау-таластарда салтанат пен жеңіс сөз өнерін жоғары меңгергендерге тиді. Жалаң дәйектен гөрі оны көркем сөз құдіреті арқылы жеткізу әлдеқайда құндырақ болып табылды. Осы құндылықтар Дала мәдениетінің құқықтық жүйесінде "Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітірер би" орамынан көрініс тапқан. "Өнер алды қызыл тіл" демекші, сол уақытта қазақ құқығы өзінің соттық мақсатын түзді: "Тіл жүйрік емес, билікте шын жүйрік". Қазақстанның ірі жазушыларының бірі өткен тарихымыздағы және қазіргі сот билігі туралы сөз болғанда ойын төмендегідей жеткізген еді: "Қазіргі соттардан айырмашылығы атақты билер өз шешімдерін ең алдымен "ар-ождан, намыс – халық берекесінің сенімді тірегі" деген ұстаныммен қабылдайтын. Осы аргумент кейде қарсыластардың халық алдында жеңіске талпынысынан да күшті болған" /11/.

Арнайы әдебиеттерде "би" сөзі түркі тілінен бастау алады делінген, ол шығыстың хандары мен сұлтандарына берілген жоғары лауазым атауы болған. Түркілердің тарихи кезеңдерінде бұл сөз түрлі транскрипцияларда берілген. Мысалы, "бек", "бей", "би". Бұл сөздер, әдетте, кеңесші, идеолог, басшылар жанындағы ерекше тапсырмалар жөніндегі агенті мағынасын береді. Бек-бидің ел басқару жүйесінде басты қызметтерге тағайындалуы сирек кездескен. Қазақтың "би" сөзі бастауын жалпы түркілік атаудан алған, бұл сөздің өн бойында "билік" элементтері бар. Ол терминологиялық символдың мағынасын сақтаған. "Би" түсінігі Орта Азияның Ұлы Даласының мұра жерлері - қазақ ордалары, хандықтары, жүздері мен рулық бірлестіктерінде - біртіндеп басқа мағынаға ие болып, "сот" ұғымын білдіруге бет алды.

Билер әділ сот жүргізетін ерекше топтағы адамдар санатында болды. Сол тарихи далалық жағдайларда сот билігіне екі түрлі міндет жүктелді – сот жүргізу және заң шығару. Қазақтың билері жер және ру әкімшіліктерінен бөлініп, әрдайым әділ сот жүргізетін төрешілер мен заңгерлерге айналды. Осы тұрғыда алып қарағанда қазақ билерінің басқа түркі тілді бек-билерден айырмасын көруге болады. Билердің құқықтық жүгі жеңіл болмаған. Тарихи-құқықтық біліммен қатар битөрешілер даланың құқықтық жүйесімен де таныс болуға тиісті еді.

Қазақ құқығының нормативтік жүйесі үш негізгі бөлімнен тұрған:

а) қысқа әрі нұсқа үлгідегі қарапайым-құқықтық институттар мен нормативтік ұстанымдар;

ә) қай басшының тұсында құрылса, сол ханның, бидің атымен аталған шағын және көлемді нормативті-құқықтық ережелер (“Қасымханның қасқа жолы”, “Есімханның ескі жолы”, “Жеті Жарғы”).

б) сот прецеденттері – белгілі билердің елге танымал болған атаулы немесе атаусыз қалған қаулылары. Олар тарихта “Атадан қалған үлгі”, “Биден қалған жол өнеге, жол жоралғы сөз” ретінде сақталып, қысқа да нұсқа тұжырымды логикалық формулалармен берілген.

Қазақстандағы билердің сот билігі Орта Азияның отырықшы немесе қала мәдениетіне тән құқық нормалары, соның ішінде ислам құқығы нормаларына қарағанда, мемлекеттік және ментальды сипат алып, жалпы азаматтық билікке, соның ішінде мемлекет пен үкіметтің азаматтық-династиялық билігіне әсер етіп, көп жағдайда жоғарғы билікті ел басшыларымен бөліскен тұстары да болды.

Бүтін бір ғасырды қамтитын әділ соттың “Алтын ғасыры” қазақ халқының тарихи тағдырын, мемлекеттігін, қоғам жағдайын соттық-құқықтық қарым-қатынастар негізінде жалпы адамзаттық құндылықтар дәрежесіне жеткізді. Қазақ құқығы Қазақияның этномәдени шекарасындағы өзіндік реттеу нормативті рөлінің шеңберінен алыстап кетті. Ол бір мезгілде бірнеше қызметті: реттеу, басқару, біріктіру, қорғау және ізгілендіруді орындады. Ол кең мағынада заң мен билік, қоғамдық болмыс пен өнегеліліктің дереккөзі, өнер мен рухани құндылық ретінде қарастырылды. Қазақ құқығы сол кездегі басқа шетелдік құқық жүйелерінің: монғол, мұсылман, көшпелі, жартылай көшпелі, отырықшыл мәдениеті мен мемлекеттерінің, соның ішінде орыс заң шығарушылығының мақсатты және қуатты тегеуірініне төзімділігімен ерекшеленді.

Шет елдердің ықпалы қазақ құқын жоя алмағанымен, қоғамның жеке әлеуметтік мәселелеріне әсерін тигізбей қойған жоқ. Қазақ “Жарғысының” басым реттеу позициясы мен өзін-өзі дамыту түрткісі жаңа заманға дейін сақталды.

XIX ғасырдың орта тұсында Шоқан Уалиханов атап өткендей, "Билер соты орыс ықпалының елу жылдығына қарамастан жүз, тіпті мың жыл бұрынғы қалпын сақтап қалды" /12/.

"Жарғының" қызығарлық өміршеңдігі тарихтағы әлдебір жүйелі – институттық мекеме ретіндегі ерекшелігінде емес. Барлық халықтар өз тарихының ерте сатысында белгілі бір түрде қоғамдық және басқару қарым-қатынастарында дәстүрлі-құқықтық, соттық-прецеденттік, заңды түрде реттеудің басымдылығын өткізді. Қазақ құқығының ерекшелігі – өзінің негізінде дәстүрлі-құқықтық норматив пен институттар ретінде қалғанымен, еркіндік пен моральдық құндылық аймағында жетіліп, дамыды. Осы жайдың әсерінен өзінің бойына көшпелі өркениеттің бейбіт, әлеуметтік тұрақтылық ұстанымдарын сіңірді. Мазмұндық жағынан қазақ құқығы өзі қалыптасқан дәуірден алысқа озып, оның шеңберінен асып кетті.

1. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. - СПб, 1832. - Ч.3. С.169-170.

2. Валиханов Ч. Собрание сочинений в 5 томах. - Т.1. - Алма-Ата, 1985. -С.494-523.

3. Құнанбаев Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. - 2-том. - Алматы, 1997. 72-74 б.

4. Қара: Козлов И.А. Обычное право киргизов. В кн.: "Материалы по казахскому обычному праву". Сб.1. - Алма-ата, 1948. – С.225.

5. Зуев А. Киргизский народный суд //Журнал Министерства юстиции. - СПб, 1867. -№ 3. - С.161-162.

6. Дельвиг Б.Н.Киргизский народный суд в связи с правовым положением инородцев Степного края //Журнал Министерства юстиции. - СПб, 1910. - № 5. – С.123.

7. Қозыбаев М.К. Ежелден бірлікті аңсаған //Егемен Қазақстан. – 1993. - 19 маусым.

8. Самоквасов Д. Сборник обычного права Сибирских инородцев. - Варшава, 1876. - С.46.

9. Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті. - Қызыл-Орда, 1932. – 34 б.

10. "Қазақтың ата заңдары" — "Древний мир права казахов", т.2. - Алматы, 2003. - 43-бет.

11. Нурпейсов А.К. Мысли, навеянные деяниями предков /В кн.: Айтеке бий. - Алматы, 1998. -С.49-54

12. Валиханов Ч. Суд биев в древней народной форме. – Записки русского географического общества. По отделу этнографии. - Т.29. - СПб.,1904. - С.164.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МҰРАСЫ

К.М.Байпақов —

*Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институтының
директоры, ҚР ҰҒА академигі*

Сан алуан түрлі әрі бай мәдени мұра өркениетті қоғамның негізгі белгісі, ұлттық және мемлекеттік өзіндік сана-сезімін тұтастандырғыш құрамдас бөлігі болып табылады. Заттық мәдени мұра халықтың материалдық санасын танытады. Бұл заттық мұраның маңызды бөлігін археологиялық мәдени мұра құрайды.

Өркениетті елдер мәдени мұраны қорғау және пайдалану мәселелеріне бар ықыласын аударып келеді. Дамыған елдерде халықтың әл-аухаты, деңгейінің өсуі бұқаралық туризмнің дамуына, тұтас туризм индустриясын жасауға ықпал етті, бұл мәдени мұраға аударылатын көңілді экономикалық жағынан ынталандыру болып табылады.

Мәдени мұраға Қазақстанда аса ыждағаттықпен көңіл қойылып келеді.

2003 жыл мәдениеттің дамуындағы бастапқы кезең болып саналады, мұндағы маңызды оқиғаның бірі — Ел Президентінің халыққа арнаған жыл сайынғы Жолдауында ел алдында тұрған ең маңызды мәселелердің қатарында тарихи-мәдени мұраны зерттеу және сақтау міндеттері анықталды.

Бұдан кейінгі 2004-2006 жылдар аралығы тарихи-мәдени мұраны зерттеу, сақтау және пайдалануда зор ұмтылыс жасауы тиіс "Мәдени мұра" Мемлекеттік бағдарламасын орындау мерзімі ретінде белгіленген.

Бұл көп жылғы тұрақты түрде талмай жасалған еңбектің бастапқы сатысы ғана екендігі түсінікті жайт.

Бағдарламаға сәйкес, зерттелуі тиіс археологиялық нысандар, оның ішінде аумақты қазбалар, олардың маңыздылығы мен бұрынғы ізденіс жұмыстарында нақты бастаулары жасалғандығы есепке алына отырып таңдап алынды. Бұлар, шындығына келгенде, маңызды тарихи-мәдени салмағы бар әрі халықтың гендік санасының белгісі болып табылатын нағыз үлгі-нұсқа ескерткіштер.

Бағдарлама бойынша зерттеу жұмыстары, әрине, кешенді түрде жүргізілуі тиіс, қазба жұмыстарының соңын ала бере және онымен қатар жоба жасауға, одан кейін қазылған нысандарды конверсациялау және қалпына келтіру және оларды мұражайға айналдыруға байланысты шаралар ізбе-із жүргізілуі тиіс.

Мұражайға айналдырылған ескерткіштер дамып келе жатқан туристік инфрақұрылымның өзіндік тораптарына айналуы, қазақстандық

мемлекеттік және халықаралық туристік бағдарлар жүйесіне қосылуы тиіс және олар қосылып та жатыр.

Бағдарламаның негізгі міндеттерінің бірі - тарихи-мәдени мұраны толығымен тізімдеу, тарихи-мәдени ескерткіштердің тізімін дайындау. Тізімдеу дегеніміз – ескерткіштерді сақтау және зерттеу жұмыстарының барлық ірге тасы. Қазіргі уақытта екі том: Шымкент және Жамбыл облысының ескерткіштер жинағы жарияланды.

Қазіргі таңда Алматы, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан облыстары бойынша жинақ шығару үшін тізімдеу жұмыстары жүргізілуде (Байпаков К., Құманқұлов Ж., Плешаков А.).

Дайындалған тізім бойынша нақтылау жұмыстары жүргізілуде. Ескерткіштерді тізімдеу жұмыстарында компьютерлік технология, GJS ғаламдық жүйесі қолданылуда.

Мәдени мұраның келесі деңгейіне палеолит, неолит және энеолит кезеңдері жатады.

Ол Түркістанға жақын орналасқан Қошқорған және Шоқтас ескерткіштерінің материалдары арқылы зерттелуде.

Қошқорған I және Шоқтас I табылған коллекциялардан тек Қазақстан емес, бүкіл Еуразия континентіндегі ерте палеолит тас индустриясының жылжуының дамуындағы негізгі техника-технологиялық ерекшеліктері туралы керемет мәліметтер береді.

Орталық Қазақстанда Жезқазғаннан 83 шақырым жерде көпқабатты Тоқтауыл тұрағы зерттелуде. Тоқтауыл тұрағының өзіндік ерекшелігі бар. Онда палеолит, мезолит, энеолит кезеңдерінің әртүрлі ошақ орындары, налефауналық қалдықтар, тас артефактілер табылды (Артюхова О.А.)

Соңғы кездері Талдысай үңгіріне көңіл аударылуда. Орталық Қазақстан үшін өте керемет болып табылатын үңгір – археологиялық және мәдени қабаттардан тұрады. Ол тас ғасыры тұрағына өте жақын жерде орналасқан.

Қазақстан өлкесінде энеолит уақытында терімшілдік пен аңшылықтан экономиканың өндірістік түріндегі мал және егін шаруашылығына ауысқанын көруге болады. Малшаруашылығы, яғни жылқы өсіру Петропавл қаласында орналасқан Ботай энеолит тұрағында б.з.д. III ғасырдың ортасында негізгі шаруашылық түрі болған. Қазіргі таңда археологтардың көмегімен өзіндік "ботай" мәдениетіне жататын үлкен топ ашылды.

Солтүстік Қазақстан орманды дала аймағында жылқы шаруашылығын өркендету мәселесіне байланысты Ботай қонысы және сол типтес ескерткіштер зерттелді (Зайберт В.). Қазақстанның тас және қола ғасыры кезеңдерінің өркендеу мәселелерін шешуге байланысты жаңа мәліметтер береді.

Еуразия жазығында дала өмірі мен өркениетінің қалыптасып, бекіген уақытымен сай келетін мәдени мұраның негізгі кезеңдерінің бірі қола дәуірімен байланысты.

Қазақстан мен Орталық Азияның мал-егін шаруашылық экономикасы, тау-кен өндірісі, металлургия мен металл өңдеу, өзіндік материалдық мәдениет, жерлеу дәстүрі қалыптасты.

XX ғасырдың соңғы екі онжылдығында Оңтүстік Орал мен Қазақстанның басқа аймақтарындағы "Қала елдері" ашылды. Бұл б.з.д. III-II мыңжылдыққа жататын қола дәуірі ескерткіштеріне жататын шағын қоныстар орналасқан территорияға шамамен берілген атау.

Орталықтарын бекітуге арналған ойластырылған жоспары және монументальды архитектурасы ерте қала мәдениеті деп атауға мүмкіндік береді. "Қала елдері" жөнінде мінездеме бергенде оның ерте мемлекеттік және "өркениеттің ерте кезеңіне" жататынын айта кеткен жөн.

Сондай ірі қалалардың бір Орталық Қазақстанның Қарқаралы тауларында орналасқан Кент қалашығы.

Қалашықтың көлемі 5000 шаршы метр, онда храмдар, ауылшаруашылық округтері мен қолөнер өнеркәсібі, металлургия бар (Варфоломеев В., Ломан В.).

Осы жерден қола дәуірінің темір өндіретін өнеркәсіптің қалдықтарын кездестіруге болады. Темір шлактары және руда ғана емес, сонымен бірге металлургиялық пешке қазба жүргізілді. Нәтижесінде темір ғасырының басталған кезең материалдары екені анықталды. Бұдан ерте темір ғасырына өту уақытын б.з.д. VIII ғасыр деп емес, қайта б.з.д. X-IX ғғ. көнертуге болады. Екіншіден, металлургиялық шеберханаға жүргізілген қазба нәтижесінде ерте өнеркәсіптің белгілерін көрсетуге болады.

Орталық Қазақстан дәстүрлі түрде мыс орталығы болып қала берді. Сондай бір келесі металлургиялардың шоғырланған жері — Талдысай қонысы. Қазіргі таңда "Мәдени мұра" бағдарламасы бойынша қазба жұмыстары жүргізілуде (Құрманқұлов Ж., Ермолаева А.).

Қоныстан әр түрлі жұмыстар атқарылған қарапайым және күрделі жылу беретін орындар табылды. Олардың өлшемдері, құрылымы және пайдаланылуы әр қалай және мысты еріту процестері әр уақытта жүрген. Талдысайда металлургиялық пештердің түрлері бір өнеркәсіп кешеніне шоғырланған.

Каспийдің солтүстік-шығысында Үстіртте орналасқан Тоқсанбай қонысын зерттеу барысында қызықты нәтижелер берді (Самашев З.).

Тоқсанбай қонысын және айналасындағы өзге ескерткіштерді зерттеу нәтижесінде энеолиттен қола дәуіріне дейінгі аралықта Поволжье Орал, солтүстік Каспий өңірі және Орта Шығыспен мәдени байланыстарының кейбір өзекті мәселелерін шешуге мүмкіндік берді.

Мәдени мұраның маңызды қабат-қатпары көне көшпелілердің кезеңіне қатысты. Қазақстанда бұл дәуірде сақ-үйсін және қаңлы-сармат деп аталатын мәдени мұра қабаты түзілді. Бұл қабаттың бірқатар ерекшеліктері Азияның далалық аймағының көптеген халықтарына тән

болып келеді. Бұл кезеңде көшпелілердің шаруашылық, тұрмыстық және мінез-құлықтық белгілерінен көрініс беретін тұрақты өмір салты қалыптасты.

Көшпелілердің Еуразияның далалары мен таулы қыраттарында пайда болуы жаңа тарихи кезеңнің басталғанының айғағы болды.

Көшпелі мал шаруашылығына өтудің нәтижесінің маңызы отырықшы дихандардың өмір сүрген аумағында өркениеттің экономикалық және мәдени негіздерін қалыптастыруға ықпал еткен қала төңкерісінен кем болған жоқ.

Ертедегі көшпенділік кешеннің құрылуы Қазақстанның оңтүстік аймақтарында, тау бөктерінде, Сырдарияның, Арыстың, Таластың, Шудын, Іленің аңғарларында отырықшы-егіншілік шұраттар түзілуіне әкелді. Арал жағалауындағы ежелгі сақтардың егіншілікпен шұғылданғандығы қазіргі уақытта тұрақты елді мекендердің ашылуымен дәлелденіп отыр.

Сақтар біздің заманымызға дейінгі VI-III ғасырларда Қазақстан аумағында орталығы Жетісу аймағында орналасқан алғашқы мемлекетін құрды. Сақтардың өз жазуы, өз мифологиясы және әдебиетте "аң стилі өнері" деген атау алған әлемдік деңгейдегі үздік қолөнері болды.

Алматы қаласының жанынан сақтардың бүкіл әлемге кең танылған Есік қорғаны қазылды (К.А.Әкішев). Айта кететін бір маңызды нәрсе, андроновтар сияқты сақтар да қазақтардың алыс ата-бабалары болып табылады, ал сақтарды ауыстырып, біздің заманымызға дейінгі III ғасыр мен біздің заманымыздың III ғасыры аралығында өмір сүрген үйсіндер өз атауын қазақтың ірі тайпасының бірінің атында бүгінге дейін сақтап келеді. Сақтарды Қазақстанның оңтүстігінде мемлекетінің орталығы Орта Сырдарияда болған қанды тайпалары ауыстырды; Қазақстанның батысында савроматтарды ер жүрек сармат және дай тайпалары ауыстырды.

Жетісудың ежелгі тұрғындары – сақтар мен үйсіндерді тек қана көшпелілер деп есептейтін дәстүрлі көзқарасты өзгертуге үйсін елді мекендерінен табылған олжалар негіз болды.

Қазіргі кезде Жетісудың сақтары мен үйсіндерінің әрі отырықшы, әрі егіншілікпен айналысқандығы көптеген археологиялық олжалармен дәлелденіп отыр. Сонымен, Шарын өзенінің жағасындағы Сарытоғай елді мекені сақтар мен үйсіндерге тиісті деуге толық негіз бар.

Археологиялық зерттеулердің кейбір қорытындыларын түйіндей келе, көне темір дәуірінде "Талғар ықшам ауданы" жұртшылығының шаруашылығы мал және егін шаруашылығы болды деп атап айтуға болады. Тұрғындар қолдан суғара отырып, бидай, тары, арпа екті.

Бұл мекендер Жібек жолы даңғыл жолының бойында орналасқан ортағасырлық қала орталықтарының түзілуіне өзінше бір бастау болды.

Қазақстандық археологтар Алтайдағы Қатонқарағай аймағында Берел ауылына жақын жердегі "патша" қорғанын зерттей отырып, жуық

арада ғана маңыздылығы жоғары ерекше олжа тапты. Қорған тоң қатпарларынан тұрады (З.С.Самашев).

Бейіттің көрінен жуан әрі енді кеспелтек ағаштан жасалған қима табылды, оның ішінен қақпағында алтындаған төрт қола құстың — періштелердің мүсіні орнатылған науа шықты. Науада екі өліктің — 45 жастағы ер адам мен одан жасы үлкендеу әйелдің мумияланған қалдықтары табылды.

Радиокөміртек тәсілінің арқасында олардың мерзімі біздің заманымызға дейінгі 294 жыл екендігі айқындалды. Дәрігерлердің, генетиктердің және антропологтардың алдын ала берген қорытындысы бойынша, өлген адамдардың мүрделері бальзамдалған болып шықты, алайда қорғанның бірнеше рет тоналғандығынан науаға су кіріп, соның салдарынан жұмсақ маталар жартылай ғана сақталған.

Берел қорғанындағы адамдардың мумияланған қалдықтарының табылуына байланысты берелшілер мен қазіргі қазақтардың генетикалық кодының ұқсастықтарын олардың ДНК-сын алып, салыстыру жолымен молекулярно-биологиялық, көпшілік-генетикалық зерттеулер негізінде табанды түрде жаңаша дәлелдеуге мүмкіндік туды.

2004-2005 жылдарда "Мәдени мұра" Мемлекеттік бағдарламасы бойынша Берел қорғанын қазу жалғасып келеді. Тағы да бір "қатырылған қорғанда" маңызды олжалар табылды.

2005 жылы "Мәдени мұра" бағдарламасы бойынша NN 15 және 17 қорғандар қазылды, сондай-ақ 2004 жылы жартылай ашылған Қырық-Оба мазарындағы N 14 қорған зерттеліп бітті (А.А.Бейсембаев, С.Ю.Гуцалов, М.Н.Сыдықов).

N 15 қорғанның диаметрі — 40 м, биіктігі — 1,1 м.

Қорғанның ортасынан 6,5 м. X 7,5 м және тереңдігі 1,6 м болатын бейіт көрі анықталды. Оның оңтүстігінен ұзындығы 8 м, тереңдігі — 0,6-0,75 м және ені 1 метрге жуық дремос қазылды. Осы көрдің жанында құрылысы қима сияқты ағаш қалдықтары тазартылған.

Дромосқа кіре берісте және оның ескі көлденең жерінде кем дегенде төрт аттың қалдығы жатты.

Бейіт тоналған болып шықты. Одан әр түрлі деңгейде адамның шашылған сүйектері, жебе оғының қола ұштары, алтыннан жасалған ұсақ әшекейлер, сондай-ақ солтүстік-батыс бұрышынан дөңгелене өрнекпен безендірілген капталында ұстағышы бар қола айна, солтүстік-шығыс бұрышынан — ат әбзелдерінің қола бұйымдары табылды.

Қорғандардың мерзімін сенімді түрде біздің заманымызға дейінгі V ғасырдың 1-ші жартысына жатқызуға болады.

Қырық-Оба моласының тарихи-мәдени маңызы, зерттеушілердің пікірінше, біздің заманымызға дейінгі V ғасырда ақсүйектердің сағана-сы болған бұл моланың көшпелі әлемнің ең көрнекті өкілдерінің соңғы жай табатын жері болып табылатындығында.

Арал жағалауы сақтарының ең маңызды ескерткіштерінің бірі Шірік-рабад кентінің жұрты болып табылады.

Шірік рабад Қызылорда қаласынан оңтүстік батысқа қарай 300 шақырым жерде, Жаңадария өзенінің құрғақ сағасында орналасқан.

Қалашықтың бірнеше рет тұрғылықты жер болғанын атап өткен жөн. Оның ең көне бөлігі – екі ірі қорғаннан және 3 шеңбер тәріздес биік қабырғалары бар құрылыстардан тұратын солтүстік бөлігі. Сонымен қатар, бұл бөлігінде қорғандар арасындағы кеңістік биылғы жылы анықталығандай, тікбұрышты және доғал обалармен толықтырылған.

Шірік рабад қалашығы ерте кезде зор стратегиялық мәнге ие болған. Ол Әмудария мен Сырдарияның тоғысында сақ-апасияктардың елінің шекарасын қорғап тұрғандай, керуен жасының бойында тұрған. Балқан, оның көпқатары қорғаныс құрылыстарымен бекітілгенін осы жағдаймен түсіндіруге болады. Қалашық маңындағы барлау барысында Жаңадарияның негізгі саласынан бастау алатын қолдан жасалған ирригациялық жегісінің толық бір жүйесі анықталған.

2004-2005 жж. жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижесінде патша обаларының қалдықтарын және әлі де соңына дейін зерттелмеген ірі амфитеатр тәріздес құрылысты бөлкім сақ храмы анықталды. Қазба жұмыстарында керамика жиынтығы, күміс пен алтыннан жасалған әшекейлер жинақталған (Құрманқұлов Ж.).

Негізгі орталықтар Арал мен Каспий теңіздері аралығындағы далаларында орналасқан сармат-дахомассагеттік этносаяси бірлестіктің әскери-саяси, экономикалық дәрежесі, әлеуметтік құрылымы әлемдік көз қарасын зерттеу мәселелері сол уақыттың көптеген белгілі жағдайларын сипаттауға көмектесер еді, бірақ әлі күнге дейін бұл мәселе толық зерттелмей келеді. Сол себепті сармат, әсіресе кейінгі сармат ескерткіштерін зерттеу өте қажет болып табылады. "Мәдени мұра" бағдарламасына сармат кезеңінің ірі ескерткіштерінің бірі Қызылұйық ғибадатханасы кіреді.

Сарматтардың Қызылұйық ғибадатханасы Ақтөбе облысының Дияр Байғанин ауданынан ООШ қарай 60 шақырым жерде орналасқан.

2004-2005 жылдары қазба жұмысының нәтижесінде қорған ретінде бекітілген объектіні қандай мақсатта қолданғанын зерттеу міндетті түрде. Объектінің орталық бөлігінде 1-1,6 м тереңдікке дейін тас үйінді тазартылды, оның өлшемдері солтүстіктен оңтүстікке қарай 6,9 м, ал батыстан шығысқа қарай 6 м болып келеді.

Бұл ескерткіштің зерттелуі ежелгі сарматтардың діни-культтық және идеология мен өнерінің, мәдениетінің, тарихының шешілмеген мәселелеріне жаңа толқын береді (Самашев З.).

Мәдени мұраның келесі маңызды сатыларының бірін - түркі-соғды және түркі-мұсылмандық деп атауға болады. Бұл жерде бірнеше мәдени ұрпақ өзара жақындаса дамыған. Үйсіндерде және постүйсіндік уақытта

басым болған көптеген көшпелі қағандарда болған отырықшы өмірге деген басымдықтар мүмкіндігі көшпеліден ұзақ мерзімді тұруға ажырыуын қоныстарға біртіндеп себеп тигізді. Сонымен бірге сол кезде VI-VIII ғғ. Оңтүстіктен Орталық Азиядағы урбанизациялануға мәдениеттің эталоны болған Соғды өркениетінің зор әсері тиді. Түрік қағаны кезінде білімнің түркі тілді саясаты күшейе түсті. Б.з. I ғ. орталық түріктер тарихындағы маңызды тармақ-мемлекеттің құрылуы болды. Ежелгі түріктер империясы Тынық мұхитынан Қара теңізге дейін созылып жатты.

Түрік ескерткіштерін зерттеу мен қорғау үшін кешенді археологиялық зерттеулер Мерке мен Жайсан діни мемориалды кешен ғибадатханасында шоғырланған. Ғибадатханалар Жамбыл облысының Шу даласында орналасқан.

Мерке ғибадатханасы Мерке өзенінің жоғарғы сағасының биік таулы Альпылық көгалында орналасқан. Жайсан ғибадатханасы мерке ғибадатханасынан төменге солтүстікке қарай 120-140 шақырым жерде Шу-Іле тауларының солтүстік батыс беткейінің қалалық бөлігінде орналасқан (Досымбаева А.М.).

Мерке діни ескерткіштің негізі жұпты ерлер мен әйелдер мүсіндері, жеке әйелдер, ерлер мүсіндерін құрайды. Олар қорған бетіндегі үйінділерде орын тепкен. Мерке діни ғибадатхананың құрылымын Жайсан ғибадатхана ескерткіштері мен салыстырмалы сараптамасы Шу алқабында орналасқан кешендерінің айырмашылығын көрсетті.

Түрік ескерткіштерін зерттеу түрік көшпенділері этногенез үрдісін тарихи-мәдени жаңғырту тұрғысынан көкей тесті мәселелердің бірі болып отыр.

Ақыртас археологиялық-архитектуралық кешенде жүргізілген қазба жұмыстары нәтижесінде алынған материалдар қызығушылық тудырады. Ол қазіргі Тараз қаласынан шығысқа қарай 40 шақырым жерде орналасқан. Оған: сарай кешені, биіктігі 1 м ден 1,5 м ге дейінгі қызыл құмды тас блоктарынан құрылған; бекінісі оңтүстік батысқа қарай сарай кешенінен 1 шақырым жерде (шаршы тәріздес, 39x40,5 м), қорған табиғи шатқалда орналасқан, оның өлшемі 40x25 м., биіктігі 3-3,5 м құрылыс тікбұрышты ұзындығы шығыстан батысқа қарай бағытталған; бақша-саяжайлы аймағы (сарай кешенінен шығысқа қарай 250x250 м өлшемді) қабырғаларымен қоршалған, сонымен қатар шикізат орындары- тас құлату, саз өндіру, кен орны, бақылау мұнарасы, құлдар жертөлесі, сумен қамту жүйесі, сақ қорғандары кіреді.

2004-2005 жылдардағы зерттеулер біріншіден мұражай және сарай кешеніне консервациялық жұмыстар жүргізу, екіншіден кешенді тополанға, түсіру, сонымен қатар бекініске қазба жұмыстарын жалғастыру жоспарланды (Байпақов К.М., Воякин Д.А.).

Қаңлы кезеңінен ерте түрік кезеңіне дейінгі ортағасырға Түркістан оазисінде орналасқан Сидак қонысы жатады.

Археологиялық-архитектуралық құрылыс объектілерді консервациялау мен мұражайландыру мақсатымен қалашықтың цитаделінде қазба жұмыстары жүргізілді. Қалашықтың цитаделінде храмдық кешені тазартылып, стратиграфиялық зерттеулер басталды. Сонымен қатар қалашықтанбатысқа қарай 800 м қашықтықта табылған некропольде да зерттеу жұмыстары жүргізілді. 2005 ж. цитадельдің батыстағы үштен бір бөлігінде ғана қазба жұмыстары жүргізілді. Үлкен ауданда (1200 ш.м.) тұрғын-жай кешеніне біріктіретін, қырықтан аса бөлмелерден тұратын жоғарғы құрылыс горизонты бойымен тұрғын иелігі айқындалды.

2005 ж. VI-VII ғғ. жататын қабат деңгейімен ауданы 1000 ш.м жететін алтарь бөлігі мен ауласы бар үлкен храм ашылды. Қазба жұмысы барысында үлкен бөлігі түркі-соғды мәдениет кешеніне жататын керамика, металл және сүйек бұйымдарының коллекциясы жиналды. Табылған материал Оңтүстік Қазақстанда орналасқан ерте ортағасырлық қаланың даму процесін қадағалауға жағдай жасайды (Е.А.Смагулов).

Сондай-ақ бағдарлама бойынша зерттеліп жатқан Жуантөбе қалашығы, қаңлы қонысы негізінде ерте ортағасырлық қаланың даму динамикасын байқауға болатын материалдар ал оның жанында орналасқан Бөріжар қала некрополінің зерттеулері Оңтүстік Қазақстанда түркі-соғды мәдени кешенінің таралуымен байланысты қалаларды түркілендіру проблемасын зерттеуге жағдай жасайды (Б.А.Железняков, А.А.Ержігітова).

Бөріжар обасы мен Жуантөбе қалашығында жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижелері отырар-қаратау мәдениеті мен Оңтүстік Қазақстандағы урбанизацияның дауымен байланысты қиын сұрақтарға жауап табуға өз септігін тигізді.

Мәдени мұраның маңызды кезеңдерінің бірі — ортағасырлық Қазақстан мәдениетінің исламдану кезеңімен байланысты. Осы кезде араб халифатының территориясына кірген Оңтүстік Қазақстан және Жетісу аймақтары Бағдаттан Қаялыққа дейін дамыған мұсылман мәдениетінің әсері де болды. Адамдар білім іздеу мақсатымен Каир және Дамаскіге, Бұқара мен Самарқантқа, Танжер мен Альгабруга баратын.

IX-XII ғғ. кезеңін атақты швейцар шығыстанушы Адам Мец мұсылмандық шығысты "Мұсылмандық ренессанс" деп атаған. Бұл толығымен Қазақстан мәдениетіне жатады.

Мұсылман мәдениетінің дамуында маңызды орынды Ұлы Жібек жолы алды.

Ортағасырлық Қазақстанда сарайлар мен мешіттері, көрнекті кесенелері мен медреселері, шеберханалар және тұрғын кварталдар бар оннан аса гүлденген қала болған.

Қазақстан қалалары, қолөнер және ауылшаруашылығы шоғырланған саяси-әкімшілік, ғылым білім және мәдени орталықтары болған.

Мәдени мұра бағдарламасының бір бағыты "Мұсылман ренессанс" мәдениеті мен урбанизациясын зерттеуге арналған. Бұл бағытта Жетісуда маңызды зерттеулер жасалынды.

Қойлық қаласы қарлұқтар қаласы. Ол Антонов қалашығымен салыстырылады.

Қойлық қаласында қазылған бірігей объектілердің бірі — мешіт болып табылады (Байпақов К.М., Воякин Д.А., Железников Б.).

Қойлықтың мешіті қазба жұмыстарынан бұрын қаланың ортасында өлшемі 30x30 м жететін төртбұрышты төбе болған. Қазба жұмысы мешіт ішкі кеңістігінің өлшемі 38x32 м жететін төртбұрышты болған.

Қазба нәтижесінде жиналған Қойлық қалашығындағы кесенесінің алғы бетіндегі өсімдік мен эпиграфиялық оюлары Үзген кесенесіндегі бедерге ұқсас келеді (1186-1187 жж.).

Алдыңғы қазба жұмыстарынан қалашықтың солтүстік қабырғасынан тыс орналасқан будда храмы бізге жақсы таныс. Сондай-ақ, Лепсідегі болжамды несториандық қонысында қазба жұмыстары жалғасуда.

X ғ. деректерінде көрсетілген Жетісудағы ортағасырлық қалаларының ірілері Талхир болып табылады.

Талғар қалашығында жоғары дамыған темір өндіретін және ұсталық өндірістер табылды. Осы жерде болат балқытып, әр түрлі бұйымдар жасаған.

Талғар ішкі және халықаралық сауданың орталығы болған. Талғардан, Қытайдан, Үндістаннан, Ираннан және Орталық Азиядан әкелінген шетел бұйымдары табылды.

X-XI ғғ. қараханидтер дәуірінде Талғарда теңге сарайы жұмыс істеді. Бұған қола теңгелердің көптеген дайындамалардың қазба орындарының табылуы дәлел болып табылады (Савельева Т.В.).

Өткен жылғы археологиялық зерттеу жұмыстары тек Оңтүстік Қазақстан аймақтарында ғана емес сондай-ақ Сарыарқада, Ертіс маңында, Батыс Қазақстанда, Ертістен Оралға дейінгі дала аймақтарында қала мәдениетін айқындады.

Сарыарқада Астана шекараларында бірігей дала қаласы Бұзық зерттелуде. Қазба жұмыстары 1999 ж. басталып, 2004-2005 жж. жалғасты.

Қазба жұмыстары нәтижесінде Бұзық X-XII ғғ. салынғаны дәлелденді. Солтүстік Алтайдан өтіп, Ертіс, Есіл, Тобыл, Волгадан Руське және Византияға бара жатқан Жібек Жолының далалық трассасы бойында бекініс және әскери бөлімі болған. Ескерткіштің екінші өмір сүруі XIII-XV ғғ. басталып, қираған қала әулиелі жер болып жерлеу орнына айналды.

Ескерткішті, зерттеушілердің пікірі бойынша, Бұзық Астана қаласының алғы буыны деп есептейді (М.К.Хабдулина).

Орал өзенінің бойында Алтын Орда, Ноғай ордасы, кейіннен қазақтардың атақты қалаларының бірі Сарайшық қазылды. "Мәдени мұра"

бағдарламасының аясында жүргізілген жұмыстар Ұлы Жібек жолы бойындағы Орта Азияға шығатын "Батыс қақпасы" маңызды рөл ойнады (З.С.Самашев).

2000 ж. табылған Жайық қаласы Орал қаласынан оңтүстікке қарай 8 шақырым жерде орналасқан. Оның қорым кешенінде Алтын орданың қыпшақ ақсүйектеріне арналған бірегей кесенелер тұрғызылған. Қала Озал қаласының негізі болған, ол XIV ғ. өмір сүрген (Г.А. Ахатов).

Кейінгі ортағасырда Ақ Орда, Алтын Орда, Моғолстан мемлекеттері және кейін Қазақ хандығының құрылуы мен дамуы кезеңінде мәдени мұраның өзіндік орны қалыптасады. Оның негізін ескерткіштер мен қала мәдениеті құрайды. Археологиялық ескерткіштер жоғарыда аталып өткен мемлекеттерд қала мен дала мәдениеті біріге мал және егін шаруашылығымен айналысқанын көрсетеді, сондықтан да қазіргі таңда бұл мемлекеттердің дамуы тек қана көшпелі болған деп қарастыруға болмайды. Қазақ хандығының және қазақтардың экономикасының, саясатының, мәдени өмірінің маңызды орталықтары Түркістан, Отрар, Сауран, Сайрам, Шымкент, Қараспан, Сығнақ қалалары болды.

Сондықтан да бағдарламада кейінгі ортағасырлық қалалары мен ортағасырлық емес қалашықтарына Шымкент, Сайрам, Қараспан, Отырар, Сауран үлкен назар аударылды.

Шымкент қалашығының қазіргі таңда бұзылған Батыс бөлігіне салынған стратиграфиялық шурф жаңа қаланың орнында тұрған қоныс б.э.д. II ғ. жататынын көрсетті. Қала 2200 жыл қатарынан өмір сүрген қаланың кейінгі ортағасырлық қабаттары шахристанда ашылды (Б.А.-Байтанаев).

Қараспан қалашығы Арыс өзенінің ортанғы ағыс бассейнінде орналасқан.

XVIII ғ. бірінші жартысымен мерзімделеді (Р.К.Шербаев, С.А. Дудак).

Ортаңғы Арысқа Испиджабтан Отрарға, Узбаникет қаласының орталығы мен Кенджиду округін кіргізетіні жазба деректерден мәлім. Моңғол дәуірінде кейіннен мәлім болған монета жасаған Кендже монета сарайы, Кенджиде және Кендже бір ауданның аты болуы тиіс.

Узбаникет қалашығы Ортаңғы Арыстағы Қараспан қалашығына ұқсас болуы мүмкін.

Қазақстанның ең ірі қалаларының бірі - Сауран. Ол кезінде Ақ Орданың астанасы болған. Қазба жұмыстарына қақпадан СШ қарай 210 метр магистральды көшеден солтүстікте орналасқан объект таңдалды.

XVI ғ. Васифи тарихшысының сипаттауларының арқасында бұл жерде екі жайқалып тұрған минареті бар Сауран медресесінің орналасқаны анықталды.

Оған қарама қарсы мешіт және әлі қазылмаған Сауранның архитектуралық регистап ансамблін орталық аландағы құрылыстары болды. Бұл

археологтармен қазылып жатқан архитектуралық қиын кешен болып табылады (К.М.Байпаков, Е.А.Смагулов, М.Е.Елеуов).

Қазақстан үкіметімен бекітілген "Ежелгі Отырардың жандануы" бағдарламасын ерекше атап өту қажет. Ол да "Мәдени мұра" бағдарламасымен қатар Отырар оазисінің ескерткіштерін зерттеп сақтауға бағытталып, Отырар археологиялық мұражай-қорығы құрылды.

Отырартөбе, Құйрықтөбе, Алтынтөбе, Көкмардан, Мардан-Күйік қалашықтарынан І мыңжылдықтың ортасынан ХҮІІ ғғ. дейінгі әр кезеңге жататын қалалық кварталдар мен тұрғын жай орындары фортификациялық құрылыстар, сарай кешендері, храмдар, мешіттер, моншалар ашылды. Объекттердің сақталуы бағдарламаның басты міндеті (К.М.Байпақов, Д.А.Воякин).

Ғылыми зерттеулердің басты шешімі мақалалар, монографиялар, оқулықтар, оқу әдістемелері, ғылыми-басылымдар, альбомдар, буклеттер шығару болып табылады.

2005 ж. "Мәдени мұра 2004" бағдарламасының жұмыстарының шешімі "Ортағасырлық қалалар мен солтүстік-шығыс Жетісу қоныстары" деген монографиясында жарық көрді.

"Мәдени мұра: археология ескерткіштері" және "Отырар қаласының жандануы" атты кітаптар басылымдары шығарылуда және ойластырылуда.

"Ортағасырлық Сауран қаласы", "Жайық қалашығы", "Отырар оазисінің ежелгі байлығы" атты еңбектер жарық көрді.

Жоғарыда аталып өткендей ескерткішті консервациялау археологиялық архитектурасының мәдени мұрасын сақтап қалу басты компонент.

Консервация технологиясын меңгеруде халықаралық ЮНЕСКО Қазақстан-Жапония жобасы "Отырар оазисінің ескерткіштерін сақтап қалу бағытын ұсынды".

Оған Қазақстанның, Германияның, Англияның, Италия және Жапонияның мамандары қатысты.

Бұл "Ежелгі Отырар қаласын сақтау" атты жаңа Қазақстандық жобада жалғастырылды.

Отырартөбе қалашығында ХІҮ ғ.соңы - ХҮ ғ. басына жататын Отырар мешітінің жобасы нәтижесінде консервация жалғасты, ХҮІ-ХҮІІ ғғ. соңына жататын қала кварталының собор мешітінен батысқа қарай орналасқан оңтүстік кіре берісі, камалдар, бекіністің оңтүстік қабырғалары консервацияланды.

Өзінің консервацияланған бөлігінде жұмыс жүргізілді, бірақ келесі кезеңі Отырардың жағдайын жақсартуға байланысты жаяу жүретін жолдарды жөндеу, плакаттарды жасау - бұл жүйелерді жасау үшін ақшалай қаржы қажет етеді.

2005 ж. Сауран қалашығына ХҮІ ғ. жататын медресеге археологиялық консервация жүргізілді. Талхирдан шығыс қақпасы қала кварталына консервация жүргізілді.

Консервация жұмыстары Ақыртас кешенінде жүргізілуде. Солтүстік, шығыс және батыс жақтағы мұнаралы бекіністің қабырғасы көп ғасырлық насосымен тазартылған. Солтүстік сарай бөлігі және солтүстік кіреберісінің бастысы тазартылды. Келесі консервация төбесі навеспен жабылып, саман кірпішпен қаланған сарай алдағы консервация жұмыстарын жүргізу үшін навеспен жабылды (К.К.Тұяқбаев).

Қойлық қаласының Антоновка қалашығындағы буддалық храм мен собор мешітінде, сондай ақ собор Михрабында, сарай моншасында суға төзімді сылақпен сыланып консервация жұмыстары жүргізілді. Олардың төбесі кірпішпен жабылған.

Мерке, Жайсан қорымдарында бірнеше тас мүсіндерінің консервациясы жүргізілді /жабыстыру және тазалау/.

"Мәдени мұраға" кіретін барлық ескерткіштер туристік маршруттарды құру мақсатында мұражайландыру объектілері ретінде қарастырылады.

Президенттің ақпан айындағы Жолдауынан кейін туризмнің дамуы жөніндегі, жаңа және бар маршруттар жөнінде мәліметтерді толықтыру шарттары алға қойылды. Қазіргі таңда туризмнің Оңтүстік немесе Түркістан-Сайрам бағыттары перспективті болып саналады.

Оңтүстік Қазақстан әр түрлі және әр кезендік археологиялық ескерткіштерге бай аймақ болып саналады. Бұл Қаратау таулары мен Түркістан қаласының жанында орналасқан Қошқорған мен Шоктас палеолит тұрақтары /І млн. жылға дейін /.

Тас дәуіріне жататын ескерткіштердің ішінде б.э.д. ҮІ-Ү мың жылдыққа жататын Қараүңгір тұрағын атап кетуге болады. Қаңлы мемлекетінің ескерткіштері Тянь Шань мен Сырдарияға бағытталған Ұлы Жібек жолындағы ортағасырлық: Испиджап-Будухкет, Газгирт, Шымкент, Усбаникет, Отырар, Яссы-Түркістан, Сауран, Сығанақ-Баладж қалалары қызықтыруда.

Ғылыми зерттеулердің басты мақсаттарының бірі -ескерткіштерді мұражайландыру және тарихи археологиялық, туристік жүйеге енгізу болып табылады.

"Ежелгі Түрік қағанаты және Византия" маршруты ежелгі және ортағасырлық Қазақстан мен Европа \Еуразия\ халықтарымен саяси, экономикалық және мәдени байланыс жолы болғанын көрсетеді.

Шымкенттен Түркістанға апаратын халықаралық туристік басқа жолдарды дайындау археологиялық және консервациялық жұмыстар жүргізеді.

Маршрут қазіргі Шымкент территориясының орталығында орналасқан ежелгі қаладан бастау алады \Шымкент қалашығы\.

II ғ. пайда болды. Бұл жерде цитадель, Шахристан фортификация археологиялық объектері мұражайландырылады. Қалашық негізінде Шымкент қаласының тарихына арналған мұражайы бар археологиялық парк құрылуы ұсынылады. Қалада археологиялық және этнографиялық бай коллекциясы жиналған облыстық тарихи өлкетану мұражаймен танысуға болады.

Шымкенттен кейін маршрут 8 шақырым қашықтықтағы қазіргі Сайрам қаласының территориясында орналасқан ежелгі Испиджап-Сайрам қаласына апарады. Ол Мәуренахрдың ең үлкен қаласы болған (Сырдарияның шығыс территориясында). Ұлы Жібек жолынан Ташкентке, Бұқараға, Меркеге және Нишапуруға, Солтүстік Батыстан, Европаға; Солтүстіктегі Дешті Қыпшаққа; Шығыс Жетісу мен Қытайға бағыт алды. Бұл қалада Қожа Ахмет Яссауй дүниеге келген.

Сайрам территориясында Қожа Ахмет Яссауйдің әкесі мен анасының мавзолейлері, VII-VIII ғ. жататын христиан монастырының қалдықтары, XVIII ғ. жататын минарет сақталған.

Сайрамнан Шымкент арқылы тас жол бойымен Шымкент-Арыс-Шәуілдір-Түркістан туристік маршрут Арыс өзенінің бойында орналасқан ортағасырлық Узбаникент қаласына, қазіргі Жуантөбе, Қараспан төбе және Бөріжар некрополине апарады. Осы жерде I-X ғ., XIII-XVIII ғ. жататын қала қалдықтарын және VI-VIII ғ. ежелгі мавзолейлерді байқауға болады.

Маршрут одан әрі Арыс қаласы арқылы тас жолмен Шәуілдір ауылында орналасқан Отырар және Отырар оазисіне апарады. Бұл ескерткіш ежелгі түрік археологиясы, тарихы мен мәдениеті керемет XIY ғ. соңы-XY ғ. басына жататын мешіт Отырарда қазылды. Ол консервацияланды да, бірақ жартылай қалпына келді. Ортағасырлық моншаның қалдықтары қызығушылық тудыруда. Тұрғын кешені әр ғасырлық, XIII-XIV ғ. жататын қыш шеберханалар, фортификация, ирригация. Отырардан басқа туристерге Құйрықтөбе, Алтынтөбе, Мардан-Құйық ұсынылады.

Құйрықтөбе-бұл Кедер қаласы. X ғ. жататын ежелгі мешіт жартылай қалпына келтірілді.

Арыстан баб мавзолейін экскурсиялаумен қарастырылады. Бұл жерде Қожа Ахмет Яссауйдің ұстазы Арыстан баб жерленген.

Отырар мен танысу 1-3 күнге созылады. Түркістанға туристер Шәуілдір-Түркістан тас жолымен келіп Қожа Ахмет Яссауйдің кесенесін аралайды. Түркістанда сондай-ақ тарихи музей, шығыс базары және т.б. қызық жерлер бар. Түркістаннан автотрассадан батысқа қарай 40 шақырым жерде орналасқан ежелгі қала Сауранға баруды ұсынамыз. Сауран - құнды ескерткіш. XIY-XVIII ғғ. жататын қаланың жақсы фортификацияланған және қазып алынған объектілеріне XVI ғасырда Васифи суреттеген мешіт пен медресе бар.

Шымкентке сол бағытпен қайтып оралуға болады немесе Қаратаудан асып /көлік трассасы бойынша/ XIX ғ. жататын мешіті орналасқан Баба-Ату ауылын көріп Кентау қаласы арқылы өтуге болады. Содан XIX ғ. жататын құнды мешіті сақталып қалған Шаян арқылы өтіп Шымкентке қайта оралуға болады.

Көбіне бұл туристік маршрут мұсылмандық қасиетті жерлерді көруге келетін сенушілердің жолына сай келеді: Арыстан баб және Қожа Ахмет Яссауи.

Бұл Қазақстан, Қырғыстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Ресей Федерациясынан және шетел мұсылман мемлекеттерден келген сенушілер.

Бұл маршрут қазіргі шыққан өзінде танымал: мәселен Отырар оазисінде /қолда бар статистикаға жүйенсек/ жыл сайын 200 000 адам болады және сенушілер мен туристер ағымы тез өсуде.

"Ежелгі Отырар қаласын жаңғырту" атты алдын ала қаралған және жоспарланған бағдарлама негізіндегі туризм инфрақұрылымын құру /жолдар, қонақ үй/, археологиялық объектілерді мұражайландыру, буклет, альбом, бейне материалдар, жол сілтемелерді шығару Қазақстанның оңтүстігінде туризмнің дамуына жана сапалы серпіліс береді.

Жетісулық (Алматылық) тізбек. Тарихи және археологиялық туризмнің бастамасының орталығы ретінде қала маңы мен бірге Алматы мен Талдықорған болады. Алматыдан шеңберлі маршрут басталады, ол мынадай тізбекпен: Есік пен Тургень сақ қорғандары, ортағасырлық Талхир қалашығы мұнда туризм объектілеріне жататындар сақ патша қорғандары және археологиялық зерттеулер жүріп жатқан ортағасырлық қала.

Алматыдан тағы бір Тамғалы ғибадатханасына бағытталған. Бұл Қазақстанның ежелгі тасқа қашалған өнерінің құнды ескерткіші Алматыдан батысқа қарай 170 шақырым жерде орналасқан.

Қарлұқтық жабғу сарайы, мешіті, буддалық храмы бар Сарқанд ауданындағы ортағасырлық Қаялықтан Талдықорғанға дейін және қаланың Шығысынан 35 км жерде Көксу өзенінің бойында орналасқан Ешкі өлмес ғибадатханасынан Талдықорғанға дейін екі маршрут жолын салған жөн.

Тараз уезіне Тараз (мұражай)-Төменгі Барысхан қаласы – Жетітөбе хан қорғаны – Ақыртас кешені маршруттары кіреді. Бірегей Ақыртас кешені өзіне саяхатшылар мен сыйынушыларды қызықтырады. Осы маршрут бағытында туристік инфрақұрылымды құру маршрутты танымал етеді.

Айша Бибі мавзолейін қайта қалпына келтірілгеннен кейін Тараз – Айша Бибі және Бабаджа қатун маршруты қазіргі таңда жұмыс істеуде және туристер қатарын көбейтуде.

Сарыарқа орталығы Астана мұражай қорлары мен ортағасырлық Бұзық қалашығының (қала сыртындағы) негізінде құрылған. Археологтардың ортағасырлық қалаға жүргізіп жатқан қазба жұмыстарының негізінде Алматыдағы қазіргі туристік объект сияқты археологиялық парк құрған жөн.

Шығыс Қазақстан орталығы. Бұл орталықта Өскемен өзінің мұражайларымен б.з.д. ІҮ-ІІІ ғғ. жататын Берел қорғанына және Зайсан қазаншұңқырындағы Шілікті сақ қорымына дейін маршрут жолын салу қажет.

Орал археологиялық туризм орталығы. Орал қаласынан ортағасырлық Жайық қалашығына және Қырық-оба сармат-савроматтар қорым кешеніне дейінгі аралыққа маршрут жолын салу қажет.

Осы екі ескерткіштің негізінде табиғи-археологиялық қорық салу керек.

Қазіргі кезде археологтар мен жергілікті мұражай қызметкерлерінің бірігуімен зерттелініп жатқан ортағасырлық Сарайшық қалашығынан Атырауға дейін маршрут жолы салынған.

Іс жүзінде бұл маршруттардың барлығы жұмыс істеуде және туристтерді өзіне тартуда.

2004-2005 жж. "Мәдени мұра" Мемлекеттік бағдарламасы бойынша кейбір жүргізілген жұмыстар нәтижесі осындай.

ТҮРКІЛІК АУЫЛДЫҚ ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ ТАРИХНАМАЛАР ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНЫҢ МҰСЫЛМАНДЫҚ ТАРИХЫ БОЙЫНША ДЕРЕККӨЗІ РЕТІНДЕ (1888–1912 жж.)

Аллен Дж. Франк –

т.ғыл.д., Индиана университетінің (АҚШ) профессоры

Қазақстан тарихында Ресей империясы құрамына енген кезеңде хатталған мұсылмандық тарихи дереккөздерін зерттеу әлі күнге дейін қолға алынбай отыр. Мұсылмандық тарихи дереккөздер бойынша салмақты зерттеулер көбіне классикалық Орталықазиялық тарихнама айналасында жүргізілді. Жақын арада Оңтүстік Қазақстан аумағында, яғни Сырдария өзенінің орта және төменгі ағыс алқабында Қоқан хандығы уақытында хатталған мұсылмандық дереккөздер бойынша бірнеше атап өтерлік зерттеулер жүргізілді.

Соған қарамастан, Ресей мен Қазақстанның солтүстік-шығыс облыстарының мұсылмандық тарихнамасынан елеулі ескерткіштер қалған.

Кейінгі империялық кезең туралы сөз қозғағанда біз Қазақстан емес, Қазақ даласы туралы айтқанымыз дұрыс болар, өйткені осы тарихнамалық дәстүрдің кейбір орталықтары қазіргі Қазақстан Республикасынан тыс, Қазақ даласына жақын аумақтарда орналасқан. Бұл ареал Ресейдің Астрахан, Орынбор, Троицк қалалары мен Новоузенский уезд (Самара губерниясы) және Қытайдағы Жоңғария сынды әкімшілік бірліктерді қамтыды. Соңғы екі облыс сол уақыттарда Қазақ даласының құрамында болған.

Осы мақаланың шеңберінде қарастырылып отырған әдеби жанр шартты түрде "ауылдық және қалалық тарихнамалар" деп аталады. Әдебиеттің бұл түркітілді жанры 1880 жылдары Еділ-Орал аумағында пайда болды да, XX ғасыр басына таман Еділ-Орал облыстарында, Сібірде, Қазақстанда және Солтүстік Дағыстанда кең таралды. Бұл жанрдың түптамырларын XVII–XVIII ғасырлардағы жергілікті мұсылман хроникалары мен киелі тарихтан табуға болады. Жанрдың өзі аса күрделі және көпқырлы, бірақ оның ең кең тараған элементі оның тұрақты құрылымы және осы тарихнаманың біртұтастығы болды. Бұл жұмыстар діни тарихқа негізделген. Олар белгілі бір қала немесе аудандағы мешіттерді хронологиялық түрде сипаттайтын және олардың жанында имам қызметін атқарған сопылар мен үлемдерді тізіп көрсетуге арналған, жеке-жеке бөлімдер немесе тарауларға бөлінген. Осыған байланысты біз оларды ислам мекендері тарихы деп қабылдауымызға да болады. Еділ-Орал аумағында осындай әңгімелердің алғашқылары 1880 жылдардан бастап, Қазан қаласы мен Қазан губерниясындағы маңызды мұсылман ауылдарының тарихтарын жазудан басталады. Олардың арасынан Хұсайн ибн Әмірханның "Қазандағы жаңа-татар слободасының тарихы" (1883 ж.), Шихаб ад-дин әл-Марджани құрастырған Қазан мен Қазан губерниясындағы бірнеше ауылдарының тарихтарын (1885 ж.) кездестіреміз. Әл-Марджани жұмысының екінші томында Орынбор қаласының мешіттері мен имамдарының тарихтары да бар.

1. Семей

Қазақ даласында мұндай тарихнама алғаш рет әл-Марджани еңбегінен үш жыл кейін пайда болады. Ол – Ахмед-Уәли ал-Қазани әс-Семипулатидің (1831–1901 жж.) 1888 жылы құрастырған "Китаб-и та'рих-и Семипулат Қаласы". Бұл тарихтың бізге мәлім жалғыз көшірмесі жеке жинақта сақтаулы. Осы шығарманы біз 2001 жылы Германияда басып шығардық.

Семейдің мұсылмандық тарихнама жазылған алғаш қала болуы ғажап емес. 1880 жылдары Семей Ресей империясындағы мұсылман ғылымы мен білім беруінің ең маңызды орталықтарының бірі болады және Орынборға жақын болғандығынан мұсылман ғылымының Қазан, Қарғалы сияқты аты шыққан орталықтарымен бәсекелес бола бастады. Басқа қала-

лардағыдай, Еділ-Орал мұсылмандары, Орта Азия тұрғындары мен қазақтардың бай мұсылман саудагерлері Семейдің діни мекемелерін қолдап отырды. Бұл еңбекте басты назар осы қаладағы мұсылман қоғамдастықтары мен мекемелеріне, ең алдымен, оның он бір мешіті (екі сарттық, тоғыз қазақтар мен ноғайлардың мешіті) және тұрақты қызмет ететін тоғыз медресе (сол заманда бір қала үшін өте көп сан). Ахмед-Уәли әңгімесі мұсылман қоғамдастығының этноұлттық құрамы мен оның орыстармен қарым-қатынастарын зерттеу үшін аса маңызды. Ол бізге Қазақ даласының Семей, Өскемен мен Зайсандағы ғұламалары жайлы құнды өмірбаяндық ақпарат береді. Ахмад-Уәли тарихы басқа тарихшы Құрбан-Әлі әл-Халиди әл-Аяғези әл-Чаучағи/Шәуешегі жағынан (1846–1913 жж.) жалғастырылды. Ол мұсылман тарихнамасы бойынша Ресей империясының жерінде жазылған ең ірі еңбек "Тауарих-и хамса-йи шарқи" және 2005 жылы біз Нидерландияда басып шығарған Қазақ даласы ғұламаларының өмірбаяндық сөздігінің авторы ретінде белгілі. Құрбан-Әлі тарихы 1912 жылы құрастырылған. Ол жоғарыда айтылып кеткендей, Ахмад-Уәлидің ертеректе жазылған, бізге жеке жинақта жетіп отырған бірегей қолжазба жұмысына негізделген болуы керек.

2. Қарғалы

Қарғалы (Сейіт Посады немесе мұсылман деректерінде Са'ид) Ресей империясындағы ең ірі, беделді орталық және XVIII ғасырда қазақ студенттерінің білім алатын басты орны болды. Риза ад-дин ибн Фахр ад-диннің (1936 ж. қайтыс болған) "Қарғалы қаласының тарихы" еңбегі қала жайлы маңызды өмірбаяндық дереккөзі болып табылады. Бұл жұмыс 1897 жылы Қазанда басылды. Ол Орынбордың қасында орналасқан осы қала ғұламаларының маңызы зор өмірбаяндық сөздігі ретінде сипатталады.

Риза ад-дин тарихы қала мешіттері мен олардың имамдарының тізімі болып келеді. Онда соңғыларының қысқаша өмірбаяндары бар. Сонымен қатар ол 1740 жылдан 1890 жылға дейінгі ауқымды хронологиялық шеңберді қамтиды.

3. Орск

Абдуллах әл-Му'азидің "Та'рих-и му'азийа" қысқаша тарихы 1906 жылы Орынборда басып шығарылған. Ол екі бөлек, бірақ бір-бірімен тығыз байланысты тақырыпты біріктіреді. Кейінірек Абдуллах әл-Му'азидің өзінің басты жұмысы "әл-Қатра мин бихар" атты кітабын шығарды (Орынборда 1908 жыл шамасында шықты), ол Ресей, Орта Азия, әсіресе Қазақ даласының сопылық бірлестіктеріне арналған. "Та'рих-и му'азийаның" бірінші бөлімі ертерек жазылған, Му'аз ибн Бик-Мұхаммад әл-Қарамали негізін қалаған және Сақмар мен Орал өзендерінің алабында өмір сүрген сопылық династияның отбасылық тарихы болып табылады. Бұл отбасылық тарих Қазақ даласының батыс бөлігінде

қызмет еткен ғұламалар туралы құнды мәлімет беруімен маңызды. Екінші бөлім — автордың өзі имам болып тұрған Орск (Жаман — қала) қаласының тарихы.

4. Астрахань

Қазақ даласына арналған жұмыстардың арасындағы ең ерекшесі — 1907 жылы Астраханда басылған Жахан-шах ан-Нижғарутидің "Та'рих-и Астрахан" шығармасы. Жахан-шах Астрахан қаласында имам болды, бірақ болған жайды көрсетуде ол дәстүрлі амалдарға ғана сүйенбейді. Бұл оның жұмысы екі қызықты тақырыпқа бет бұруынан көрінеді. Біріншісі — әулиелер мен олардың жерлену орындарының (мазарлары) сипаттамасы, жергілікті сопылардың қысқаша өмірбаяндық сөздігі мен Астрахан ноғайларының тарихына арналған "Астархан қаласы мен облысының киелі тарихы". Жұмыстың екінші және басты тақырыбы — ресейдегі тарихи оқилардың дамуы және 1905 жылғы революциядан кейінгі мұсылмандардың саяси ахуалын талқылау. Осы соңғы бөлімнің бір арнайы тарауын қазақтарға арнаған, мұнда қазақтардың ислам нормаларын ұстануы және олардың діни білімдерінің жоғарылығы туралы айтылады.

5. Жаңаөзен ауданы

Біз қарастырып отырған жұмыстардың соңғысы, сөз жоқ, ең толық және ауқымдысы болып келеді. Ол "Тауарих-и Алты Ата" деп аталады, оны екі автор — Мұхаммад-Фатих әл-Илмини мен оның Мұхаммад атты ұлы құрастырған. Екеуі де Жаңаөзен ауданындағы Илмин ауылында имам болған. Жұмыс 1910 жылы аяқталған және қазіргі уақытта Қазан университеті кітапханасының қолжазбалар жинағында каталогталмаған бірегей қолжазба түрінде сақталған. Қолжазба тарих 110 бетте хатталып, құрамына кезінде Самара губерниясы кіретін Үлкен Өзен бойында және Ішкі Қазақ (Бөкей) Ордасының жерінде орналасқан мұсылман қауымдарының тарихын сипаттайды. Жұмыс негізінен Алты Ата және Үлкен Өзен дарияларының бойында орналасқан төрт ноғай ауылының тарихы мен Жаңаөзен және Александров Гай сауда қалаларының тарихына арналған. Сонымен қатар, "Тауарих" Чижа өзені бойындағы башқұрттар, Жалпақтал қаласындағы мұсылман-қазақтардың мұсылмандық қауымдарын да егжей-тегжейлі сипаттайды. Жұмыста тағы Ішкі Ордадағы Таловка және Жана Казанка елді мекендері, осы жерлерде өмір сүретін жартылай көшпелі қазақтардың өмір салты да қарастырылады. Бұл еңбек ғұламалар өмірбаяны, мұсылман мекемелерінің қоғамдық қызметі, сонымен қатар түрлі этникалық мұсылман қауымдары арасындағы қарым-қатынастар жайлы аса маңызды және бірегей дереккөзі болып табылады.

Осындай тарихнамалық деректер аясын кеңейту үшін әлі көптеген жұмыс атқару қажет. Ахмад-Уәлидің еңбегінде аталған "Қызылжар

қаласының тарихы" табылу мүмкіндігі бар, сондай-ақ Құрбан-Али Халидидің еңбектерінен Жетісу және Жоңғария қалалары тарихы жайлы мәліметтерді табуға болады. Қазақстан мен Ресей кітапханалары мен мұрағаттарынан басқа да осы мазмұнды еңбектер табылуы мүмкін.

Жалпы алғанда олар Қазақ даласында отаршылық кезеңдегі мұсылмандардың өмір тарихынан орасан зор мағлұмат береді. Бұл жұмыстар мұсылман қауымдары мен мекемелерінің рухани өмірін, олардың ұлттық құрамының күрделілігі мен үдемелілігін көрсетеді. Мұсылман ғылымының фактілері мен мәліметтері бойынша XIX ғасыр белсенді қызмет кезеңі болғаны туралы және мұсылмандардың коммерциялық буржуазиясының жедел дамуы ислам білімі мен мекемелерінің дамуына ықпал еткені жайлы тұжырым шығаруға болады. Сонымен қатар бұл еңбектер Ресей империясының билігі кезіндегі Қазақ даласындағы ислам жайлы белгілі қырсық мифтер мен хабарларды жоққа шығарады. Біз көшпелі қазақтардың "нағыз" мәдениетті мұсылман болмағандығы туралы және ислам діні оларға Орта Азиядан шыққан ғұламалар мен "татарлармен" әкелінгендігі туралы жиі оқимыз. Ал жоғарыда қарастырылып отырған еңбектердің басым көпшілігі кері тұжырымды дәлеледейді. Ахмад-Уәли әл-Қазани, Құрбан-Әлі Халиди, Мұхаммад әл-Илмини және Жаханшах Нижғарутимен қоса бірнеше авторлар осыған дейін мәлімденген тұжырымдарды жоққа шығарады. Бұл ғалымдар қазақтардың дін негіздерін оқып-білуге талпыныстары мен олардың сенімдері отырықшы көршілерінің исламға жақындығынан асып түсетінін атап көрсетеді. Осы авторлар Даладағы исламның жаңғыру көрінісін суреттеп, көшпелі қазақтарды бұл үрдістің белсенді қатысушылары, демеушілері, жақтаушылары және ғұламалары ретінде сипаттайды. Шын мәнінде аталған барлық еңбектерден қазақтардың өзін-өзі ислам жамағаты деп тануы сезімі басым байқалады.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ КЕЙБІР НӘТИЖЕЛЕРІ

З.Самашев —

*Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институтының
бөлім меңгерушісі, т.ғыл.к., профессор*

Мемлекеттік "Мәдени мұра" бағдарламасының аясында Қазақ Алтайындағы Берел қорымында археологиялық зерттеулер жалғастырылып, бес оба қазылды.

№ 4 оба. Көлемі 22x28 м. Ескерткіштің жер үсті құрылысы үлкен плиталардан түзілген платформадан және үйіндіні айналдыра қоршаған бірнеше қатар бекіткіш тастардан (крепида) құрылған.

Қабір шұңқырының оңтүстік-шығыс қабырғасының бойында беті тақтайлармен жабылған үш бөренелі қима орналасқан. Қиманың ішіне бүтін бөренеден ойып жасаған табыт қойылған. Жерленген адаммен бірге қойылған заттар зерттелу үстінде. Ескерткіш ерте көшпелілер кезеңімен, б.д.д. IV-III ғасырлармен мерзімделеді.

№ 10 оба. Берел қорымында көлемі бойынша үшінші болатын оба. Оның өлшемдері: диаметрі 32x25 м, биіктігі 2 м.

Бұл обаның жер беті құрылысы алғашқы зерттелген обаларға ұқсас; оның негізін үлкен плиталардан, балықтың қабыршығы тәрізді бір-біріне қойылған платформадан құралған.

Тереңдігі 3,35 м болған қабір шұңқырының оңтүстік-шығыс қабырғасының бойында екі бөренелі қима орналасқан, ал оның солтүстік-батыс қабырғасының арғы жағында жылқылар жерленген. Қиманың ұзын қабырғасы көлденең қабырғасына қарағанда биік. Қима бұрыштарын ұзын қабырғаларының ұштарын жалпақ жағынан ойып көлденең қабырғаның ағаштарын ойықтарға кигізу әдісімен біріктірген. Оның ішіне бүтін бөренеден ойып, төрт бұрышына құлақшалар қалдырылған табыт қойылған, оның беті тақтайлармен жабылып, темір шегелермен бекітілген. Табыттың сыртқы, солтүстік-батыс бұрышына қыш ыдыс, төртбұрышты, аяқтары ойылып жасалған ағаш орындық қойылған. Ағаш орындықтың үстіне қой етінің бір бөлігі және темір пышақ қойылған. Қиманың түбіне жалпақ плиталар көлденеңінен төселген. Табыт орнынан қозғалып кетпеуі үшін оның түптері әр жерінен ұсақ тастармен бекітілген.

Қабірдің солтүстік-батыс бөлігіне аяқтары ішіне қарай бүгіліп, іштерімен қойылған он жылқы жерленген. Солтүстік-шығысқа бағытталып қойылған жылқылардың бастарында чеканмен ұрып тескен іздері сақталған. Жылқылардың барлығы жүгенделген, ерттелген. Олар үш қатарға бөлініп қойылған; бірінші қатарда төрт жылқы жұбымен орналасқан,

бастары көтеріліп тұруы үшін олардың астын плита тастармен тіреген. Бұл қатар бірінші қойылып, артынан үш-үш жылқыдан тұратын екі қатар орналастырған, соңғы екі қатардағы жылқылардың бастары алдыңғылардың жамбастарына қойылған. Бірінші қатардағы, қиманың солтүстік бұрышына қарай ойысып кеткен жылқының басына ағаштан жасалған тау текенің мүйізі қондырылған. Ерлердің беті аппликациялармен безендірілген. Үшінші қатардағы жылқылардың біреуінің еріндегі аппликациялары жақсы сақталған. Аппликацияларда беті адамдікі, денесі теңбіл, мысық тұқымдас жыртқыш, басында тау текенің мүйізі орналасқан, қанаттары бар 8 сфинкс бейнеленген. Сфинкстердің алдыңғы жағы қызылға, ал артқы бөлігі көк түске боялған. Осы қатардағы екі жылқының ерлеріне қалқан ілінген.

Соңғы қатардағы жылқылардың сулықтарының ұштары бүркіт грифон бейнесінде ойылып, жүгендері ағаштан жасалған қабанның тістеріне ұқсас салпыншақтармен әшекейленген. Екінші қатардағы жылқылардың әбзелдері ағаштан ойылған балық мүсіншелерімен және әр түрлі оюлармен безендірілген.

Бірінші қатардағы жылқылардың жүгендері мен ерлері бүркіт грифон, архар мүсіндерімен толықтырылған. Осы қатардағы жылқылардың біреуінің ері қызыл түске боялған және аппликациялары бар, бірақ аппликациялардағы бейнелер анық көрінбейді. Қалған екі жылқының ерлері алтын және қайыңның қабығынан жасалған оюлармен безендірілген. Бұл қатарда ағаштан жасалған жылқы, бүркіт грифон мүсіншелерінің бастары көптеп табылды. Ат әбзелдерінің кейбір әшекейлері теріден, киізден жасалғандықтан, олардың алтын қаптамалары және ағаштан жасалған бастарының мүсіншелері ғана сақталған.

Алғашқы қатардағы жылқылардың бірінен ұштары алтынмен қапталған жыртқыш аңның басымен шектелетін қамшының сабы табылды.

Тонаушылар кірген жерден сүйектен жасалған үш қырлы, ұңғылы жебелер (алтауы) салынған горит немесе қорамсақтың қалдықтары табылды. Сонымен қатар оралған архар бейнеленген түймелер тазаланды. Бұл түймелер қорамсақтың немесе адамның киімінің бөлшектері болуы мүмкін. Маралдың бейнесі ойылып алтынмен қапталған сүйек қапсырма да осы жерден табылды. Оның бетіндегі денесі оратылып бейнеленген маралдың артқы аяқтары басының жоғарғы жағына орналасқан. Тонаушылар кірген жерден алтынмен қапталған архардың және жауырыны мен жамбасында архардың басы ойылған аттың мүсіндері табылды. Бұл мүсіншелер жерленген адамның әшекейі болуы мүмкін.

№ 36 оба 2002-2004 жылдары қазылып, зерттелді. Обаның үйіндісі бірнеше элементтерден құралған. Үйінді тігінен тұрғызылған плиталармен қоршалған. Ескерткіштің жер үсті құрылысының негізінде плита, блок тастардан тізілген екі шеңбер анықталды. Шеңбердің тастары сыр-

тынан ұсақ және орташа тастармен бекітіліп, екі шеңбердің ортасы әр түрлі көлемдегі тастармен толтырылған.

Қабір шұңқыры 1,70 м тереңдікке дейін топырақ аралас тастармен толтырылған. Құрылыстың маңызды бөлшектерінің бірі қабірдің ішінде беткі қабатпен астыңғы бірнеше қабаттан тұратын тас құрылысты қосатын тігінен тұрғызылып қойылған ұзындығы 120 см. болатын тас. Аталмыш тасты мифологиялық түсінікте әлемнің барлық қабатын қамтитын әлем осымен ұштастыруға болады. Төменірек бірнеше ірі дөңгелек және сопақ пішінді тастар орналасқан, бұл тас блоктар тігінен қойылған плиталардан құралған цистаның бетін жауып тұр.

Тас жәшіктің ішінде үш бөренелі қиманың қалдықтары табылды. Қиманың астына жұмыр тастар төселіп, беті киізбен жабылған. Бұл обаға жерленген көшпелі қоғамның ақ сүйек өкілінің өзін сол заманда тонап кеткендіктен қабірдің ішінде адамның шашыраңқы сүйектері, алтын фольга және ақ пастадан жасалған моншақтар ған сақталған.

Шірінділер мен алтын әшекейлерге қарағанда қима киіз кілеммен жабылған болуы керек.

Цистаның бір қабырғасынан жылқы жерлейтін орын қалдырылған, оның астына жалпақ плиталар төселген. Бұл кеңістіктің шығысы кең, онда биік баспалдақта жылқының мойны мен басы орналасқан, ал оның денесі жатқан бөлігі тарлау.

Жерленген жылқының әбзелдері 60 астам маралдың мүйізінен жасалған бұйымдармен әшекейленген, бұл бұйымдар дала көшпелілерінің сүйек өңдеу өнерінің жоғары дәрежеде екендігінің көрінісі болып табылады. Сүйектен скиф-сібір аң үрдісінде жасалған бұйымдардың бұндай көп мөлшерде табылуы алғаш Алтай өңірінде болған. Аталмыш бұйымдарда негізінен әр түрлі көріністегі грифон бейнелері бар. Аң бейнесіндегі әшекейлердің орналасу тәртібі Алтай өңірінің көшпелілерінің ішінде тез оқылатын өзіндік бір зооморфты код тәрізді. Көріністің негізін құрайтын біріне-бірі қарсы орналастырылған бұлан грифондардың бейнесіндегі мүсіндер жерленген адам жататын әлеуметтік топтың дүниетанымының көрінісі болып табылады. Жерленген адамды басқа әлемге алып баратын жылқы, сол кезде қадірленіп, мифологиялық образға айналған. Осы секілді мифологиялық түсініктермен обадағы заттарды қызылға, ақ түске, алтынды түске бояуды да түсіндіруге болады. Аталмыш обадан табылған заттар барлығы дерлік жоғарыда айтылған түстермен боялған және қапталған. Түске бояудың өз реті болған, алдымен қызылға, содан кейін ақ түске, ал көріністі алтын түспен бояп аяқтаған.

N 71 обаның көлемі 13x14,5 м. Үйіндінің ортасынан көлемі 2,10x3,30 м., тереңдігі 3,30 м. қабір шұңқыры анықталды. Қабірдің түбінде ағаш рама ішіне қойылған адам кездеседі. Жерленген адамның алғашқы қалпын тонаушылар бұзған. Адамның тек жанында темір қанжары мен

чекан орналасқан жамбас бөлігі ғана сол орнында қалған. Сонымен қатар ағаш раманың ішінде сүйектен жасалған жебенің ұштары да кездеседі. Қабірдің солтүстік-батыс бөлігінде бастары солтүстік-батысқа қаратылған екі жылқы орналасқан. Жылқылардың аяқтары іштеріне бүгілген және бас жақтарында жүгеннің қоладан жасалған шеңберлі ауыздықтары, ағаш сулығы және сулықтың сүйектен жасалған қосалқы бөлшектері сақталған. Жылқылардың біреуінің жүгені жиырмадан астам қабанның азу тістерінен жасалған салпыншақтармен әшекейленген, олардың біреуінде грифон бейнеленген.

Берл қорымында көлемі бойынша және жерлеу заттары бойынша бөлінетін ерте көшпелілер кезеңімен мерзімделетін обалар кездеседі. Зерттелген қорғандардың бір тізбекте орналасуы олардың туыстық қатынастарына байланысты болуы мүмкін. Ескерткіштерді құрылыстық белгілері, табылған заттары және жерлеу ғұрпы бойынша Алтай өңіріндегі пазырық мәдениетінің кейінгі кезеңіне жатқызуға болады. Қорымдағы археологиялық қазба жұмыстары қолмен біртіндеп, яғни үйіндіні қабат-қабатымен алу негізінде жүргізілді, нәтижесінде жер беті құрылыстарының архитектуралық ерекшеліктері анықталып, ежелгілердің құрылыс өнерінің кейбір әдіс-тәсілдері белгілі болды, сонымен қатар жерлеу ғұрпының принциптері айқындалып, сол тайпалық бірлестіктердің дүниетанымдарының кейбір мәселелері жөнінде мәліметтер алынды.

Ерте темір дәуірінің обаларының шығыс жағына орналасатын түркілердің ғұрыптық ескерткіштерінің кездесуі, бұл қорымның кейінгі кездерде де киелі болғандығының бір көрінісі болып табылады. Түркілер өздерінен бұрын өмір сүрген тайпалармен байланыстарының болғандығын біліп, өз ескерткіштерін айтылмыш кезеңнің обаларына жақындатып орналастыратын болған.

Берел қорымындағы қазба жұмыстарын жалғастыру арқылы ерте темір және түркілер дәуірінің археологиялық мәселелерін шешуге және осы аймақтағы тарихи-мәдени процестерді қалпына келтіруге жол ашылады.

Алтай өңірі скиф-сібір өнерінің қалыптасқан ошақтарының бірі. Өнердің көрінісі ретіндегі әшекей заттар Алтайдың көптеген ескерткіштерінен табылады. Оларды зерттеу бұл өнердің қалыптасу ерекшеліктерін айқындауға және сол кездегі дүниетанымға тереңірек үңілуге мүмкіндік туғызады.

Ежелгі көшпелілердің өнері қазақтардың өнерінің негізі болып табылатынына ерекше назар аудару керек.

Зерттеліп отырған ескерткіштер қазіргі кезде пазырық мәдениетіне жатқызылғанымен, олардың этникалық иелері туралы мәселе әлі күнге дейін шешімін таппаған мәселелердің бірі болып қала береді.

Алтай өңірінде осы тарихи кезеңде ғаламат ескерткіштерді тұрғызу, сол аймақтың киелі болғандығының куәсі. Таулы және Орталық Алтай

ескерткіштерінен кейбір этнографиялық ерекшеліктері бар Берел ескерткіштерін Пазырық мәдениетінің жеке бөлігі ретінде қарастырған жөн.

Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы Атырау облысында орналасқан Сарайшық қаласында аварийлық-құтқару, Маңғыстау облысында орналасқан Тоқсанбай қонысында және Қызылүйік ғибадатханасында зерттеу жұмыстарын жалғастыруда.

Сарайшық қаласының қазіргі сақталған орнын аман алып қалу жөніндегі мәселені 1989 жылдан бері көтеріп жүрміз, бірақ жергілікті және орталық мемлекет органдары жағынан әрекеттер жасалмады. Сарайшықтың қазіргі жағдайы қауіпті, қаланың көптеген бөлігін су шайып кеткен, бұл процесс әлі жалғасуда. Бұл қаланың отан тарихындағы орны маңызды. Қазақ хандығының алғашқы астаналарының бірі Сарайшық қаласындағы 2005 жылғы қазбалардың нәтижесінде Тоқтағу, Жәнібек, Өзбек, Келдібек, Қызыра, Науруза, Кульна, Бердібек, Пулада секілді хандардың шығарған күміс дирхемдері көптеп табылуда.

Тоқсанбай қонысы. Евразия даласында сирек кездесетін бекінісі бар қоныс. Бұндай қоныстарды табиғи ландшафттың ерекшеліктеріне сәйкестіре орналастыратын болған. Ескерткіш жан-жағы құз болып келетін шыңның бір бөлігіне орналасқан, сол себепті бұл қоныстың табиғатпен түзілген бекінісі бар. Қоныстың үйлерінің құрылысы жекелеген адамдарға қорғануға болатындай қабырғалары тастардан өрілген. Тоқсанбай қонысының мәдени қабаты үш метрге дейін жетеді, соған қарағанда бұл қоныста ұзақ уақыт мекен еткен. Радиоуглеродтық сараптаудың қорытындысы бойынша бұл жерге алғаш 4133-4075 жыл бұрын қоныстанған, ал қонысты 3240-40 жыл бұрын тастап кеткен. Қоныстағы көлемі бойынша үлкен үйлер дөңгелек пішінді. Барлық үйлердің құрылыс принципі біркелкі. Үйдің негізін қырынан қойылған плиталар құрайды, ал үстіңгі бөлігін тастарды көлденеңінен қалап көтерген. Үйдің шатыры ағаш болған. Үй едендерінен табылған ошақтарда тамақ пісірген, әрі үй ішін жылытқан. Бұл ескерткіштен табылған заттарды және топографиялық ерекшеліктерді сұрыптаудың негізінде Қазақстанның батысында қола дәуіріне тән ескерткіштердің ішінен Оралдағы Арқайм, Сынташта әлпеттес тоқсанбай типін бөліп шығаруға болады.

Көптеген остеологиялық материалдарға қарағанда тоқсанбайлықтар бақташы мал шаруашылығымен, аңшылықпен айналысқан, шаруашылықтың бұл түрінің басым болуына қоршаған табиғи орта әсер еткен болуы керек.

Сонымен қатар олар кен өндірген, қыш ыдыс жасаған, тас өндірісін жақсы дамытқан және ағаш, тері, мата өңдеген.

Мыстан жасалған пышақтар, тескіштер және әшекей бұйымдар, сонымен қатар темір өңдеуде пайдаланатын егеуіштер, үгіткіштердің көп табылуы мыс өндірісінің жоғары деңгейде болғандығының бір көрінісі.

Қыш ыдыстың қалдықтары табылатын заттардың басым бөлігін құрайды. Қыш ыдыс өндірісі мәдениеттің ерекшеліктерін айқындайтын заттардың бірі, әрі сол қоғамның техникалық даму дәрежесінің көрсеткіші болып табылады. Қыш қалдықтары әр түрлі ыдыстарды құрайды, олардың ернеулері, өрнектері алуан түрлі.

Шаруашылықта металдан жасалған құралдармен бірге тастан, сүйектен, мүйізден және ағаштан жасалған құралдар да қолданылды.

Тастан және кремнийден жебенің ұштарын, бұрғылар, тескіштер, қырғыштар және т.б. құрал түрлерін жасаған.

Долото, тескіш, қырғыш және өңдеудің іздері қалған сүйектер сүйектен жасалған құралдардың қатарын құрайды.

Қызылүйік. Бүкіл тайпалық ғибадатхана. Бұл жерде сармат-сақ-массaget тайпалары Күн және От құдайына бағыштап ғұрыптық іс әрекеттер атқарған. Жалпы кешен ғибадатхананы, маңайына орналастырылған құрбандық шалу орындарын, менгирлерді қосқанда 1 га. жерді алып жатыр. Негізгі объект дөңгелек пішінді биіктігі 5 м диаметрі 50 м тас үйінді.

Храмға шығысынан доға болып қосылатын менгирлер мен жауынгерлердің мүсіндері кешеннің бір бөлігін құрайды. Аталмыш тас мүсіндер тізбегі 1000 м созылып жатыр. Табылған заттардың ішінде қорамсақтың әшекейі болған күміс қапсырма бар, ол қасқыр-айдахар бейнесімен өрнектелген. Бұл полиморфты бейнені иконографиялық сараптаудың негізінде Арал-Каспий ортасын мекендеген сармат тайпаларының күрделі мифологиялық дүниетанымының болғандығы анықталды. Ғибадатхана күрделі құрылымды ескерткіштер қатарына жатады.

Археологиялық зерттеулердің нәтижесінде ашық аспан астындағы мұражайлар құру, солардың негізінде туристік инфраструктура қалыптастыру арқылы ата-бабаларымыздың мәдениетін насихаттау жұмыстары жүргізіледі, сонымен қатар жоғарыда айтылған жұмыстар арқылы отанымыздың халықаралық дәрежесі көтеріледі. "Мәдени мұра" бағдарламасының өзекті мәселелерінің бірі болып табылатын археологиялық ескерткіштерді мұражайға айналдырудың кейбір проблемаларына тоқтала кетейік. Бұл жағдайда "Берел" мұражай кешенін қалыптастыру мәселесі ерекше қызығушылықты туғызады.

Шығыс Қазақстан облысы Қатонқарағай ауданына қарасты Берел ауылының жанында орналасқан ескерткіштерден табылған заттар қазірдің өзінде дүниежүзілік ғылыми және мәдени мұраға айналды. Бұл заттар қатарын негізінен аталмыш қорымның N11 обасынан табылған көсем мен бірге қойылған әйел адамның жанына жерленген 13 жылқының ат әбзелдері құрайды.

Оба астындағы тоңға байланысты жерлеу ғұрпын толыққанды қалпына келтіруге болатын мәліметтер алынды. Тоңның негізінде бізге дейін Алтай субрегионын мекендеген тайпалардың өнерінің тамаша көріністерімен бірге скиф-сақтардың жоғарғы дәрежелі адамдардың мумияланған қалдықтары жетті.

Обадан табылған заттардың барлығы — жылқы маскалары, сулықтар, бөлгіштер, тоғалар, салпыншақтар, аппликациялар ағаштан, теріден, киізден скиф-сібір аң стилінде жасалып алтынмен қапталып, қызыл түске боялған.

Аспан астындағы мұражайларды қалыптастырудағы дүниежүзілік практикаға мән бере отырып бірнеше қорғанның жер үсті және қабір іші құрылысын қайта қалпына келтіру және қосалқы құрылыстармен толықтыру жұмыстары жоспарлануда.

Берел қорымының барлық объектілері тас платформадан, бекіткіштерден және тас панцирден құралған бірнеше күрделі компоненттерден тұрады. Қорғанның жанында әдетте ғұрыптық әрекеттер өткізетін тастан қаланған жолдар, құрбандық шалу орындары орналасады.

Мұражай жасау негізінде жерлеу ғұрпының элементтерін қайта қалпына келтіруге; бірінші кезекте, қабір шұңқырындағы алғашқы көріністі қалпына келтіру: үш бөренелі кима үстіндегі діңгектер мен сырғауылдардан тұратын жабуды, табытты, арасына курил шайы қойылған бірнеше қабат қайыңның қабығымен кима мен жылқылар жабуы. Әр түрлі құралдардың (күрек, балға), бұйымдар (ғұрыптық столдар, ыдыстар) копияларын, сонымен қатар адамдар мен жылқылардың макетін жасау.

N11 обадан табылған 13 жылқының макеті барлық әбзелдерімен, әрі ретімен екі қабат болып орналастырылады, себебі әр бір заттың орналасу қатары өзіндік зоологиялық текстті құрайды.

Жоспарланып отырған мұражайдың негізгі экспозициясының жанына толық әбзелденген екі-үш жылқының мүсіндері қойылады. Сонымен қатар бұл жерде іші жылқы, маралдың жүнімен толтырылып, шеттері әр түрлі әшекейленген ағаш доғалармен көмкерілген теріден жасалған ердің ең ежелгі үлгілері көрсетіледі.

Берел қорымында зерттелген ескерткіштердің ішінде маңызы жағынан үшінші болатын N36 оба. Бұл оба міндетті түрде мұражайға айналуы керек, себебі бұл обаның жер үсті және қабір іші құрылысы пазырық мәдениетінде алғаш рет кездеседі. Құрылыстың маңызды бөлшектерінің бірі қабірдің ішінде беткі қабатпен астыңғы бірнеше қабаттан тұратын тас құрылысты қосатын тігінен тұрғызылып қойылған ұзындығы 120 см болатын тас. Аталмыш тасты мифологиялық түсінікте әлемнің барлық қабатын қамтитын әлем осымен ұштастыруға болады. Төменірек бірнеше

ірі дөңгелек және сопақ пішінді тастар орналасқан, бұл тас блоктар тігінен қойылған плиталардан құралған цистаның бетін жауып тұр.

Жерленген жылқының әбзелдері 60 астам маралдың мүйізінен жасалған бұйымдармен әшекейленген, бұл бұйымдар дала көшпелілерінің сүйек өңдеу өнерінің жоғары дәрежеде екендігінің көрінісі болып табылады. Сүйектен скиф-сібір аң үрдісінде жасалған бұйымдардың бұндай көп мөлшерде табылуы алғаш Алтай өңірінде болған.

Кезек күттірмейтін мәселелердің бірі органикалық заттардан жасалған бұйымдарды консервациялау, солардың ішінде кәдімгі табиғи ортада, яғни күн көзіне шыдамайтын "су ағаш". Сондықтан, полиэтилгликоль немесе басқа қатырғыш элементтердің көмегімен консервациялаудан кейін де бұл экспонаттар нақты бір температураны талап етеді.

Боралдай қорымы. Алматы қаласының солтүстігіне орналасқан қорым 40-тан астам үлкен обалардан құралған, солардың ішінде бірнеше "патша обалары" орын алған. Боралдай қорымы басқа ескерткіштерге қарағанда кішігірім алаңға шоғырланған, әрі республикамыздың ең үлкен мегополисінiң территориясына орналасқан. Қорымды қазып зерттеу нәтижесінде археолог ғалымдар бұл ескерткіштерден қызықты мәліметтер алатынына сенеді: жер үсті және қабір іші құрылысының ерекшеліктерін анықтау, заттай деректер, солардың ішінде скиф-сібір үрдісінде орындалған ежелгі өнер үлгілері. Үлкен Боралдай қорғанының маңында осы жылда жүргізілген археологиялық бақылаудың нәтижесінде тау текені жеп жатқан мысық тұқымдас жыртқыш бейнеленген үлкен тас-обелиск табылды.

Зерттеу нәтижесінде табылған заттардың негізінде қорғандарды қалпына келтіру, инфраструктурасы дамыған мұражай қалыптастыру жұмыстары жоспарланады. Объект қаланың туристік бағытына қосылады. Нәтижесінде қаланың ежелгі тарихымен шет елдердің азаматтары және Алматы мен облыстың оқушылары, студенттері, тұрғындары таныса алады.

Мұражай салатын объектілердің маңыздыларының бірі **Бесшатыр обалары**. 1957-1961 жылдар арасында бұл қорымда К. Ақышев 18 обаны зерттеді, олардың қатарында үшеуі — болжам бойынша сақ-тиграхауда патшаларының обалары. Бұл қорғандар мыңдаған туристтер баратын Ұлттық парктің аумағында орналасқан. Аталмыш қорым Жетісуді мекендеген көшпелі тайпаларының көсемдері жерленген қорғандардан тұрады. "Табиғат" экологиялық ассоциациясымен қосылып, аталмыш қорғандардың біреуін қалпына келтіріп, мұражайға айналдыру жұмыстары жоспарлануда.

ШЕТЕЛ ҚОРЛАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ МЕН МӘДЕНИЕТІ БОЙЫНША ЖАҢА ДЕРЕККӨЗДЕР

М.Қ. Әбусейітова—

ҚР БҒМ Р.Б.Сүлейменов атындағы

Шығыстану институтының директоры, т.ғыл.д., профессор

Қазақстан халықтарының тарихы мен мәдениеті ұзақ ғасырлар бойына шығыс өркениеттерімен тығыз байланыста және қарым-қатынаста дамып келді. Көне және ортағасырлық қытай, түрік, монғол, иран, араб жазба ескерткіштері біздің Республикамыздың жеріндегі этносаияси тарихты зерттеу үшін құнды дереккөздер болып табылады. Нақты материалдарға негізделген Шығыстың рухани мұрасының тарихи зерттеулері Республиканың мәдени мұрасын қайта құру ісіне, Қазақстанның ұлттық идеясын қалыптастыру мен жастарды патриоттық тәрбиелеуге жаңа ғылыми үлес қосуға мүмкіндік береді. Аукымды өңірде болған және өлі де өтіп жатқан күрделі тарихи процестерді дұрыс ұғыну үшін халықтардың ежелден қазіргі күнге дейінгі тарихи-мәдени байланыстары мәселелерін қарастыру зор маңызға ие болып жатыр. Бұл мәселенің шешімін табу үшін ғылыми айналымға археологиялық, этнографиялық, лингвистикалық мәліметтердің жаңа жазба деректерін енгізетін кешенді тәсіл қажет. Қазақстан тарихы мен мәдениетінің көптеген мәселелерін және оның көршілес халықтармен қарым-қатынастарын кең дереккөздік негізде қарастыру өте өзекті және күрделі міндет болып табылады.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев ұсынған "Мәдени мұра" Мемлекеттік бағдарламасының арқасында қазақстандық дерекнамалық базаны кеңейтіп, толықтыруға мүмкіндік туып отыр, бұл Қазақстан мемлекеттігін жандандыру мәселесінде демеу болады.

"Мәдени мұра" Мемлекеттік бағдарламасы аясында "Шығыстану" секциясы Ресей Федерациясы, Қытай Халық Республикасы, Монғолия, Түркия мен Қырғызстан Республикасына археологиялық экспедициялар мен ғылыми іссапарлар жүргізді /1/.

Новосибирск, Абакан, Минусинск, Кызыл қалаларының мұражайларында сақтаулы тұрған 500 көне түркі жазба және археологиялық ескерткіштер, этнографиялық реликтер жан-жақты зерттелді және оларға талдау жасалды.

Қазан қаласының қолжазба және архив қорларында 100-ден астам қолжазбалар қаралды. Татарстан Республикасы Ұлттық кітапханасының қолжазбалар мен сирек кітаптар бөлімінде Жәңгір ханның жеке кітапханасының қолжазбасы табылды. Қолжазба (шифры 401 г. (334) араб тілінде жазылған, діни мазмұнда, 26, ба, 3326 беттерінде Бөкейхан

ұлы Жәңгірханның жеке мөрі басылған, 1а бетінде Печерин деген кісінің мөрі басылған.

Бішкекте өткен археографиялық жұмыстар Мемлекеттік тарихи мұражайда жүргізілді, мұнда 250 цифрлық фотосурет және бейнежазба алынды, архитектуралық өлшемдер, суреттемелер және 20 көнетүркі Талас ескерткіштерге талдау жасалды.

Стамбул қаласының мұражайлары мен кітапханаларында сақтаулы архивтік құжаттарды зерттеу нәтижесінде Барақ хан, Сейд Мұхаммед Бахадүр хандар билігі кезіндегі Қазақ хандығы тарихы бойынша жаңа осман құжаттары және Шыңғыс хан, Жошы хан және басқаларының суреттері бар алтынордалық шежірелер анықталды.

Монғолияға жасалған экспедиция кезінде ашық аспан астында орналасқан 25 көнетүркі ескерткіштер кешендеріне текстологиялық және палеографиялық зерттеу жүргізілді. 2000 фотофиксация мен 850 көшірме жасалды, сонымен қатар көнетүркі жазба ескерткіштерінің эстампаждық және миколентік көшірмелері алынды. Монғолияның Орталық тарихи мұрағатында 300 құжат қарастырылып, манжур, монғол тілдерінде жазылған XVIII-XIX ғғ. Қазақ хандығы тарихына қатысты 50 құжаттың көшірмелері жасалды.

"Мәдени мұра" Мемлекеттік бағдарламасының арқасында ҚР БҒМ Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты қызметкерлері ҚХР-да – 300-ден астамы шағатай, қытай тілдерінде және 3000-нан астамы манжур, ойрат тілдерінде бірегей мұрағаттық құжаттарды тапты. Олардың ішінде қазақ хандары мен сұлтандарының көрші мемлекеттерінің билеушілеріне жіберген ресми хаттары бар: Цинь империясының басшысы – Боғда Еженханға, Іле губернаторы мен Тарбағатай амбанына. Хат жолдаушылар – Абылай хан, Әбілмамбет хан, Әбілфайыз, Сәнияз төре, Ханқожа, Әділ сұлтан, Уәли сұлтан, Бопы, Көгедей және т.б. Хат саны 115-тен асады, олардың 61 – шағатай тілінде, 19 – ойрат тілінде, 35 – манжур тілінде.

Ресми хат алысу Қазақ хандығы мен Цинь империясының 1741–1828 жж. қарым-қатынастары тарихын көрсетеді.

Қазақ-қытай, қазақ-қырғыз, қазақ-қоқан, қазақ-ойрат дипломатиялық қарым-қатынастары жайлы; Боғда Еженханға Пекинге келген қазақ ханының елшілері және оларға грамота тапсырылуы жайлы; қазақ-қытай сауда-саттық және шекаралық мәселелері жайлы құжаттар, қазақ дәстүрлері, тұрмыс салты, қазақ-қытай шекарасындағы азаматтық және қылмыстық істер жайлы дипломатиялық қарым-қатынастар құжаттар анықталды.

Құжаттар арасында 1758 жылы манжур тілінде жазылған қазақ халқының саны туралы мәліметтер де кездеседі. Мәтін 5 парақтан тұратын 10 бүктемелі қағазда, бір бетте 43 жол болып жазылған. Қазақтардың

көшін жерлері мен олардың саны, орта жүздің батырлары мен билері, тарақты, арғын, найман, керей, уақ, қыпшақ және төленгіттер жайлы мәліметтер бар.

Бірқатар ресми хаттар Абылай хан атынан жазылған, олардың мазмұны ғылыми қызығушылық туғызатындай, ал жазу мәнері сенімді. Мысалы, бір хатында Абылай хан өзіне суық тигеннен және бас ауруынан дәрі беріп жіберуін сұрайды. Келесі бірінде – бір қытай шенеунігіне жаңа лауазым алуымен құттықтау жібереді. Атап айтатын жәйт, біздің заманымызға үйреншікті коммуникациялардың жоқ болуына және ара қашықтыққа қарамастан, Қазақ хандығы мен Қытай арасында тығыз байланыстар болған. Қазақ хандары мен сұлтандарының Қытайға жазған ресми жазбаларының барлығы онда мұқият сақталған. Қытай мұрағатшыларына қазақ халқының осынау құжаттық байлығын сақтап қалғандары үшін зор алғысымызды айтамыз.

Жоғарыда көрсетілген қытай мұрағаттарының материалдары Монғолия мұрағаттарының материалдарын толықтырып, нақтылайды. Монғолияның Ұлан-Батор қаласындағы Ұлттық тарихи мұрағаты мен Сыртқы істер мұрағатында Қазақстан мен Орталық Азия тарихы мен мәдениеті бойынша сақталған және ҚХР мұрағаттық материалдарын толықтырып нақтылайтын сирек құжаттарды анықтау үшін археографиялық жұмыстар жүргізу қажет.

Жақында басылып шығатын қытай деректерінің бір томы, бізде әлі жарияланбаған, Қазақстан тарихы мен мәдениетімен байланысты археографиялық ескерткіштерге арналады /2/. Мысалға, "Қазақ халқының билеушісі" атты түрлі-түсті миниатюралардың фрагменттері анықталды, оларда Абылай хан мен Әбілфайыз сұлтан тарапынан 1750 жылы "жылқыға – жібек" саяси және сауда қатынастарын орнату үшін жіберілген қазақ елшісі жұбайымен бейнеленген.

Қытайдың Бірінші Тарихи Мұрағатына жүргізілген экспедициямыз жемісті болды, мұнда жоғарыда көрсетілген құжаттар табылды. Аталмыш құжаттар соңғы уақытқа дейін қазақстандық зерттеушілерге мәлім болмаған. Бұл табылымның маңыздылығы Шығыстану институтымен "Қазақстан тарихы қытай дереккөздерінде" атты бестомдық басылым дайындалып жатқанын ескеретін болсақ, арта түседі.

Гуманитарлық ғылымдар үйі директоры Морис Аймард пен Францияның Орталық Азияны зерттеу институтының директоры Винсент Фурньоның шақыруымен, Қазақстан тарихы мен мәдениеті жайлы қолжазба және мұрағаттық материалдарды айқындау мақсатымен Париждың кітапхана қорларында жұмыс жасағанмын. Сол уақытта Шығыс халықтарының көркем реликвиялары сақталып тұрған Гимэ атындағы Шығыс көркем өнері мұражайында ХVІІІ ғасырдың "Қазақ елшілері қытай императорына ат сыйлауда" /3/ деген суретті көріп едім. Қазіргі уақытта ол

сурет осы мұражай қорында сақтаулы. Сол кезде Қазақстан Республикасының Франциядағы Төтенше және Өкілетті елшісі А. Х. Арыстанбекова мен мұражайдың Бас сақтаушысы Жан-Поль Дероштың көрсеткен көмектерінің арқасында біз осы бірегей өнер туындысымен таныса алдық. Бүгінгі күнге бұл үш ат түрінде дипломатиялық сыйлық тапсыру рәсімін бейнелейтін 1757 жылғы жалғыз картина.

Үш қазақ елшісі мен үш атты бейнелейтін бұл сурет қытай императоры Цяньлунға достық пен бірлік нышаны ретінде қазақтардың сыйлық тапсыру рәсімін бейнелейді. Қазақ елшілері көрнекті, тұлғалы болып көрсетілген. Барлығы 10 адам мен үш қазақ аттарының бейнелері үлкен шеберлікпен салынған. Тамаша табиғат көрінісінің аясында сәйгүліктер айқын көрініп тұр. Аттар — керемет, жақсы тұқымды, қымбат, айбынды, олар қолға үйретілген және сүйіспеншілік сезімін туғызады. Адам бейнелері жарқын суреттелген, олар бейне бір тірі адамдар сияқты. Бет-әлпеттері барлық пропорциялардың сақталуымен жазылған, бұл суреттің нақтылығын күшейте түсіп, сәулелік эффект жасайды. Суреттің бұл көркемдік техникасы батыста кеңінен қолданылған, бірақ Қытайдың ерекше жағдайында, жұқа ұзын толқын тәрізді қағаз үстінде ол ерекше толқытар нәтижеге жеткізеді. Джузеппе Кастильони (Лан Шинин), шектеулі түстерді ғана қолдана отырып, манжұр сарайының сырларын егжей-тегжейіне дейін көрсеткен. Киім-кешек, жиһаз, ыдыс-аяқ шынайы берілген сарай өмірінің көріністері бейнеленген. Картина сол уақытта болған киім үлгілерінен мәлімет береді. Киім-кешекті зерттеу кезінде оның қандай матадан тігілгені аса маңызды. Бұл жағынан археологиялық табылымдардың аздығына қарамастан XVI-XVIII ғасырларда Қазақстанда қандай маталардың қолданыста болғанын біз болжай аламыз.

Картинаға жасалған талдау, онда бейнеленген оқиғалар Қазақстанда Абылай хан және Қытайда Цяньлун императоры билік жүргізген уақытқа жататындығын көрсетті.

XVIII ғасыр басында Орталық Азиядағы халықаралық қатынастар жүйесі елеулі өзгерістерге ұшырайды. XVIII ғасыр жартысына дейін Жоңғар хандығы аумақтағы ірі және беделді мемлекет болды. Орталық Азиядағы халықаралық қатынастарға Цин империясы мен Ресей ерекше ықпал ете бастайды. Негізінен, сол уақытта Қытай мен Қазақстан арасындағы қатынастар тек жәй саяси-дипломатиялық байланыс ретінде ғана болды.

Осындай қатынастардың куәлігі ретінде Цяньлун императорының сарай суретшісі Джузеппе Кастильонидің картинасын атауға болады. Бұл дипломатиялық акт "Циньдин чжуньгээр фанлюэ" атты қытай жазба ескерткішінде де көрсетіледі.

Суреттің авторы Джузеппе Кастильониға келер болсақ, ол иезуит, қытайша аты – Лан Шинин, 1688 жылы Миланда дүниеге келген. Пекинге 1715 жылы келіп, онда 1766 жылы қайтыс болғанына дейін өмір сүрді. Джузеппе Кастильони – XVIII ғасырда Қытайда жұмыс істеген, еңбектері бүгінгі күнде танылған алғашқы Еуропа суретшісі.

Қазақстан тарихы бойынша тағы бір зерттелмеген дереккөздердің бірі швейцар саяхатшысы Анри Мозердің қоры (1923 жылы 79 жасында Швейцарияның Шарлоттенфелс қаласында дүние салды). 1880 жылдары ол Орта Азия мен Қазақстанға бірнеше сапар шеккен. Осы сапарларының қорытындылары бойынша ол өзінің мемуарларын басып шығарды /4/. Берн тарихи мұражайында сақтаулы тұрған бұл қордың Қазақстан тарихы үшін маңызы осы жаздағы біздің Батыс Еуропаға сапарымыздың барысында анықталды.

Өзінің бірінші саяхатында А. Мозер қазақ даласын Орынбор–Орск–Қазалы–Ташкент бағыты бойынша өткен. Ол генерал Черняев, Ресей империясының Бұхар әмірінің жанындағы елшісі Витгенштейн ханзада мен Санкт-Петербурттағы Франция елшілігінің әскери атташесы, полковник барон де Серменнің жолсеріктігімен сапар шеккен. Сапар барысында ол жан-жағын бақылап, жергілікті билеушілермен кездесті, қазақтардың экономикалық, мәдени өмірінің сипатамаларын қалдырды: табиғат, үй, киім-кешек суреттері; сол кездің көрнекті адамдарымен кездесулері жайлы естеліктер, халықтың бай салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары туралы қызықты әңгімелер. А.Мозерді ауылдарда құшақ жая қарсы алып, бағалы сыйлықтар берген: қанжарлар, кілемдер, ат әбзелдері.

Бұл сапардан А. Мозер Бұхара, Хиуа, Ашхабад, Тегеран, Кавказ, Қара теңіз арқылы 1883 жылы Стамбулға оралды. Ол өзімен көптеген материалдар алып келді: қару-жарак, ат әбзелдері, киім-кешек, зергерлік, темір бұйымдар.

1888 жылы ол әйелімен бірге Орталық Азияға қайта келді, мұнда өткізген бір жылдың ішінде ол өзінің жинағын кеңейте түсті.

А. Мозердің байқауы бойынша қазақтардың ұзын саны бір миллионнан астам болды. Бірақ ол Батыс Қазақстан жерлерімен ғана жүрген. Ол кезе қазақ даласының әкімшілік құрылымы үш бөліктен тұрды, оларды мына кісілер басқарды: 1) Солтүстік аумақтың билеушісі сол кезде Бай-Мұхаммед болған; 2) Еділ мен Орал аралығының басқарушысы Жан-Төре; 3) Орынбор даласының басшысы Сүлеймен Тұяқ болды. Қазақ ақсүйектері шамамен 1200 үйден тұрған.

Сонымен қатар ол Түркістанда да болған, ол туралы біз "Түркістан" атты қазақ ақсүйектері фотосуреттерінің құнды альбомынан білеміз. А.Мозер қорында шығыс, батысеуропалық тілдерде жазылған көптеген қолжазба папкалары мен құжаттары бар. Фотосурет, қазақтардың қолөнер үлгілері түріндегі материалдарды ерекше атап өту керек. Қазіргі таңда

біздің Шығыстану институты мен Берн университеті арасында А. Мозер қорын бірлесіп зерттеуге келсім жасалған.

Соңғы жылдары ҚР БҒМ Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының қызметкерлерімен академиялық ориенталистика бағыттарының бірі – шығыс археографиясын әрі қарай жетілдіріп дамыту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Археографиялық жұмыстың маңыздылығын асыра бағалау қиын: бұл зерттеулер жаңа ғылыми мәселелерді белгілеуге мүмкіндік береді және қазақ халқының ежелгі, ортағасырлық тарихы мен мәдениетін қалпына келтіру жұмыстары үшін негіз болады.

Сонымен, Шығыстану археографиялық экспедицияларының нақты нәтижелері, дәлірек айтсақ микрофильмдер, шығыс қолжазбалары мен басқа мұрағаттық материалдардың көшірмелері, келешекте әрдайым толықтырылып тұруға тиісті және де Қазақстандық Шығыс қолжазба қорының негізі болады. Қазақстанның тарихи ғылымына бұрын белгісіз және қазақ халқының рухани мәдениеті мен ұлттық идеясының қалыптасу тарихын зерттеу үшін маңызы зор жаңа дереккөздерінің материалдарын жаңа тұрғыдан және кеңейтілген түрде жүйелендіру қажет.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мәдени мұра" Мемлекеттік бағдарламасы бойынша берген тапсырмасына сай, ҚХР-дың Бірінші Тарихи Мұрағатында сақтаулы Қазақстан тарихы мен мәдениетіне қатысы бар сирек кездесетін мұрағаттық құжаттарды келешекте зерттеу, алу және жариялау мақсатымен ҚР БҒМ Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты мен ҚХР-ды Бірінші Тарихи Мұрағаты арасында 2006–2008 жж. "Қазақ-қытай қатынастары XVIII–XIX ғғ. мұрағаттық құжаттарда" атты халықаралық жобаны жүзеге асыру үшін Келісім-шартқа қол қойылды. Аталған жоба аясында 2 мың мұрағаттық құжаттар факсимиле және қазақ, орыс тілінде аударма түрінде жарияланбақ.

"Мәдени мұра" Мемлекеттік бағдарламасын әрі қарай іске асыру және нәтижелі зерттеулер жасау үшін келесі жұмыстарды:

1. Қолжазба қорларында қолжазба ескерткіштерін айқындау бойынша археографиялық экспедицияларды жүргізу.

2. Қазақстан қорларында жоқ қажетті әдебиеттердің ксерокошірмесін жасау.

3. Қазіргі технологияларды қолданып зерттеу және сақтау үшін ескерткіштердің көшірмелері, фотосуретері және эстампаждық көшірмелерін алу.

4. Көнетүркі және басқа жазба ескерткіштерді сканерлеу.

5. Қазақстан тарихы мен мәдениеті бойынша жазба ескерткіштердің кешенді электрондық базасын құру.

6. "Қазақстан тарихы мен мәдениетінің шығыстану ескерткіштерінің жиынын", ғылыми және көпшілік кітаптарды басып шығару.

7. Білім беру саласында – жаңа білім беру бағдарламаларын жасау, оқулықтар мен оқу құралдарын жазуды толық қаржыландыру қажет.

Қазақстан тарихы мен мәдениетіне қатысты жаңа ашылып жатқан дереккөздерін зерттеу бойынша жоғарыда көрсетілген міндеттердің сәтті орындалуы дереккөздер аясын кеңейтіп, еліміздің тарихын тереңірек, толығырақ зерттеп, оның қырларына жаңаша қарауға мүмкіндік береді.

1. Әбусейітова М., Базылхан Н., Еженхан Б., Сұңғатай С., Нұрманова А., Шымшихан Е., Торланбаева К. "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасы бойынша жүргізілген археографиялық экспедициялар жайлы есептер // *Shygys*, N1(2005). - С. 229-238.

2. История и культура Казахстана в китайских источниках. Том II: Қазақстан тарихы мен мәдениетіне қатысты қытайша және маньчжурша архив деректері. - Алматы: Дайк-Пресс, (в печати).

3. Абусеитова М.Х. Свидетельство многовековой дружбы // Қазақстанская правда. – 2001. -22 сентября.; она же. Қазақтар туралы қазына // Егемен Қазақстан. – 2001. - 26 қыркүйек.

4. Moser, Henri. *A Travers l'Asie central*. - Paris, 1885.

ҚАЗАҚСТАН-АМЕРИКА АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯСЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ (1994-2005 жж.)

К.Чанг -

Свит Бриар колледжінің (АҚШ) профессоры

Қазақстан-америка археологиялық экспедициясы (ҚААЭ) 1994 жылы құрылып, зерттеу жұмыстарын осы күнге дейін жалғастыруда. Дүниежүзілік проект болып табылатын бұл экспедицияны АҚШ-тың гранттар бойынша агенттіктері, археологиялық бағдарлама бойынша Ұлттық ғылыми қоры (1997-2002), Ұлттық геофикалық қоғамымен (1994-1996, 2003-2004), АҚШ-тың философтар қоғамымен (2002-2004), АҚШ елшісінің мәдени мұра және оны сақтау бағдарламасы (2001-2002), ал Қазақстан жағынан Археология институтына бөлінетін мемлекеттік қаржылар арқылы қаржыланады.

А.Х.Марғұлан атындағы Археология институтымен және География институтымен көптеген батыс археологтары мен мамандары бірігіп зерттеулер жүргізді.

Соңғы бес жылда жүргізілген жұмыстардың мақсаты Алматы облысы Талғар ауданындағы қорғандар мен қоныстарды есепке алу болды. Жұмыстардың негізінде 380-ге жуық қорғандар есепке алынды.

ҚААЭ-нің негізгі ғылыми мақсаты Талғар өңірінің қола дәуірі (б.з.д. 2500-900 жж.), темір дәуірі (б.з.д. 800-б.з. 500 жж.), ортағасырлардың (б.з.б. 900-1400 жж.) экономикасы мен қоғамдық құрылымын қалпына келтіру.

Жетісудің далалы және таулы аймақтарына адамдардың бейімделуі малшаруашылығының қалыптасуынан (қой, ешкі және жылқылар) бастап, кейінгі уақыттарда жартылай көшпелі өмірмен тығыз байланыста суармалы егіншілікпен (бидай, арпа, тары, мүмкін күріш) айналысумен 4000 мың жыл бойы жүрді.

Талғар және Түрген-Асыда зерттеу жұмыстары дала мәдениетінің қалыптасуындағы кезеңдердің бірі болып табылатын темір дәуірінің ескерткіштерінде жүргізілді. Кенес дәуірінде қалыптасқан мерзімдеме бойынша сақтар қоныстары б.з.д. VIII-III ғасырлармен, ал үйсін қоныстары б.з.д. III-б.д. V ғасырларымен шектеледі. Ортағасырлық Талғар қаласы ерте темір дәуірінде қалыптасқан жер шаруашылығының негізінде қалыптасып, дамыды.

Осы күнге дейін төмендегі ескерткіштер зерттелді.

Түзусай қонысындағы қазба жұмыстарды алғаш рет 1992 және 1993 жылдары Ф.П. Григорьев жүргізді. 1994-1996 жылдары ҚААЭ осы қоныстың 72 м². қазды. Радиокарбон сараптауының 9 үлгісі бойынша темір дәуірі б.з.д. 415 ж. б.д. 75 ж. дейін созылған. Қоныста 6 мәдени қабат бар. Қыш сынықтары, сүйек, өсімдік қалдықтары толып қалған 30-дан астам дөңгелек және сопақ шұңқырлар табылды. Фитолиттік анализ бойынша бұл шұңқырлардағы өсімдік қалдықтарының ішінде тары (*Setaria italika*), бидай, күріш дәндері бар. Мал сүйектерінің ішінде қойдың, ешкінің, маралдың, қабанның және түлкінің сүйектері басым. Микроботаникалық (фитолиттік) және макроботаникалық (дәндер) анализдердің негізінде біз Түзусай қонысының экономикасының өзегі, үйсіндерге тән малшаруашылығы және жер өңдеу шаруашылығынан құралғандығын анықтадық.

Цыганка қонысы Талғар аллювиалдық зонасын археологиялық және геоморфологиялық зерттеу нәтижесінде 1998 жылы табылды. Бұл қалашық Цыганка өзенінің шығысында, бұрынғы Панфилов совхозының су бітеу станциясының оңтүстігінде орналасқан. Бұл жерде қазба жұмыстары 1999-2000 жж. аралығында жүргізілді. Радиокарбон сараптауының 5 үлгісі бойынша темір дәуірі б.з.д. 740 ж. б.д. 40 ж. дейін созылған. Қалашықтың мәдени қабаты 1 м жуық, он қоныстану кезеңі байқалады. Қалашықтағы үйлердің бес түрі (2 -төртбұрышты, 1-сопақ, 2-дөңгелек) және 8-ден 10-ға дейін өзіндік ерекшелігі бар. Сонымен қатар тас-құм

толып қалған бірнеше кішігірім шұңқыр, ошақ және жартылай бүлінген үйсін кезеңіне жататын қорған табылды. Өсімдік қалдықтары Тұзусайдікінен ерекше. Фитолиттік анализдің көрсетуі бойынша тары басым, бидай аз көлемде. Мал сүйектері Тұзусайдікіне ұқсас: қой, ешкі сүйектері басым, келесі кезекте ірі қара мал, жылқылар, түйе және ит сүйектері. Жабайы аңдардың ішінде маралдың, қоянның сүйектері басым; сүйектердің орналасу тығыздығы Тұзусайға қарағанда сирек. Цыганка-8 қонысының тұрғындары бақташы малшаруашылығымен айналысқан және Ферғана даласының қола дәуірінің мәдениеттеріне ұқсас.

Талды-Бұлақ-2 қонысы 1998 жылы табылды. Бұл жерде қазба жұмыстары 2001-2004 жж. жүргізілді. Зерттеу нәтижелері бойынша бұл қоныс Цыганка-8 қонысына ұқсас. 3 және 4 қабаттан алынған радиокарбондық мерзімдеу бойынша аламдыр бұл жерді б.д.д. 780-220 жж. мекен еткен. Қазылған 240 м² 8 мәдени қабат айқындалды. Қоныстан қыш ыдыс сынықтары, ошақ, тастан өрілген қабырғаның қалдықтары, үлкен траншея, еден табылды. Мал сүйектерінің ішінде қой, ешкі, ірі қара мал және жылқы сүйектері бар. Фитолиттік анализдің көрсетуінше бидай, тары дәндері аз, бірақ жабайы өсімдіктердің дәндері көбірек кездеседі.

Талды-Бұлақ-2 қонысы мәдениетердің араласуымен ерекшеленеді. Бұл жерде темір заттардың бөлшектері, қола шамдар, үш қанатты жебе ұштары, тас қайрақтар, сүйек тескіш және тас дәнүккіштер табылды.

Асы-2 – қола дәуірінің қонысы, 1997 ж. А.Н.Марьяшевпен бірлесіп Түрген, Асы далаларын зерттегенде табылды. Бұл қоныс қола дәуірінің ерте және орта кезеңдеріне жатады (андрон кезеңі). Радиокарбон сараптауының 4 үлгісі бойынша Асы қонысы б.з.д. 1750-380 жж. мекенделген.

Үй жануарларының ішінде қой, ешкі, ірі қара мал және жылқыларды асыраған. Асы-2 бақташылардың маусымдық қонысы болуы мүмкін.

Қазақстан және америка мамандарының біріккен зерттеулері нәтижелі болып, 20-дан астам ғылыми жұмыстар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде Қазақстан журналдары мен шет елдердің "British Journal Antiquity", "German Journal Eurasia Antiquity" сияқты журналдарда жарық көрді. Енді бір мақала америка антропологиялық ассоциациясының монографиялар сериясында жарыққа шығады. Сонымен қатар зерттеулердің нәтижелері Қазақстан мен АҚШ-та өткен ғылыми конференцияларда баяндалды.

Талғар өңірі жылдам дамитын аймақтардың бірі болғандықтан ол жерге орналасқан археологиялық ескерткіштер жоғалып кетуі мүмкін. Сондықтан "Мәдени мұра" бағдарламасының аясында сол ескерткіштерді қорғаудың нақты бағдарламасын жасау керек.

"МӘДЕНИ МҰРА" ЖӘНЕ ҚОҒАМДАҒЫ ТАРИХИ ТАНЫМНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӨНІНДЕ

М.Қойгелдиев -

*Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология
институтының директоры, т.ғыл.д., профессор*

Біз үш ғасырға жуық мезгіл империя құрамында болған халықпыз. Ал, Ресей империясы, оның идеологтары айтқандай, бодандығындағы халықтарға "ұзын арқан, кең тұсау" сыйлаған, момақан билеуші емес-тін. Осы мезгілде ол шамасы келгенше ұлттық болмысымызды айқындайтын құндылықтарымызды, яғни салт-дәстүрімізді, ана тілімізді, ұлттық өнерімізді, мінезімізді өзгертіп, бізді ұлт ретінде өзіне сіңіруге (ассимиляция) күш салды. А.Байтұрсынұлының "құнсыз болып еріміз, жесір болып жеріміз", "жан менікі" дей алмай, "мал менікі" дей алмай, ит пен құсқа азық ек", -деген жолдары осы күйді білдіретін.

Орыс тілінде "свобода" және "достоинство" деген сөздер бар. Олар қолданымда жиі және қатар жүреді, өйткені бұл қоғамдық құндылықтар бірінсіз бірі жоқ. Ал осы сөздердің қазақша баламасы "азаттық" және "парық". Қазақ тіліндегі осы сөздерді жиі және қатар қолдану мүмкіндігі бізде бұрын болған емес. Өйткені қазақ ұлтының ең кем дегенде 5-6 буыны отарлық тәуелділік жағдайында өмір сүрді. Яғни осы мезгілде империялық идеологиялық аппарат біздің санамызға мүмкін болғанша өз құндылықтарын еге отырып, жанағы аталған ұғымдарға мүлдем басқа мазмұн беруге тырысты.

Мектептегі жас өспірім ресейлік, қала берді еуропалық, батыстық тарих, мәдениет және әдебиетпен сусындады. Ал ондай жетістіктердің отандық тарих пен әдебиетте де аз емес екендігі саналы түрде көлеңкеленіп, айтылмады. Соның нәтижесінде біз қағынан жеріген киіктің күйін кештік, ата-бабаларымыздың қалған салт-дәстүрімізге қомсына қарайтын психологияға бой алдыра бастадық. Бұған қазақ қоғамын таптарға жіктеп, оларды өзара қарсы тұрған екі топқа бөлу қосылды. Қазақта байлар "табына" жатпайтын би мен батырлар қалмады.

Тәуелсіздігін енді ғана қолына алған мемлекет үшін ең үлкен мәселелердің бірі халықтың дүниетанымын, санасын империялық үстемдік жағдайында тамыр жайып, орнығып қалған, "жат" құндылықтардан арылту болса керек. Сөйтіп ұлтқа, жалпы қоғамға өзінің табиғи мүдделері және құндылықтарымен қауышуға, оларды түгендеуге мүмкіндік туғызу. Ал бұл шара өткен тарихты сыртқы идеологиялық күштердің араласуынсыз, емін-еркін қайта сараптаудан, ғылыми талдаудан, електен өткізуден басталады.

Міне, осы процесс еліміздің соңғы он жылдан астам тарихында пәрменді жүрді. Қоғамымызда Елбасынан бастап қатардағы азаматқа

шейін ұлттық тарихымызға бетбұрыс жасады. Әрбір адам өзінің шыққан тегін, ата шежіресін білуге ұмтылды, әрбір азамат елінің өткен жолына үңіліп, сол арқылы бүгінгі көп сауалдарға жауап іздеді. Бұл жалпыұлттық мәдениеттің деңгейінің жоғарылығын танытқан ғажап құбылыс-тын. Өйткені болашағына үміт артқан халық ғана өткенін білуге құштар. Халық өткеніне селқостық танытса, онда оның өз болашағынан үмітінің үзілгендігі.

Халықтың рухани өміріндегі осы мазмұндағы сапалы өзгерістерге қолдау жасаған мемлекет басшысы 1998 жылды "Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы" жариялады, ал одан бұрынғы 1997 жыл саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы болды. Кенесары Қасымұлы, Әлихан Бөкейханов, Мұстафа Шоқай, Ахмет Байтұрсынұлы және басқа бұрын есімі оқулықтардан алынып тасталған ұлы тарихи тұлғалардың ұлт алдындағы еңбегі кең тиесілі дәрежеде айтыла бастады, артында қалдырған мұралары жарық көрді. Тарихшы мамандарға, жалпы қоғамға кез келген тарихи мәселеге байланысты пікір білдіру еркіндігі берілді. "Отан тарихы", "Қазақ тарихы" және басқа көптеген мерзімді тарихи басылымдар тұрақты шыға бастады. Бұдан тыс кез келген басылымға тарихи тақырыпқа ешқандай да шектеусіз материалдар жариялау үйреншікті іске айналды. Бұған үлкенді-кішілі баспалар арқылы жарық көріп жатқан жеке немесе көптомдық еңбектер легі қосылды. Қоғамның тарихи жадының жаңғыру кезеңінде тұрғандығын байқататын бұл құбылыс, сонымен бірге халық санасында тектоникалық өзгерістердің жүріп өткендігін де куәләндырады. Халық кем дегенде соңғы екі-үш ғасырлық тарихи тәжірибесін, осы жолда басынан кешірген жеңістері мен жеңілістерін, кеңестік идеология тұсында айтылмай келген төл тарихының драмалы оқиғаларын көз алдынан өткізді, ірі тарихи тұлғаларының қайғылы тағдырымен танысты. Басқаша айтқанда, әрбір саналы, өз Отанын тереңірек танысғысы келетін азамат, ондай мүмкіндікке ие болды.

Міне осы арада біздің бәріміз де мынадай бір жағдайға көңіл аударғанымыз жөн. Халықтың өзін-өзі тануы, өзін жасампаз тұлға ретінде сезінуі – бұл баяу жүретін әрі үлкен шыдамдылықты талап ететін, жүйелі де мақсатты еңбектің нәтижесі ретінде ғана іске асатын процесс. Сондай-ақ мұндай күрделі жұмыстың әдіс-құралдары мен жөн-жосығын халықтың ғасырлар бойы жинаған мол тәжірибесі мен даналығынан табуға болады. Мәселен, халқымызда "өлі разы болмай, тірі байымайды" деген ғажап сөз бар. Терең астарлы бұл тұжырымды таратып айтар болсақ, оның бір шешімі "өткенге құрмет, ұрпақаралық сабақтастық болмай, өркенді өсіп-өну жоқ" дегенге сайса керек.

Заман өзгеріп келеді, заманмен бірге ел, оның тарихи жады қайта түлеп, танымы жаңа мазмұнға ие болуда. Бүгін етек-жеңі кең қазақ даласының қай түкпіріне барсаң да алдыңнан есімдері уақыт тезінен

сүрінбей өткен қазақ батырларының құрметіне қойылған еңселі ескерткіштер алдыңнан шығады. Оларды көрген жолаушы, жасөспірім ұрпақ өмір көшіндегі өткен ұрпақтармен жүздесіп, кеңескендей күй кешеді. Бұл, сөзсіз, көңілде болашаққа деген сенім отын ұялататын құбылыс.

Кейде зиялыларымыздан "осы біз өткенмен тым көбірек айналысып кеткен жоқпыз ба?" деген алаңдаушылықты естіп қалып жүрміз. Осы алаңдаушылыққа байланысты біз мынаны айтқан болар едік. Жоқ! Біздің қоғам бұл пайдалы, сондықтан да қажет істі енді ғана бастады. Өткен өміріміздегі құндылықтарды түгендеу, оларды саналы түрде қорыту ісі қазақ қоғамында бұдан бұрын жүйелі негізде жүрген емес. Міне, енді тәуелсіз мемлекеттік жағдайында ғана ондай мүмкіндік туып отыр. Сондықтан да енді ғана басталып, рухани кемелдікке жол ашатын бұл істі көпсінуге ешқандай да қисын жоқ.

Өткенге қайрылу, жай қайрылу ғана емес, оны қорыту, сол арқылы өткен өмірімізде қалыптасқан түрлі құндылықтармен бүгінгі тыныс-тіршілігімізді байыта түсу – бұл жаңа сапалы мәдени өсуге жол ашпақ. Мемлекеттік тәуелсіздік жылдары міне осы процесс, яғни өткен тарихымыздағы күрделі кезеңдерге қайрылу, сол тарихи кезеңдердегі бүгінмен өзектес, сабақтас құбылыстар мен оқиғаларды елеп-екшеу ісі баяу болса да атқарылуда.

Өткенге қайрылу – бұл жаңадан бас тарту емес, қайта жаңаны қабылдауға даярлық. Мәселе мынада. Қабылдамақ жаңамыз қандай топыраққа түспек? Құнарлы, күшті негізгі түскен дән ғана нәтижелі жеміс береді. Ал құнарлы негіз – біздің игерілген, қорытылған бай тарихымыз, салт-дәстүріміз. Іргелі негізсіз біз жалтақ, жетекшіл, еліктегіш, тек өзгенің құндылықтарын қабылдауға бейім қоғамға айналмақпыз.

Кешегі кеңестік кезеңде қазақ қоғамында, әсіресе оны бұқаралық қабаты мен шығармашылық тобында өз өткен тарихына, мәдениеті мен тіліне деген ыстық ықлас болды. Ол ықылас орыстандыру саясатына жауап реакция ретінде көрініс тапқан құбылыс еді.

1974 жылы маусым айында Нарынқол ауданының азаматтары Қ.Сауранбаев пен М.Болысовтың ҚКП Орталық Комитетінің сол кездегі біріншісі хатшысы Д.А.Қонаевқа хат жолдап, Райымбек батырдың зиратын жермен жексен етуден сақтап, белгілі тұлғаның сүйегін Алматыдан Нарынқол немесе Кеген аудандарының біріне жеткізіп, жерлеуге рұқсат алуға көмек сұрауы осы қатардағы оқиға-тын. Мұндай мысалды Қазақстанның басқа да аймақтарына байланысты көптеп келтіруге болады.

Сондай-ақ өткенге қайрылу және оны қорыту ісі ұлтшылдықтың тар шеңберінде, өзге елдер мен мәдениеттерден, олардың мәдениет саласындағы тәжірибесінен іргені аулақ салу емес. Ондай жол рухани

жұтандыққа, өре тарлығына апарары хақ. Осы ретте біз кейбір ұраншыл ғалымсымақтардың тарихымызды ұлттық мүдде тұрғысынан қорытуға үндеуін қабылдай алмаймыз. Тарихи тәжірибе ұлттық мүдде тұрғысынан қорытылуға тиіс емес. Жалпыадамзаттық құндылықтар тұрғысынан, катал объективті ғылыми әдістерді негізге ала отырып қорытылған тарих ғана ұлттық мүддеге қызмет ете алады.

Міне биыл екінші жыл жоғарыда аталған жалпымемлекеттік істердің логикалық жалғасы ретінде Елбасының ұсынысы бойынша елімізде "Мәдени мұра" аталатын мемлекеттік бағдарлама қабылданды. Биыл екінші жыл бағдарламаны орындауға қажет қаржы бөлініп, бұл іске шығармашылықтағы зиялылардың үлкен тобы жұмылдырылған.

Ал осы мемлекеттік бағдарлама қандай қажеттіліктен туған? Бұл ретте мынадай жағдайларға көңіл аударған орынды болар еді. Біріншіден, әлемде өз төл мәдени құндылықтарын қастерлеп, қадыр тұтпаған ұлт өркендеу жолында тұщымды жетістіктерге жеткен емес. Бұл дәлелдеуге мұқтаж емес қарапайым шындық. Қазақ халқы соңғы үш-төрт ғасырда алғаш рет өзінің өркениет жолында өсіп-өнуіне негіз бола аларлықтай мәдени құндылықтарын елеп-екшеу мүмкіндігіне ие болып отыр.

Екіншіден, бүгінгі дамыған елдердің бірде-біреуі тәуелсіз ұлттық-мемлекеттік өркендеу жолына түскен сәтінде мемлекеттік тілде білім жүйесін қалыптастыру, оған қажет әдебиеттер қорын жасау кезеңін айналып өте алған емес. Қазақ тіліндегі сапалы білім жүйесі — бұл мемлекеттік баянды өсіп-өркендеу тіректерінің бірі, алғы шарты. Яғни мемлекеттік тәуелсіздігін енді ғана қолына алған еліміз үшін бұл өз уақытында қойылған мәселе. Президент бұл істі кейінге қалдыруға болмайтындығын тарихи тұрғыдан дәл басып айқындап отыр.

Үшіншіден, елдің экономикасын өркендету ісі мен дәстүрлі мәдениетін жаңғырту процестері арасындағы өзара байланыс бар екендігі де даусыз. Экономикадағы жетістіктер мәдениет саласындағы сұраныстарға жете көңіл бөлуге мүмкіндік туғызып отыр. Өз ретінде ұлттың озық мәдени құндылықтардың жаңғыруы тұрақты экономикалық өркендеуге жағымды ықпал жасайтын болады.

Төртіншіден, еліміздің қарқынды да нәтижелі дамуын шеттен алынған қондырғылық элементтер (мейлі олар ең үлгілі болсын) қамтамасыз ете алмақ емес. Қоғамдық өсіп-өркендеу әуелде өз топырағымызда тамыр жайған ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрге, олардың өміршең озық үлгілеріне табан тірегенде ғана нәтижелі болары хақ. Кезінде Елбасы жасаған осы тұжырым маған халқымыздың ХХ ғасырдағы өмірлік тәжірибесінен тікелей туындағандай ұғылады. Отандық, елдік негіздерге иек арту бұл өсуіміздегі кемелдік нышандардың көрінісі екендігі анық.

Бағдарлама көпқырлы және ол, мәселен, мынадай міндеттерді шешу арқылы іске асырылмақ: еліміздің маңызды тарихи-мәдени және сәулет

ескерткіштерін қайта жаңғырту, сөйтіп оларды туристік инфрақұрылым жүйесіне енгізу; әлемдік мәдениеттің көрнекті өкілдерінің, әлемдік деңгейдегі қайраткерлердің таңдаулы еңбектері мен шығармаларының озық үлгілерін қазақ тілді оқырманның қолына жеткізу, сол арқылы гуманитарлық білім жүйесінің мемлекеттік тілдегі толыққанды қорын жасау; қазақ тарихы мен мәдениетін тікелей қатысы бар жақын және алыстағы шетел мұрағат және кітапхана қорларындағы материалдарды көптомдық түрінде жариялау; халықтың ауыз-әдебиетіне тән інжу-маржан ескерткіштерін "Бабалар сөзі" көптомдық кітабының дестесін түрінде баспадан шығару т.с. Міне осы мазмұндағы жұмыстар тіл білімі философия, мәдениеттану, психология және басқа салаларды қамтиды.

Атқарылып жатқан жұмыс кең ауқымды, сондықтан да оның бәрін қамту мүмкін емес, кейбіреулеріне ғана тоқталайын. Мәселен, Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкерлерінің Париж, Вена, Венеция кітапханалары мен мұрағат қорларында жұмыс істеуі нәтижесінде түркі халықтарының б.э.д. VIII-б.э. XIII ғасырлардағы әскери және әлеуметтік-саяси тарихына тән грек, латын, француз және ағылшын тілдеріндегі ортағасырлық хроникалар мен жарғылар бар екендігі анықталды.

Бұл құжаттық материалдарда түркі халықтарының (сақ, алан, ғұн, сармат, массагет ж.б.) этнографиялық ерекшеліктері, өзара қарым-қатынастары және басқа жұрттармен алыс-берісі жөнінде де маңызды мәліметтер бар.

Алғаш рет қазақстандық зерттеуші (Гаркавец А.Н.) Ватикан мұрағатының құпия каталогымен танысу мүмкіндігіне ие болды. Каталогтағы ақпараттардан Ватиканның IX-XIII ғасырларда Орталық Азия мен Оңтүстік Шығыс Еуропа өңірлерінде жүргізген миссионерлік қызметі жөнінде мәліметтер бар.

Еліміздің тарихына қатысы бар дерек көздерінің бірі белгілі "Түркістан жинағы". 591 томнан тұратын бұл жинақ Ташкенттегі Ә. Науаи атындағы кітапханада сақтаулы. Бүгінде өзбек ағайындар бұл көлемді мұраның электрондық версиясын даярлаған.

Ташкентке жасалған іс сапар нәтижесінде Тарих институтының ғылыми қызметкерлері (Мажитов С.Ф., Рүстемов С.К.) бұл маңызды деректер көзінің Қазақстан тарихына қатысты бөлігін (80%) алып келді. Болашақта ол құжаттық материалдарды көп томдық жинақ түрінде өзімізден шығаруға әбден болады.

Нидерландияның Лейден университетінің кітапхана қорында ортағасырлық қыпшақ тілінде жазылған, "Ованес Кармаданенттің молитвеннигі" бар екендігі анықталды. 1618 жылы жазылған бұл кітап ортағасырлық қыпшақтардың баспа мәдениетін игергендігін, оған төрт жүз жылға жуық мерзім болғандығын айғақтайды. Өз ретінде бұл факті

түркі халықтарында жазба мәдениетінің ерте кезеңдерден үзіліссіз жүріп отырғандығының көрінісі. Лейден университетінде бұл аталған кітаптан басқа түркі тіліндегі 65 қолжа ескерткіштерінің бар екендігі анықталды.

Біздің ұлы көршілеріміздің бірі Ресейдің мұрағат және кітапхана қорларында сақтаулы Қазақстан тарихына тікелей қатысы бар құжаттық материалдардың аса мол екендігі мәлім. "Мәдени мұра" бағдарламасы сол маңызды құжаттық материалдардың біразын 10 томдық кітап түрінде бастырып шығаруға мүмкіндік туғызып отыр. Олардың арасында, мәселен, белгілі ресей елшісі А.И.Тевкелевтің "Журналы" (толық нұсқасы), тарихшы-өлкетанушы П.И. Рычковтың жазбалары және басқа еңбектер мен орыс-қазақ қатынасының ерекшеліктеріне тереңірек үңілуге мүмкіндік туғызатын құжаттар мол.

Енді "Мәдени мұра" бағдарламасының мақсат-мұратын қалың көпшілікке жеткізу ісіне қысқа болса да тоқтала кетейін. Бұл аса маңызды мәселе. Осы жылдың 27 мамыр күні Оңтүстік Қазақстан облысының Бөйдібек ауданы Қошқар ата ауылында "Мәдени мұра" халықтың тарих айту, сақтау дәстүрі және оны жаңғырту жолдарын деген тақырыпқа ғылыми-практикалық конференция болып өтті. Оның жұмысына Румынияның Қазақстандағы елшісі Василе Соаре мырза, Алматы, Тараз, Шымкент қаларынан барған 15-ке жуық ғалымдар мен жазушылар қатынасып, баяндама жасады.

Бұл бір өте пайдалы да нәтижелі іс болды. Ғалымдар мен шығармашылықтағы зиялылар түпкірдегі ауыл адамдарымен жүздесіп, "Мәдени мұра" бағдарламасының мақсат-мұраты жөнінде әңгімелесу, еркін пікір алысу мүмкіндігіне ие болды, кітапханаларға, жеке адамдарға өз еңбектерін сиға тартты. Сапар барысында қала тіршілігінен сыртқа шыққан зиялылар "Бөйдібек баба", "Домалақ ана", "Қошқар ата" кесенелерін көзімен көріп, олардың күтімімен танысты, Орда басы сияқты тарихи орында болып қайтты. Сонымен бірге өз ретінде ауыл адамдары, қарапайым халық танымал ғалым, жазушы, журналистердің ғылыми баяндамасын, айтқан пікірін тыңдады, өз пікірлері мен тұжырымдарын ортаға салды. Алматылық ғалымдар мен елші Василе Соаре мырза Шымкент қаласындағы жоғары оқу орындары студент, оқытушыларымен қызықты кездесулер өткізді. Қошқар ата конференциясын өткізуге мұрындық болып, қаржылай шығынын өз мойнына алған кәсіпкер Оралбек Қожамжарұлына ризашылығымыз мол.

Бұл сапардан біздің түйген тұжырымымыз мынау: мұндай екі жаққа бірдей тиімді кездесулер еліміздің түпкір-түпкіріндегі ауылдарда, елді мекендерде өткені дұрыс. Сондықтан да бұл істі жалғастырмақ ойымыз бар.

БІЛІМ БЕРУДІ ГУМАНИЗАЦИЯЛАУДЫҢ НЕГІЗІ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН МӘДЕНИ-ТАРИХИ ПСИХОЛОГИЯ

Ж.И.Намазбаева -

*Абай атындағы ҚазҰПУ, ЖМҒ ХА академигі,
психол.ғыл.д., профессор*

Мемлекет Басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында қойылған /1/, модернизацияны үдетудің міндеттемелері қоғам өмірінің барлық салаларын қамти отырып, өзінің мағынасы бойынша гуманизацияға бағытталған. Бұл құжат бізді адамның өзіне, оның құндылықтарына және тұлғаның субъективтілігіне тікелей қарауды сілтейді. Қоғамды модернизациялауды үдетуді творчестволық, белсенді, өздерін көрсете алатын, өзін-өзі қамтамасыз ете алатын адамдар ғана жүзеге асыра алады.

Осыған орай, біз енетін әлеуметтік үрдістер мен адам іс-әрекетінің барлық салаларын психологиялық заңдылықтар қамтитын болғандықтан, адам жайлы ғылымдар жүйесінен маңызды орын алатын, психологияның маңыздылығы гуманитарлық ғылымдармен бірге өлшеусіз өсуде.

Сонымен, Жолдаудың бірінші кезектегі міндеттемелерінің бірі болып қоғамды, алдымен, білім беруді, гуманизациялауды жүзеге асыру үшін психологиялық ғылымды модернизациялау мен үдету қажеттілігі саналады. Өкінішке орай, психологиялық ғылым мен тәжірибе біздің елімізде осы уақытқа дейін өзінің тиісті орнын алған жоқ; ол әлемнің дамыған елдерінде ғылымның басымды салаларының бірі болып ерте-ректе-ақ қалыптасқан. Сондықтан, ондаған жылдар барысында пайда болған, өздерінің санасындағы көптеген стереотиптерге қарсы тұрудан туатын, психологиялық маңызды қиыншылықтардың қазіргі заманғы азаматтардың бойында болуы таң қаларлық жағдай емес. Яғни, біз психологиялық ғылым мен тәжірибенің барлық потенциалын қоғам мен білім беру модернизациясын ғылыми қамтамасыз етуге бағыттауымыз қажет. Бұл – саяси, әлеуметтік, экономикалық және рухани-білім берудің жаңару үрдістеріне адамдарды ендірудің мәдени, әлеуметтік психологиялық тиімді механизмдерін табу және жасау.

Қоғам алдында саяси, әлеуметтік, экономикалық дағдарыстардың проблемаларымен қатар, білім беруді гуманизациялаудың жаңа парадигмасын адамзатқа ортақ мәдени-құндылықтарының потенциалы арқылы ғылыми негіздеуді талап ететін, қоғамның рухани жағдайының терең өзгеріске ұшырауы салдарынан болатын жалпылама дағдарыс синдромының проблемасы пайда болады.

XX ғасырдың ғұлама ғалымы Л.С.Выготскийдің зерттеулерін шынайы тәжірибе жүзінде қолдану үшін оларды терең талдау арқылы біз осы мәселенің шешіміне жетеміз деп есептейміз. Л.С.Выготскийдің психологиялық теорияларын меңгеру және жүйелендірудің неғұрлым жетістікті болуы еліміздің мәдени мұрасын синтездеумен байланысты болады. Өйткені, автордың мәдени-тарихи психологиясының теориясы, шынымен де, өркениет және мәдениетпен, өнер және тарихпен, социология және педагогикамен, психология және білім берумен ұштасады. Бұл салалардың кез келгенін қарастырған кезде - аталмыш ғалымның идеяларының осы заманның шындығына сай барлық жерде тиімді қолданылуы мүмкін екендігін байқауға болады.

Адамның болмысы мен оның психикасының даму заңдылықтары жайлы әр түрлі теориялық тұжырымдамаларға мынадай негізгі қатынастар жатады: "адам — табиғат", "адам — қоғам", "адам — тәңір", "адам — мәдениет". Бастапқы екі қатынастар бірнеше ондаған жылдар бойы дәстүрлі түрде жиірек қарастырылды, ал үшінші және төртінші қатынастар мүлдем ескерілген жоқ. Адам әлемі — оның нақты бір мәдени кеңістіктегі белгілі бір мәдени түрідегі өмір сүру әрекетін ұйымдастыру және дамыту амалы. Тұлғаның әлеммен қарым-қатынастары арқылы адамзатқа ортақ мәдени құндылықтардың потенциалын анықтауға болатындықтан, кез келген халықтың мәдениеті мен мәдени мұрасы ерекше маңызды болатыны жайлы Л.С.Выготский ғана атап айтқан /2/. Осыған байланысты қазіргі заманғы психологияның өзекті мәселелерінің бірі болып Қазақстан азаматтарының этно-мәдени дамуын зерттеу саналады. Сонымен қатар эксперименттік зерттеу адамдарды этномәдени әлемге тарту арқылы адамның этномәдени дамуының психологиялық заңдылығын анықтауға бағытталуы қажет. Алайда, Қазақстанның қазіргі заманғы білім беру салаларында тұлғаның этникалық ерекшелігін қалыптастырушы амал ретінде бұл факторды жүйелі кезеңмен қолдану қарастырылмаған.

Білім мен тәрбие берудің барлық салаларындағы жастар мен балалардың этномәдени дамуына бағытталған, Қазақстанның мәдени мұрасына негізделген Мемлекеттік білім беру бағдарламасын жасаудың уақыты жеткен сияқты.

Қазіргі кезде тарих пен мәдениеттің жаңа айғақтары қарқынды түрде анықталып, мәдени массив ұдайы кеңею үстінде. Мәдениет жайлы білімдерді өсіп келе жатқан ұрпаққа жеткізу, насихаттау және меңгеру, объективті түсіндіру жаңа парадигманың өзекті гуманистік мәселесі болып табылады. Осы күнге қатысты алдыңғы рухани мәдениетті ашып көрсету саласында да атқарылатын жұмыстар көп. Мәдениет жайлы барлық жаңалықтарды қоғамның көпшілік қауымының мұрасы деп санау маңызды болады. Қазіргі заманғы адамның тұлға ретінде қалыптасуын

мәдениет идеалдарына еліктеу үрдісі түрінде қарастыру керек. Бұл үшін қоғам мен адамның психикалық өміріндегі мәдениеттің атқаратын рөлін анықтауға бағытталған негізгі зерттеулерді белгілі бір тәртіп бойынша жасау қажет. Бұл – тұлға мен іс-әрекеттің мәдени тұрғыдан психологиялық талдау. Кросс – мәдени факторлардың тұлға психикасының қасиеттеріне ықпал етуін, психологияны басқа ғылымдармен ұштастыру арқылы ғана экспериментті түрде зерттеуді өзінің басты міндеті деп санайтын, бізде, Қазақстанда, дамуының бастапқы кезеңінде ғана тұрған мәдени психология.

Мұның бәрі білім берудің маңызын өзгерте отырып, оны өткен заманғы мәдениетті ой елегінен өткізу мен қазіргі мәдениетті дамыту арқылы қоғамды гуманизациялауға жаңаша ықпал етуші, адам дамуының психологиялық амалдарына бағыттауға мүмкіншілік туғызады. Сонымен қатар, психология тәуелсіз мемлекетті қарқынды модернизациялаудың мәдени құрамы ретінде көрінеді. Адамдардың психологиясы мен санасы өзгермей, саясат пен экономикадағы өзгерістердің ешқайсысы жүзеге аспайтынын уақыт көрсетті. Мәдениет – адамның іс-әрекеті мен мінез-құлқына ықпал ететін басты фактор екенін мойындау психология үшін қазір маңызды болып табылады.

Қазақстан - көп ұлтты мемлекет. Мұнда мәдени-тарихи психологияның даму мүмкіншіліктері орасан зор, тұлғаның эмоциялары мен мінез-құлықтары, ақыл-ойы, дүниені сезінуі әр түрлі болады. Қабылдану арқылы мәдениеттің көпшілігінің өзара араласуы - ойлаудың гуманистикалық мағынадағы жаңа үлгісінің дамуына мүмкіндік туғызады.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының саяси тұрақтылық пен этностардың өзара татулығы жағдайында қалыптаса бастауына біздің саяси басшылықтың зор үлесі болғанын атап айтқан жөн. Қазіргі уақыттағы ең бастысы – бұл жеке және қоғамдық сананың қарқынды өзгеруі. Елімізде, әрбір азаматтың потенциалдық мүмкіншіліктерінің ашылуы кезінде ғана болатын, жекелеген жетістіктің даму тенденциясы байқалып, бүкіл қоғамның жетістікке жету энергиясын жасаудың кепілі болады.

Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы еліміздің ішкі саясатының неғұрлым өзекті мәселелерін шешуге бағытталған мақсаттар бағдарламасынан тұрады. Ғылымды дамыту және жоғары деңгейдегі кәсіпкерлерді дайындау қоғамды тиімді модернизациялаудың маңызды факторлары болып табылады. Психология ғылымын дамыту ерекше орын алады.

Рухани-өнегелік және эстетикалық мәдениеттің төменгі деңгейде болуы, қазіргі заманғы жастарды тәрбиелеудің кәсіби-тұлғалық бағытта жүзеге асырылуы, психологиялық ғылым мен мәдениетті ұштастырудың проблемасын тікелей тудырады, өйткені қазіргі кездегі көпұлтты

Қазақстан азаматтарына өзін-өзі көрсетуге және мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыруға нақты мүмкіншіліктер жасалған.

Елімізде тәрбие берудің мазмұнын жаңартудың алғы шарттар бар. Қазақстан Республикасындағы қазіргі заманғы жастар мен балаларға психологеметтік тәрбие беру мен тұлғаны қалыптастырудың біртұтас теориялық-әдістемелік концепциясын жасау қажет. Бұл 2010 жылға дейінгі білім беруді дамытудың Мемлекеттік Бағдарламасының міндеттерін орындауға нақты үлес қосады. Барлық білім беру мекемелерінде психологиялық және рухани-өнегелік жағдайларды қалыптастыру осы мақсатта тәрбие берудің бағыттары болып саналады. Тәрбие берудің бүкіл үрдісі мемлекеттік деңгейде жасалып, гуманистикалық идеалдарды меңзейтін мәдениетке негізделуі қажет. Осылайша білім беру мен тәрбиелеу тұлғаның психикалық дамуының көздері болады. Л.С.Выготский атап айтқандай /2/, адамның дамуы – бұл "мәдени" даму. Тұлғаның субъект ретінде қалыптасуы "мәдениет" ұғымымен тығыз байланыста болып, мәдени-тарихи негізге сүйене жүзеге асады. Қазақстанның психология ғылымының мәдени тұрғыдан білім беруді іске асырудағы жасайтын жұмыстарының көлемі орасан зор. Біздің пайымдауымызша, тұлғаның қалыптасуының өзі – бұл адамның идеалдық мәдениетті әлеуметтік меңгеруге жақындау үрдісі. Бұл мәдениетті меңгеру, оған жақындап ену қалай жүзеге асырылатыны маңызды болмай, біздің барлығымыздың оны қабылдауымыз, түсінуіміз және қажет етуіміз маңызды болады. Яғни, білім берудегі мәдени мұраның мазмұнын анықтау, сондай-ақ оны жеткізудің өнімді амалдарын таңдау керек. Мәдени тұрғыдан білім берудің теориялық-әдістемелік негіздерін өңдеу Мемлекеттік Бағдарламаны жасауға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаның басты өзегі жасаушы адам (бала, жасөспірім, ересек адам) болуы қажет. Сонымен, мәдени-тарихи психологияны дамыту және тереңдету саласында зерттеуді қажет ететін, шешілмеген маңызды әрі мақсатты, бірақ еліміздің нақты әлеуметтік-экономикалық жағдайына сәйкес келетін жаңа ұстанымдағы мәселелер көп.

Біз ғылымның болашағын мәдениеттердің өзара әрекеттестігінен көреміз. Осыған негізделе мәдениеттің, ғылымның және өмірдің жаңа сапасы қалыптасады. Тек осындай жағдайда ғана тұлға мен мәдениеттің өзара байланысуы мүмкін болады. Сананы, этникалық психологияны, мотивтер мен қажеттіліктерді, мәдени-тарихи болмыс пен мәдениеттің мәні мен мағынасының сауалдарын, мәдениеттің тұлғаға ықпал етуінің амалдары мен механизмдерін зерттеудің, адамның уайымдары мен құндылықтарын, мақсаттарын, субъективтік күйлерін ескерудің мәселелері маңызды аспект болып қалады.

Адамның мәдениетке енуінің үрдісі, оның әлеуметтендірілуі және бейімделуі әр түрлі көзқарастар тұрғысынан қарастырылды /3/. Сана-

ның оқшауланған феномендерінің орнына, адам тұлғасының этникалық уайымдарымен тығыз байланыста болатын, мәдени және тарихи сананың феноменіндегі ғылыми қызығушылықтарды топтастыру қажет. Мәдени өзіндік сана сезімді қалыптастыруды ғылыми сана мен өзіндік сана сезімнің тұрғысынан қарастыру керек. Жастардың әлеуметтік-психологиялық өзара әрекеттестігі халықтар мен ұлттарға құрметпен қарауға негізделе ұйымдастырылуы қажет. Осыған орай, жастарды әр түрлі ұлт адамдарының мінез-құлықтарының өздеріне ғана тән болатын ұлттық ерекшеліктерін бейтарап немесе дұрыс қабылдауға арнайы дайындау керек. Толеранттық адам – бұл өзінің және өзгенің мәдениетіне құрметпен қарайтын, ұлттық намысы бар тұлға. М.Ганди былай деп жазды: "Мен барлық мәдениеттер желінің үйімнің төбесінен ескенін қалаймын, бірақ үйімнің шатырын ұшырып кеткенін қаламас едім" /4/.

Көбінесе, мәдениеттің қалай ұғындырылғанына байланысты, оған деген психологиялық көзқарас қалыптасады. Психология ғылымы мәдениетті творчестволық іс-әрекетпен байланыстырады. Мәдениетті таны жолындағы адамның когнитивтік сезімталдығының орны ерекше. Тұлғаның психикалық қасиеттері мәдени творчествоның барлық түрлерінен байқалады. Мәдени-тарихи психологиядағы Л.С.Выготскийдің идеяларын, талқыланып отырған проблемамен байланыстырып, жаңаша түсіндіріп қарастыруға болады. Адамның өмір сүру әрекетінің психикалық және мәдени механизмдерінің өзара байланыста болатыны жайлы сөз болып отыр. Адам психикасы мәдениетті тудырады, ал мәдениет психиканың қалыптасуы мен дамуына ықпал етеді. Біз орталық-тұлғалық құрылымды /5/ жүзеге асыру жайлы айта отырып, адам үшін мәдениеттің тұлғалық-творчестволық маңызын тереңірек зерттеу керек екенін атап өткеніміз жөн. Мәдениет ес, тіл, ерікті-эмоционалдық сала таным арқылы қабылданады. Аталмыш жағдайда, Л.С.Выготскийдің "интеллект пен аффект" қатынасының теориясы /2/ маңызды мағынаға ие болады. Бұл теорияның идеяларын тереңірек талдау - замандас тұлғасын зерттеуге мәдениет арқылы, адам психикасының ерікті-эмоционалдық және танымдық салаларының байланысын білдіретін, кешендік көзқарас /6/ ұстанымы бойынша қарауға мүмкіндік береді. Осыдан адамның тұлғаға санадан тыс және санадан бұрын деп субъективті қарауының қажеттілігі, яғни адам жан дүниесіне тереңірек қарауы байқалады. Қазіргі заманғы ғылым мен білімнің шынайы гуманизмі болып дәл осы саналады ма?

Сонымен, Л.С.Выготскийдің мәдени-тарихи психологиясына психология ғылымының шексіз потенциалы негіз болады. Бұл терең ілімнің орталық идеясы – адамға адамгершілікпен қарауды насихаттау және оны нақты жүзеге асыру. Бұл психология тағдыры оңайдан болған жоқ. Ол советтік психология ғылымын қатаң идеологияландырумен анықталды.

Ал Қазақстан психологиясы мұнымен қатар, Москва мен Ленинградтың психология мектептерінің монополиясының зардабын шекті. Біздің Республикамызда ол беделді болған жоқ, және де оның дамуы әдейі тежелді: 70 жыл Совет өкіметі кезінде бүкіл Қазақстан бойынша үш ғалым (М.М.Мұқанов, Ж.И.Намазбаева, Б.М.Хамзин) ғана докторлық диссертация қорғағанын айтса да жеткілікті.

Бұл мақала авторының Л.С.Выготскийдің лабораториясында оқып, өсіп және ғалым ретінде қалыптасуына сәтті мүмкіндігі болды. Л.С.Выготскийдің идеялары қоғамды қайта құруға негізделеді. Оларды талдау академиялық психология мен оның қоғамдық тәжірибесін органикалық бірлестірудің жаңа жолдарын табуға мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде, егемендіктің арқасында, Қазақстан Республикасының саяси және әлеуметтік-экономикалық маңызды жетістіктерінің болуы салдарынан, психология ғылымын дамыту қажеттілігі анық байқалады. Әлемдік және отандық психологияның жетістіктерін творчестволық тұрғыдан қайта қарастыру қажет. Қазақстандағы психология ғылымының жоғарыда айтылған даму бағыттарының қатарына төмендегілерді жатқызуға болады:

- Көптеген психологиялық проблемаларды салыстырмалы әдістерді кең қолдана отырып, мәдени-тарихи аспектісі тұрғысынан зерттеу қажет.

- Білімді адамның қазіргі заманғы мәдени-әлеуметтік өмірінің механизмдері мен жалпыгуманистикалық жүйелерін дамытудың амалына айналдыруға мүмкіндік беретін, психологияның теориялық-әдістемелік негіздерін өңдеу керек.

- Қазақстанның рухани-өнегелік және мәдени-тарихи дәстүрлеріне сүйенетін, білімдегі ұлттық-регионалдық компоненттің ғылыми-теориялық негіздерін зерттеу қажет.

- Өнегелі, белсенді, креативтік және өзін-өзі қамтамасыз ететін азаматтардың қалыптасуына психологиялық жағдайлар жасап, оларды ғылыми негіздеу.

- Өкімет, қоғам және бизнес өкілдерінің өзара күш біріктіруінің арқасында ғана қоғамның келеңсіз құбылыстарына – терроризмге, агрессия мен зұлымдыққа – қарсы әрекет жасау мүмкін болады.

Психология ғылымы мен тәжірибесінің дамуы қазіргі Қазақстанның тағдыры үшін аса маңызды. Адамның санасын, психикасын, жан дүниесін қайырымдылыққа, яғни ұлттың рухани-өнегелі түрде қайта өрлеуіне бұру қажет. Осы тұрғыдан, мәдени-тарихи психология бізге нақтылы және шынайы жетістіктерге жетуге күш-қуат береді.

1. Послание главы государства Н.А.Назарбаева народу Казахстана "Казахстан на пути ускоренной экономической, социальной и политической модернизации" // Казахстанская правда. - 2005. – 17 февраля.

2. Выготский Л.С. Собрание соч.: В 6 т. – М., 1982.
3. Дэвид Мацумото. Психология и культура. – СПб., 2002.
4. Ганди М. Идеи толерантности и современность. / Материалы международной конференции. – Бишкек, 1996.
5. Намазбаева Ж.И. Психологические вопросы реорганизации образования в вузе //Межд. научно-пед. издание. - Алматы, 2004.
6. Намазбаева Ж.И. Разработка психологических проблем и социальное развитие общества. // Вестник КазНПУ им. Абая. Серия "Психология".-Алматы, 2000. - N5.

"МӘДЕНИ МҰРА" МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ – ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ МЕН МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ДАМУЫНЫҢ БІР КЕЗЕҢІ

К.Ш.Хұсайын -

*А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының директоры,
филол.ғыл.д., профессор*

2004-2006 жылдарға арналған "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан шаралар еліміздің мемлекеттілігін нығайтып, мәдениеті мен өркениетін арттыруда, ғылым мен білім жүйесін дамытуда маңызы айрықша болмақ. Бағдарлама жұмысы бірнеше секция бойынша жүргізіліп, оның ішінде "Тіл білімі" секциясына Қазақстанның тәуелсіз ел ретінде әлемдік мәдениет және тіл аралық қоғамдастыққа кіруіне, сондай-ақ жас мемлекет ретінде өз мәртебесін нығайтып күшейте түсу үшін аса қажетті мемлекеттік тілдің жүйесін унификациялауға, жалпымәдени, этномәдени құндылық тұрғысынан жан-жақты ғылыми сипаттауға арналған нақты теориялық және практикалық мәні зор тілтанымдық еңбектер - сөздіктер сериясын дайындау жүктелді.

Осы шараларды жүзеге асырушы бас мекеме ретінде Тіл білімі институты ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 12-ақпанында N171 қаулысымен бекітілген 2004-2006 жылдарға арналған "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі **іс-шаралар жоспарының 3.13 тармағы бойынша 62-67** баптарына сәйкес мына сөздіктерді дайындауды міндетіне алды:

"Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі" (15-том), көлемі - әр томы 60-70 б.т.;

"Қазақ тілінің синонимдер сөздігі"; көлемі – 35 б.т.;

"Қазақ тілінің аймақтық сөздігі", көлемі - 80 б.т.;

"Қазақ тілінің этимологиялық сөздігі" (2 том);

"Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі", көлемі - 50 б.т.;

"Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі", көлемі – 45 б.т.

Қазақстан егемен ел болып, халықаралық байланысқа тікелей шығу мүмкіншілігіне ие болып отыр. Осы кезеңде қазақ сөздіктерінің сапасын халықаралық деңгейге көтерудің қажеттілігі туындайды. Тіліміздің сөздіктерінің сапасын жақсартудың бірден-бір жолы - оларды теориялық негіздерге, әлемдік лексикография тәжірибелеріне сүйеніп жасау. Сол арқылы отандастарымызға және жақын, алыс шетелдік азаматтарға қазақ тілін үйрету мәселесі сәтті шешімін табар еді. Тіліміздің байлығын мейлінше мол, толық қамтыған аталған сөздіктерді жарыққа шығару, олардың компьютерлік нұсқасын жасау арқылы қазақ тілінің түрлі дәреже, деңгейдегі түсіндірме, аударма сөздіктерін; тілдескіштерін жасауға негіз салынады. Еліміздегі сөздік жасау ісі қарыштап даму мүмкіндігіне ие болады.

Сонымен бірге мұндай іргелі еңбектердің тілтанымдық негіздерін зерттеп, дайындап шығару, оларды баспаға ғылыми редакциялау жұмыстарын жүргізу Институттың ғылыми әлеуетін нақты мақсатқа жұмылдырып, еліміздегі тіл ғылымының теориясы мен практикасының қатар дамуына, мемлекеттік тілдің қолданысы мен құрылымдық жүйесінің зерттелуіне үлкен серпініс берді.

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты 2003-2005 жылдар аралығында мемлекеттік тапсырыс бойынша **"Тілдердің үйлесімді қызмет етуі мен дамуы – егемен Қазақстанның тұрақты және өркениетті дамуының тірегі"** атты іргелі зерттеу бағдарламасын жүзеге асырып келеді. Ал осындай зерттеу бағдарламасына қатысты жұмыстармен қатар "Мәдени мұра" бағдарламасының іс-шараларына қатысып, мемлекеттік тілдің жүйесін, құрылымын көрсететін сөздіктерді шығару Институт ұжымының ғылыми-практикалық ізденістер жүргізу біліктілігін ғана арттырып қойған жоқ, сонымен бірге бағдарлама тарапынан бөлінетін қаржының арқасында ғылыми қызметкерлердің жалақы мөлшерін де арттырды. Бұл біріншіден, бүгінгі таңда елімізде жоғары сұранысқа ие болып отырған мемлекеттік тілдің лингвистикалық ғылыми базасын құрайтын, сол арқылы жалпы тіл үйренушілерге көмек берумен қатар қоғамның лингвистикалық мәдениетін арттыруға себепші болатын қазақ тілінің әр түрлі сөздіктерін қазіргі лексикографияның жетістіктерін пайдалана отырып, жаңа сапада шығаруға мүмкіндік берді. Екіншіден, осы бағдарламаға қатысып отырған басқа да ғылыми зерттеу мекемелері сияқты Тіл білімі институты қызметкерлерінің де қаржылық жағдайын жақсартта түсті.

1. Қазіргі кезде "Тіл білімі" секциясы бағдарлама жоспары бойынша **Он бес томдық "Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің сөзтізбесін"** (I, II, III, IV, V кітаптар, көлемі - әр қайсысы 16,5 б.т. Алматы: "Арыс", 2004. Жауапты редакторы Н.Уәли); 2) **Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігін** (көлемі – 50 б.т. Алматы: "Арыс", 2004, жауапты редакторы – профессор Ә.Жүнісбек, құрастырушылары: Н.Уәли, Қ.Күдерінова, А.Фазылжанова) шығарды.

1. Көп томдық түсіндірме сөздіктер сияқты ұзақ зерттеулердің нәтижесінде ғасырда бір-екі рет шығарылатын күрделі әрі көлемді еңбектер үлкен дайындықты қажет етеді, сондықтан да **Он бес томдық "Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің сөзтізбесі"** түсіндірме сөздік жасаушыларға арналғанымен еліміздің қалың жұртшылығынан, зиялы қауымнан толықтырулар мен пікір алу үшін ұсынылды. Сөзтізбе А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының картотекалық қорындағы сөздерді, бүгінгі күнге дейін жинақталған жаңа сөздерді, сонымен бірге бұрынғы жарық көрген сөздіктердің барлық сөздік қорын қамти отырып құрылды. Сондай-ақ сөзтізбеге ішінара жергілікті, көне және жиі қолданылатын кәсіби сөздер мен пәнаралық терминдер енгізілді.

2. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін алуына байланысты ауызша түрдегі қазақ сөзі өзінің қызметін өрістете түсуге мүмкіндік алды. Қазақ тілі тұрмыс аясында ғана емес, басқару орындарында, өндіріс ошақтарында, ғылыми мекемелер мен білім беру, оқу-тәрбие жүйесінде кеңінен қызмет ете бастады. Бұқаралық электронды ақпарат құралдарының қазақ тілінде беретін хабарларының уақыты бұрынғыдан әлдеқайда артты. Алайда қазіргі кезде ауызша сөздің қолданылу мәдениеті аса жоғары деңгейде деуге болмайды. Теле, радио хабарларының шығармашылық қызметкерлері мен дикторлар, жоғары оқу орны аудиторияларындағы лекторлар, мектеп мұғалімдері, сахнадағы актерлер, өндірістік қызметтегі мамандар, қала берді студенттер мен оқушылар сөзді дұрыс ырғақпен, үйлесіммен, үндесіммен дыбыстай алмай жататын жайттар жиі кездесіп отырады. Ауызша тіл нормасының бұзылуы ана тілінен қол үзіп барып, онымен қайта табысып жатқан жоғары лауазымды азаматтардың ортасында да етек алып келеді.

Орфографиялық ережелермен қатар орфоэпиялық ережелерді ден қойып оқытпаудың салдарынан қазіргі мектеп оқушыларының тілінде жуан айтылуға тиіс қазақтың төл сөздерінің жіңішке айтылуға бейімделіп бара жатқаны сияқты әдеби тілдің дыбыстау нормасынан уәжсіз ауытқуларды байқауға болады.

Тіл мәдениеті тұрғысынан қарағанда сөздің дыбыстық тұлғасына нұқсан келтіру де тілдің әдеби нормасын бұзғандық болып саналады. Сөз ішінде, сөздер аралығында көрші дыбыстардың бір-біріне әсерін дер

кезінде еске салып отыруға, жазба тіл мен сөйлеу тілінің ара қатынасын көрсетуге септігін тигізетін ең қажет құрал - орфоэпиялық сөздіктер.

Жазу мен дыбыстаудың арасындағы әр түрлі айырмашылықтарды тіл үйренушілерге, сондай-ақ мектеп оқушыларына бастауыш деңгейден бастап екі түрлі бағытта, бірі - дұрыс жазу, екіншісі - дұрыс сөйлеу бағытында және де бір-бірінен еш асырып не төмендетпей бірдей деңгейде жан-жақты түсіндіріп оқытудың қолға алынғаны жөн. Себебі жазу мәдениеті мен сөйлеу мәдениетінің тілдік коммуникациядағы рөлі бір-бірінен басым не бәсең деуге болмайды. Қазіргі ақпарат заманында тілдесудің бұл екі түрі де тұрмыстық немесе ресми қатынаста болсын ерекше қызмет атқарып отыр. Сондықтан да қағаз бетіне таңбаланған жазба ақпаратты ауызша жеткізу нормаларын сақтап, ауызша түрде өтетін тілдік қарым-қатынастың сапасын, сөйлеу мәдениетін арттыру, дұрыс сөйлеуге (дыбыстауға) үйрету мақсаттарын жүзеге асыру үшін қазақ тілінің мейлінше толық сөздік қорын қамтитын орфоэпиялық сөздіктің көмегі ерекше болмақ деп ойлаймыз.

Сондықтан мұндай құралға тек тіл үйренушілер ғана емес, ана тілінде емін-еркін сөйлейтіндер де аса зәру. Өйткені көпшілік алдындағы сөз нормалары мен тұрмыстық қатынастағы сөйлеу тіліне тән дыбыстау нормаларын араластырмай, қалыпты межеден жөнсіз ауытқымай, сауатты сөйлей білу де тілдік қарым-қатынас үшін аса маңызды. Осы орайда 75 мыңнан аса сөз бен сөз тіркестерінің айтылым үлгілері берілген қазіргі әдеби тілдің ауызша сөйлеу нормаларын көрсететін **Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігінің** қазіргі қоғамдағы маңызы жоғары деуге болады.

II. Бағдарлама жоспары бойынша А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты шығаратын еңбектердің біразы баспаға тапсырылды. Олардың ішінде үстіміздегі жылдың аяғына дейін жарық көретіндері:

1. Қазақ тілінің аймақтық сөздігі (көлемі - 80 б.т. Жауапты редакторы Ұлттық Ғылым академиясының академигі Ш.Ш. Сарыбаев, құрастырушылары: Ғ.Қалиев, О.Нақысбеков, Ш.Сарыбаев, А.Үдербаев. – Алматы: "Арыс" баспасы, 2005). 22 мыңнан астам жергілікті тіл ерекшеліктерін қамтитын бұл сөздіктің бұрынғы өзі типтес сөздіктерден ерекшелігі Ресей, Қытай, Ауғанстан, Пәкістан, Иран, Монғолия сияқты мемлекеттердегі қазақ қандастарымыздың тілдік қолданыстарын қамтуында болып отыр.

Тіл білімі институты 1950 жылдан бері диалектологиялық экспедициялар ұйымдастырып келеді. Сол экспедицияларда жеке адамдардың жиып-терген материалдары негізінде біраз жинақтар, монографиялық еңбектер, мақалалар мен сөздіктер жарық көрді. Осы еңбектер мен соңғы 10-15 жылдарда жиналған материалдардың басын қосып, толықтырып, 22 мыңнан аса сөзді қамтитын "Қазақ тіліндегі аймақтық сөздігі" (көлемі 80 баспа табак) тұтас бір том түрінде дайындалып баспаға тапсырылды.

Бұл шара да "Мәдени мұра" бағдарламасының аясында жүзеге асырылып отыр.

Қай тіл болмасын оның құрамында үйреншікті норма болып қалыптасқан жалпыхалықтық деңгейде қолданылатын баршаға мәлім түсінікті әдеби сөздермен қатар сөйлеу тілінде көне тілдің көрінісі ретінде сақталып қалған ертедегі тайпа тілдердің қалдықтарымен қатар халықтың көрші халықтармен қарым-қатынасын көрсететін ауыс сөздер де кездеседі. Солардың ішінде белгілі бір аймақтағы тұрғындар тіліне тән сөздер әдеби тілді байытуға септігі тиіп жатады.

Аймақтық лексика құрамына енетін диалектілік сипаттағы кәсіби сөздердің ішінде мақта, балық, бау-бақша, түйе, диқаншылық, т.б. кәсіппен байланысты әдеби тілде баламасы жоқ қыруар ұғым атауы бар. Ақын-жазушыларға, публицист-журналистерге де, лексикографтарға да мол қазына болып табылатын мұндай сөздерді жалпыхалықтың игілігіне айналдыру мақсатымен сөздікке енгізу көзделді. Мысалы, оңтүстік аймақтарда әдеби тілді байыта түсетін қауынның 20, арық-атыздың 15 түрлі атаулары бар. Тек түйенің өзіне ғана байланысты қолданылатын жалпыхалықтық сипатқа ие болмаған ондаған атаулар кездеседі. Мұндай сөздерді жиып-теріп әдеби тілдің қажетіне, кәдесіне жаратпасақ, олар не аймақтық, не әдеби тіл сөздіктеріне енгізілмесе, онда бара-бара ұмытылып, тілдік қордан шығып қалуы мүмкін.

Сондай-ақ Аймақтық сөздікте халықтың сөйлеу тілінде көне тілдің сарқыншағы ретінде сақталып қалған ертедегі тайпа тілдерінің қалдықтары мен көнеленген сөздер де қамтылды. Олардың ішінде қазақ халқының әр дәуірде көрші халықтармен қарым-қатынасын көрсететін ауыс сөздер де, кейінгі дәуірде, тіпті кеңес өкіметі тұсында пайда болған сөздер де кездеседі. Сонымен, ұсынылып отырған еңбек тіл білімі теориясы үшін қазақ диалектіліктері атласын жасауда, әдеби тіл мен сөйленістердің ара-қатынасын анықтауда көп мәлімет беретін, сондай-ақ практикалық мақсатта да қолданылатын, яғни жоғары оқу орындарының студенттері мен мектеп оқушыларының ізденіс жұмыстарындағы әдеби тілдің нормасын тануға, тіл мәдениетін арттыруға септігін тигізетін құрал болмақ. Бұған қоса бұл сөздік тіл мәдениеті мәселелерімен шұғылданушыларға, сөздікші, лексикографтарға бай материал беретіні сөзсіз. Сөздік құрастырумен, текстологиямен шұғылданып жүрген филологтарға да бұл сөздік пайдалы құрал болып, белгілі бір дәрежеде көмегін тигізер деп ойлаймыз.

2. **Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің I, II томы.** 15 том (көлемі — әр томы 60-70 б.т. Алматы: "Арыс", 2005). Бұл кең ауқымды лексикографиялық еңбек — әлемдік лексикографияның ең тиімді дәстүрі бойынша құрылған жаңа типтегі жаңа құрылымдағы сөздік қана емес, сондай-ақ "нағыз халық өмірінің энциклопедиясы", ұлттың ерекше бай әрі рухани

терең және мол қырлы тілдік әлеуетін көрсететін елтану бойынша ғылыми негізді нұсқаулық болуға тиіс. Бұрынғы 10 томдық түсіндірме сөздікте 65-66 мыңнан аса сөз қамтылса, 15 томдық сөздікте 120 мыңға жуық сөздердің түсіндірмесі берілмек.

Он бес томдық түсіндірме сөздіктің бұрынғы он томдық сөздіктен ерекшеліктері мен жаңалығы мыналарға саяды:

Біріншіден, қазақ тілінің бұрынғы 10 томдық түсіндірме сөздігі өткен кеңестік дәуірде, коммунистік партияның саяси көзқарастары тұрғысынан, сол идеологияға сәйкестендіріліп, бір жақты сипатта жасалғандықтан, аталмыш сөздікте қазақ халқының дүниетанымын, өмір тәжірибесін мөлінен көрсететін лексика-фразеологиялық байлық кеңінен қамтылмаған еді. Жалпы ғылыми терминдер атауларының басым көпшілігі орысша нұсқада болатын. Саяси цитаталар, идеологиялық анахронизмдер жиі кездесетін-ді. Сол себепті бұрынғы түсіндірме сөздікте қазақ халқының төл мәдени мұрасын тілтанымдық, елтанымдық тұрғыдан толымды, айқын, ашық түрде көрсетуге мүмкіншілік аз болды. Ондай мүмкіндік бүгінгі таңда - еліміздің егемендік, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алған кезінде туып отыр.

Екіншіден, соңғы 15-20 жыл ішінде елде, қоғамда көптеген келелі өзгерістер болды. Оның өзі қазақ тілінің лексика-фразеологиялық жүйесіне ірі-ірі өзгерістер әкелді. Тілдің жекелеген салаларында, әсіресе терминологияда терминдерді қазақыландыру төтенше жағдайда өтті. Жаңа атаулардың сөздіктері дүниеге келді. Аталған жылдар ішінде бұрын жұртшылықтың назарынан тыс қалып келген Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы бастаған алыптарымыздың, Ш.Құдайбердіұлы, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов бастаған ақын-жазушы, ғалымдарымыздың, өнер адамдарының шығармалары жарық көрді. Оның үстіне бұрынғы түсіндірме сөздікте ұлы Абайдан бастап, бұрыннан белгілі классик ақын-жазушыларымыздың шығармаларында қолданылған сөздердің көпшілігінің қамтымай қалғандығы белгілі болды.

Үшіншіден, өткен жылдар ішінде сөздік түзу ғылымы лексикография өте үлкен өзгеріске ұшырады. Сөздік түзу саласында қалыптасқан халықаралық стандарттың қазіргі таңдағы деңгейі өте жоғары болып отыр. Сөздіктердің әмбебаптағы, тілді белсенді үйренуге жағдай жасайтын актив типті болуы, сөздіктің ішкі құрылымының компьютерлендіру талаптарына сай жасалуы - жаңа кезеңнің талаптары. Бұрын саяси себептерге байланысты әлемдік лексикографияның тәжірибелері жеткілікті дәрежеде ескерілмей келген болатын. Соның салдарынан бұрынғы түсіндірме сөздіктеріміз ақын-жазушыларымыздың шығармаларынан алынған дәйектеме материалға тәуелді, пассив тұрғыдағы әдеби-түсіндірме сөздік типінде жасалды.

Қазіргі заманның талабына сай сөздіктің түрі - түсіндірмелі -энциклопедиялық, актив тұрғыдағы, әмбебап сөздік типі. Бұрынғы он томдық түсіндірме сөздікте лексикаланған күрделі сөздердің бөлек жазылатындары мен атаулық тіркестер (темір жол, еңбек кітапшасы, күн тәртібі) атау сөз ретінде алынбай, фразеологизмнің ішінде қаралды. Нәтижесінде тілдің қаймағы іспеттес тұрақты тіркестердің үлкен бір тобының - қазақ халқының материалдық рухани мәдениетіне байланысты мыңдаған атаулар мен терминдердің мағынасы өз дәрежесінде ашылмай қалды.

Бұған қоса бүгінгі таңда бұрынғы сөздікке еңбеген фразеологизмдердің өте мол екендігі анықталып отыр. Сол себепті жоспарланып отырған түсіндірме сөздікте осы байлықты мейлінше толық қамту көзделеді.

Сапалы жасалған жаңа типті түсіндірме сөздік, біріншіден, елтаным құралы,- шын мәніндегі "халық өмірінің энциклопедиясы",-екіншіден, қазақ тілін белсенді түрде үйренуге жағдай жасайтын тілтаным кітабы рөлін қатар атқарады. Жалпы оқырманның жеке басының қазақ тіліне қатысты білігін, білім дәрежесін көтеруге жағдай жасайды. Ұлттың болашағын құрайтын жас ұрпақтың өз ана тілін меңгеруіне сенімді негіз болып қаланады.

Кезінде академик Л.В.Щерба өзге тілді үйренудің ең тиімді тәсілі - сол тілдің түсіндірме сөздігі бойынша үйрену болып табылатындығын жазған болатын. Жаңа сөздік қазақ тілін белсенді түрде үйренгісі келетін отандастарымыз бен шетелдік азаматтарға қолайлы жағдай жасайды.

Бұл жоба бойынша ширек ғасырлық уақыт аралығында қоғамда, тілде лексикографияның теориясы мен тәжірибесінде болған өзгерістерді қамтитын өте күрделі жұмысты өте қысқа мерзім ішінде орындап шығу жоспарланып отыр.

Қазақ тіл білімі түгіл күллі түркітану саласында теңдесі жоқ, жаңа типті сөздікті осыншама тар кезеңде жасап шығу ісі де "Мәдени мұра" бағдарламасының аясында жүзеге асырылып жатыр.

3. **Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі** (көлемі – 40-45 б.т. Алматы: "Арыс", 2005 ж). Унификациялау мен нормалауды қажет ететін республикада соңғы жылдары болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің негізіндегі реалийлер мен құбылыс атауларын ескере отырып, толықтырылып, өңделген басылым болмақ.

4. **Қазақ тілінің синонимдер сөздігі** (көлемі – 35 б.т. Алматы: "Арыс", 2005 ж). Бұл мемлекеттік тілдің ішкі байлығы мен мүмкіндіктерін, оның мағыналық түрленімі мен лексика-семантикалық ауқымының кеңдігін көрсететін сөздік болмақ.

III. 1) Осы бағдарлама жоспары бойынша Институт қазақ тіл білімінің кенжелеп қалған саласы Этимологияға байланысты бұрын соңды жүргізілген зерттеулердің басын құрап, оларды тың ізденістер

деректерімен толықтыра отырып, "Қазақ тілінің этимологиялық сөздігін" дайындап жатыр. 2) Сонымен қатар 15 томдық түсіндірме сөздіктің III-XV томдарын баспаға әзірлеу, ғылыми редакциялау жұмыстары жүргізіліп келеді.

1. Тіліміздің сөздердің дыбыстық құрылысы мен грамматикалық тұлғалану сипаты бір қыдыру суреттеліп, танылып болғаннан кейін, сол сөздердің шыққан төркінін, тұлғасы мен мағанасының өзгерген тарихын, өмір сүру эволюциясын білудің қажеттілігі туып отыр. Оның үстіне тіліміздегі көптеген сөздердің төркінін табу арқылы қазақ халқының әр алуан дәуірлерінде басқа халықтармен жасаған қарым-қатынасын немесе өзінің ертеректердегі жай-күйін танимыз. Өйткені лексикасының тарихынан сол халықтың өткендегі тұрмыс-салтының, мәдени-рухани өмірінің, өзге ел жұртпен аралас-құралас болғандығының ізі, сәулесі көрініп тұруы қажет. Сондықтан этимологиялық зерттеулер тіл білімін тарих, этнография, археология, әдебиет ғалымдарымен ұштастырады.

Жоспарланып отырған **Этимологиялық сөздік** қазіргі қазақ тіліндегі бірсыпыра сөздердің түп-төркіні жайынан мағлұмат береді. Мұнда қазіргі тілімізде жеке алғанда мағынасы түсініксіз немесе тұлғасы о бастағы (не шыққан тілдегі) түрінен өзгеріп кеткен көптеген сөздердің сыры ашылады.

Бұл талдаулар студенттер, аспиранттар, жоғары мектеп оқытушылары үшін қазақтың тарихи лексикасы бойынша көмекші құрал бола алады. Сондай-ақ, кітап ана тілдегі әр алуан сөздердің тарихын, яғни олар байырғы түркі сөзі ме немесе басқа тілдерден енген бе, жоқ болмаса ғасырлар бойы қолдану нәтижесінде кейбіреулерінің мағынасы мен тұлғасы қалай өзгерген деген сияқты жағдайларды білгісі келген қалың оқушы жұртшылыққа да қызғылықты болмақшы.

Қазақ тілінің алғашқы этимологиялық сөздігіне енген реестр сөздердің саны не бары – 337. Ал жоспарланған сөздіктің реестрі бұдан бірнеше есе артық болмақ. Сөйтіп, толықтырылып жаңа сапада берілетін бұл этимологиялық сөздік қазақ лексикасының тарихын, қазақ халқының рухани-мәдени өмірінің тарихын зерттеуге елеулі септігін тигізер деген сенімдеміз.

"Мәдени мұра" бағдарламысы бойынша Институттың ұсыныстары:

1. Осы бағдарлама аясында Институт шығарған, баспаға әзірлеп жатқан еңбектердің қоғамдық мәні ерекше зор, себебі олар тек қана қазақ тілді қауым үшін емес, мемлекеттік тілді үйренуші еліміздің барлық азаматтары үшін аса қажет, сондай-ақ мемлекеттік тілдің ғылыми-лингвистикалық базасын құрайтын еңбек ретінде орта білім беру, жоғары білім беру жүйесі үшін де үлкен сұранысқа ие болып отыр, осыған байланысты олардың 3000 дана түрінде көрсетілген тиражын әлдеқайда арттыру керек.

2. Бағдарлама аясында шығарылатын кейбір еңбектерді қаржыландыру мәселесі талапқа жауап бермейді. Осыған байланысты оларға қаржы бөлу сметасын қайта қарау керек.

3. Жоғарыда көрсетілген жарыққа шыққан, баспаға тапсырылған және әзірленіп жатқан Тіл білімі институтының осы бағдарлама аясындағы еңбектерінің, сондай-ақ жалпы баспа өнімдерінің жазу сауаттылығын қамтамасыз ету үшін қазақ тілінің емле ережелерін мемлекеттік деңгейде заңдастырып бекіту шараларын жүзеге асыру аса қажет. Осыған байланысты Институт қазақ емлесінің мамандар тобын белгілеп, мемлекеттік орфографиялық комиссиясының ұсыныстарын Президент деңгейінде бекітуді ұсынады. Осы тұста қазақ емлесінің басқа да өркениетті елдер тілінің емлесі заңдарымен салыстырғанда түбегейлі реформаны қажет етпейтін өзіндік дәстүрі мен принциптері қалыптасқан жүйе екенін ескерте кеткен жөн. Қазіргі кезеңде БАҚ мен баспа өнімдерінде әр түрлі таңбаланып жүрген кейбір сөздердің жазылу нормасын анықтап, олардың тиімді бір ғана нұсқасын бекіту қажет болып отыр.

4. Бағдарламаның басқа секцияларында әлемдік деңгейдегі ғылыми еңбектерді қазақ тіліне аудару мәселесі дұрыс қолға алынған. "Тіл білімі" секциясына мұндай мүмкіндік берілмеген. Әлемдік деңгейдегі тілтанымдық ғылыми ойдың көріністерін мемлекеттік тілде игермеген, онымен терең таныспаған қоғамның орта білім беру, жоғары білім беру жүйесіндегі білім сапасын жаңа деңгейге көтеру қиын болатынын ескере отырып, Тіл білімі секциясына осы мүмкіндікті беру керек деп санаймыз.

МӘДЕНИ МҰРА ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫҢ ӨЗІНДІК САНАСЫ

Ә.Нысанбаев -

филос.ғыл.д., ҚР ҰҒА академигі

"Мәдени мұра" (2004-2006) мемлекеттік бағдарлама болып табылады. Ол біздің еліміздің Президенті Н.Назарбаевтың 2003 жылғы 4-сәуірдегі Қазақстан халқына Жолдауының аясында даярланды және оның орындалуы 2010 жылға дейін есептелген. Бәріңізге мәлім болғандай, Елбасының жолдауында гуманитарлық білімнің мемлекеттік тілдегі толыққанды қорын қалыптастыру міндеті қойылған. Бұл нені білдіреді? Бұл бір жағынан, әлемдік мәдениеттің, ғылымның, философияның, әдебиеттің ең үздік үлгілері толық көлемінде қазақ тілінде сөлеуі керек, ал екінші жағынан, қазақ халқының бай рухани мұрасы да, бұл сала-

дағы ең соңғы жетістіктерді қоса алғанда, толыққанды орыс тілінде және Қазақстан халықтарының тілінде естілуі тиіс дегенді білдіреді. Ол қазақ халқының рухани және философиялық мұрасын кеңінен таратумен және жұртшылыққа танымал етумен сипатталады. Бұл міндет тек республиканың қоғамтанушыларының алдына ғана емес, тұтастай алғанда бүкіл елдің алдына тұнғыш рет қойылып отыр, өйткені ол біздің ұлттық тарихымыздың мәдени ескерткіштеріне деген аялы қатынасты тәрбиелеу, ұлттық өзіндік сананы қалыптастыру, оның рухани игіліктері мәселелеріне бағытталған.

Мемлекет біздің халқымыздың рухани мәдениетінің лайықты қызметіне үлкен көңіл аудара отырып, уақыттың сұранысын өтеуге ұмтылуда, ал бұл мұраның тасымалдаушылары мен сақтаушылары біздің еліміздің өскелең ұрпағы, біздің балаларымыз бен немелелеріміз жандану дәуіріндегі Қазақстанның болашақ күш-қуатын білдіреді.

Тәуелсіз дамудың он шақты жылы рухани мәдениетсіз, жастарды жоғары өмірлік құндылықтар рухында жүйелі және саналы түрде тәрбиелемей, тек материалдық игілік жолында тәрбиелеудің табысты болмайтындығын көрсетті, өйткені прагматизм және табыс руханилықтан алшақ құндылықтарды егетіні белгілі болды. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, тек Қазақстан емес, сонымен қатар көптеген елдер әсіресе өз дамуының трансформациялық кезеңдерінде заманның алға қойған жаңа талаптары аясында өздерінің тарихына, мәдениетіне, дәстүрлеріне қайта бет бұрады.

Менің ойымша, мәдени мұра мен ұлттық бірегейліктің арасында тікелей өзара байланыс бар. Мәдениеттің белгілі бір жүгін арқаламайтындай адамның, тұлғаның болуы мүмкін емес, ал бұл мәдени жүктің ажырамас бөлігін өткеннің мәдени мұрасын қазіргімен қоса білу қабілеті құрайды. Және қоғамның мәдени мұрасы неғұрлым бай болған сайын, қоғам тұтастай алғанда соғұрлым бай және сонысымен де өзгелер үшін ашық, себебі қоғамның өзі өз бойына әртүрлі этностардың өзара әсер етуші мәдениеттердің ықпалын бойына сіңіре отырып, этностардың өзара мәдени араласу шекарасында өмір сүреді. Ғаламдасушы әлемде орналасқан қазіргі Қазақстан – көп ұлтты мемлекет, ол барлық әлемдік қауымдастық үшін ашық болуда ұмтылуда және мәдениет ұлттық бірегейліктің анықтайтын белгі болып табылады.

Модернизацияның әлемдік тәжірибесін талқылайтын қазіргі ғылыми әдебиетте мәдени мұра мен ұлттық бірегейлікті зерттейтін негізгі үш концептуалды ұстанымға басты назар аударылады.

Оның біріншісі өткеннің мәдени мұрасын ұлттық бірегейліктің жүйе құраушы ықпалы ретінде қарастырса, екіншісі өткеннің рухани мұрасы мен қазіргіні үйлесімді қосынды ретінде сипаттайды, ал үшіншісі қазіргі мәдениетке және оның болашаққа деген ұмтылысына басты назар аударады.

рады. Қазақстандық қоғамның трансформациясында қай үлгінің немесе концепцияның анағұрлым нәтижелі болатынын уақыт көрсетеді. Қоғамның трансформациясы, модернизация барысындағы ұлттық бірегейлік процестері мейлінше күрделілігімен және күнделікті өмірдегі күйзеліспен сипатталады. Бұл мәселенің үйлесімді шешілген мысалдарын табу қиын және өткеннің мәдени мұрасы мен дәстүрлерін технологиялық және ақпараттық-постэкономикалық қоғамның сұраныстары мен мұқтаждықтарымен сәтті жымдастыра білген Жапониядан басқа елді атау мүмкін емес. Алайда біз кімбіз және таяу болашақта кім боламыз деген мәселені пайымдау — қажет. Және бұл мәселедегі орасан зор рөл біздің бай мәдени мұрамызға тиесілі болып табылады.

Мәдени мұра халықтың санасын қалыптастыратын тыңайтушы орта болып табылады, ал әрбір халықтың өзіндік "Менін" ұғынуы оның өзінің тарихын, дамуындағы батырлық және қасіреттік кезеңдерін ескермей, оның әдейі жабылған беттері үшін өкініш пен қайғы, оның жетістіктері үшін қуаныш пен шаттық сезімдерін бастан кешірмей көзге елестету мүмкін емес. Тарихи өзіндік сананың мәдени мұраға деген сезімталдығы соншалықты, ол бір кездегі ұлы халықтардың ұрпақтарының рухани жалаңаштығы мен азғындығы үшін жауапты деген пікірді бекітуге болады. Халықтың өзіндік санасы мәдени және тарихи тамырдан ажыратылған болуы мүмкін емес және оның үстіне, ол жаңашылдық даму үрдісіне "сіңірілген" берік мәдени және философиялық дәстүрге сүйенбей дамуы мүмкін емес, дәл сол сияқты дәстүрді ескермеген қандай да бір мәдени жаңалық та болуы мүмкін емес. Менің пікірімше, халықтың өзіндік санасы мәселесімен сәйкестендірілген мәдениеттегі дәстүр мен жаңашылдықтың корреляциясы мәселесінің дұрыс шешілуі, ол адамның іскерлік, шығармашылық мүмкіншіліктерінің дамуына, еркін шығармашылық тұлғаны қалыптастыруға негізделгенде ғана іске асады және бұл егеменді Қазақстанның тәуелсіз дамуының алғышарты болып табылады.

Халықтың өзіндік санасын қалыптастыру мен дамытуда маңызды рөл ойнайтын мәдени мұра, осылайша қоғамдық дамудың аса маңызды катализаторы болып табылады. Ұлттық қауіпсіздік ұғымы гуманитарлық қауіпсіздік түсінігі сияқты тек ішкі немесе сыртқы қауіп-қатерді ғана білдірмейді, сонымен бірге өткеннің ұлы құндылықтарына деген, мәдени дәстүрге деген лайықты қатынас қалыптасқан және қолдау табатын қоғамның толыққанды және мазмұнды рухани өмірін қамтамасыз ететін шарттардың, шаралардың бүтіндей кешенін білдіреді. Сондықтан қоғамның қауіпсіз өмір қамын қамтамасыз етуде мәдени мұраның рөлі орасан зор, бірақ оның бағасын түсірумен қатар, асыра бағалауға да болмайды.

Қазіргі қоғамдағы гуманитарлық, рухани-адамгершілік қауіпсіздігі барлық жерде эрзац-мәдениеттің, ал кейде мәңгүрттік феноменінің

өмір сүруінен, өзге көзқарастар мен идеологияны, дүниетаным мен жүріс-тұрыс стереотиптерін танудан байқалатын айқын мәдениетсіздіктің орын алуынан көрінеді. Бұл қауіп-қатердің шоғырының кеңдігі соншалық, ол бұқаралық мәдениет пен экстремизм идеяларының қысымынан бастап ашық шовинистік үндеулерге дейін, қазіргі мемлекеттердің көпшілігінің тарихындағы саяси модернизациялау процестері барысында бірнеше мәрте қайталанып отыр. Және біздің республикамыздың кезек күттірмейтін міндеттерінің бірі – өзге халықтардың мәдени мұрасымен сұхбат барысында қалыптасқан өзіміздің жинақтаған мәдени-тарихи тәжірибемізді сақтау және көбейту, сондай-ақ қазақстандықтардың болашақ ұрпақтарын дәстүрлі мәдениетке де, қазіргі мәдениетке де деген құрмет рухында тәрбиелеу, тұрғылықты халықтың білімділігінің жалпы деңгейін арттыру. Бұл мазмұны Қазақстанда демократияның гуманистік құндылықтарын бекітуге жалпы адамзаттық құндылықтарға қайшы келетін идеялар мен көзқарастардың кең таралып кетуіне мүмкіндік бермейтін "идеологиялық сүзгінің" негізгі шарттарының бірі болып табылады.

Философия бойынша "Мәдени мұра" бағдарламасы үш блоктан тұрады: 1) Орыс тілінде 20 томнан тұратын (әрбір томның көлемі 30 баспа табак) "Бағзы заманнан бүгінгі күнге дейінгі қазақ халқының философиялық мұрасы"; 2) Қазақ тілінде, 30 томнан тұратын (әрбір томның көлемі 30 баспа табак) "Әлемдік философиялық мұра"; 3) 5 томы қазақша және 5 томы орыс тіліндегі, әрбір томның көлемі 20 баспа табактан тұратын "Әбу Насыр әл-Фараби. 10 томдық шығармалар жинағы".

Әл-Фарабидің мұрасын есептемегенде, біздің елімізде алғаш рет қазақ халқының философиялық мұрасын орыс тілінде және әлемдік философиялық мұраны қазақ тілінде мейлінше толық көлемде жариялаудың қайталанбас мүмкіндігі туып отыр. Осы шарамен бірге Қазақстанда кең ауқымды дүниетанымдық білім беру міндеті тұнғыш рет шешілмекші. Соңғы жылдары республикада маркстік-лениндік идеологияны жаппай енгізуден бас тарту және деидеологизация жүргізу деген желеумен идеологиялық жұмыстың едәуір әлсіреп қалғаны белгілі, ал ол қазіргі қоғамда қажет болып отыр. Тіпті дүниетанымдық көзқарастардың алуан түрімен толтырылған кез-келген салауатты қоғамның өзі жалпы ұлттық идеологияға мұқтаж болады және дүниетанымдық бағдарларды таңдау үшін жағдайлар туғызады, ал бұл өз кезегінде ең алдымен түпкі дерек көздерді терең білуді талап етеді. Бұл міндетті философия бойынша біздің бағдарламамыз шешуге тырысады.

Қазақстан – көп ұлтты және көп дінді мемлекет. Жаһандану жағдайындағы біздің еліміздің орнықты дамуының аса маңызды алғышарты және негізі этносаралық, мәдениетаралық және діндер арасындағы сұхбат болып табылады. Ол еркін рухани даму жағдайында және осы еркін

даму қамтамыз етілгенде ғана нәтижелі бола алады. Мұндай дамудың маңызды факторына республикада басым және мемлекет құраушы этнос болып саналатын қазақ этносы үшін әлемдік мәдени мұраны мемлекеттік тілдегі жарияланымдарына деген және біздің еліміздегі өзге этностар үшін, әсіресе оның ішінде орыс этносы басым болғандықтан және қазіргі уақытта ұлтаралық тіл ретінде орыс тілі қолданылатындықтан, қазақ халқының бай мәдени мұрасының орыс тіліндегі жарияланымына деген еркіндіктің берілуі жатады.

Және ақырында, біз өз қоғамымыз үшін деградациялық даму қатерінің екі шегінің ортасында тұрмыз: бұл қоғамның бүтіндей рухани дамуы үшін бірдей қатер тудыратын бір жағынан, мәдениетті жоғалту мен білімділік деңгейінің құлдырауы болса, ал екінші жағынан технократияның үстемдік етуі. Саналы дамудың кепілі жастарға философиялық білім беру болып табылады, сондықтан білім беру мен ғылым саласында оның мүддесін шектеу және өкінішке орай, бүгінгі күні біз соның куәсі болып жүргендей, философияны қоғамдық санаға кеңінен енгізуге кедергі келтіру өзін-өзі ақтай қоймайды. Философияны тарату сияқты игілікті міндетті іске асыруға философия саласындағы "Мәдени мұра" бағдарламасын табысты түрде іске асыру өз ықпалын тигізеді.

Қазірдің өзінде және көп томды мәдени және философиялық мұраны жариялау жөніндегі жұмыс пен дайындық процесінде әр түрлі әрі ұйымдастырушылық, әрі методологиялық сипаттағы сұрақтар туындайды, мысалы қандай да бір ойшылды, шығарманы таңдау барысында біз қандай өлшемді жетекшілік алуымыз қажет: оқу және білім беру бағдарламаларының мұқтаждықтарын ба әлде халықтың ұлттық сана-сезімі мен мәдениетін дамытудың қажеттіліктерін бе?

Адамзат тарихындағы ең қасіретті жиырмасыншы ғасыр бізге оңай мұра қалдырған жоқ: діни экстремизм, фанатизм, терроризм, ұлтаралық соғыстар мен қақтығыстар, рухани азғындық, экологиялық және антропологиялық апаттар. Бірақ үміттің сәулесі, адамдардың санасы мен ізгілікті еркіне деген сенім бізге өмір сүруге және болашаққа қатысты жоспарлар құруға көмек береді. Бебітшілікті, тұрақтылықты, қауіпсіздікті қамтамасыз ету әлемдегі адамзаттық болмыстың рухани негіздерін сақтап қалатын мәдениет арқылы іске асатыны даусыз.

Менің ойымша, өтпелі дәуірдегі рухани ахуалдың өзгеруі әл-Фарабидің мұрасы сияқты мәдени құбылыстың сарқылмас кенін ұғынуға және мүлдем жаңа түсініктер мен парадигмаларды ашу мүмкіндігіне көмек береді. Дүниетанымдық бағдарлар мен қондырғылардың өзгеруі, маркстік догмалар мен стереотиптермен қоштасу араб тілді мұсылман мәдениеті феноменінің өзін қайта бағалауға, араб тілді мәдениеттің жаны мен жүрегі - ислам екендігін бекітетін айғақты түсінуге итермелейді. Кеңес дәуірінде біз қыңырлықпен материалист немесе тіпті, атеист ретінде

көрсетуге тырысқан әл-Фарабидің өзі дәл осы ислам мәдениеті мен руханилығы идеяларын жақтады, ақыл мен ғылым адам үшін Бастапқы Мәнді ұғынуға жол ашады деп есептеді. Қазіргі құбылмалы әлемде ислам мәдениеті мен философиясының негіздерін терең теориялық зерттеу, әлемдік діндердің бірінен саналатын исламның рухани-адамгершілік қуаты мен гуманистік бағытын айқындау ерекше маңызды мәселе деп ойлаймын. Тек осы арқылы ғана рухани жаңғыру, халықтардың өзара түсіністігі мен өзара келісімділігі басты нәрсе болып саналатын исламның принциптеріне зорлықтың қайшы келетінін дәлелдеуге болады. Бүгінгі күні қазақстандық ғалымдарға бұрынғы идеологиялық таңбалардан арылып, әл-Фарабидің шығармаларына және оның әлемдік мәдениетке қосқан үлесіне жаңаша көзқараспен қараудың мүмкіндігі туды.

Қазақ философиясының негізгі айырмашылығы, мысалы үшін, еуропалық философиядан айырмашылығы, оның қағидалары соншалықты жүйелі және жіліктеп ашылмауымен түсіндіріледі. Платон, Гегель және басқалары әлемге деген өз көзқарастарын қағазға түсіріп ашқан – олардың ұсынған постулаттарының әрқайсысы жазылып қойылған. Бізде мәтіндік емес, бейнелі философия басым. Категориялар мифологияда, дінде, ән-күйде, поэзиялық формаларда және т.б. бейнелерге еніп кеткен. Оларда жасырынған мағынаны талдаудың герменевтикалық және компаративистикалық әдістердің көмегімен ашу және жіктеу керек.

Ұлттық және аймақтық мәселелерді философиялық пайымдау ұлттық және аймақтық философияларды қалыптастырады. Сондықтан қазіргі кезде африкандық философия туралы, азиаттық құндылықтар туралы көп айтылатынына таң қалуға болмайды.

Ұлттық философия сияқты пәндік аймақтың болатыны туралы мәселеге қатысты философтардың арасында тұтас бір пікірдің жоқ екендігін ескеру қажет. Олардың кейбірінің айтуының бойынша философия өзінің мәні бойынша әлемді рухани игерудің әмбебап формасы болып табылады және ешқандай ұлтқа тиесілі болмайды. Ал келесілерінің пайымдауынша, философия құралдарының көмегімен терең пайымдауды талап ететін ұлттық өзіндік сана, әлемнің ұлттық картинасы, ұлттық құндылықтар және рухани әлемдік қатынастардың өзге де формалары болады. Мұның үстіне оның өзі ұлттық сипатқа ие болады. Олардың пікірінше, мысалға алар болсақ, грек, ағылшын, неміс, француз, қытай, орыс философиялары баяғыдан бері бар.

Әл-Фарабидің энциклопедиялық мұрасының әлемдік маңызы, оның антикалық мұраны, әсіресе ежелгі грек классиктері – Платон мен Аристотельдің философиялық көзқарастарын араб-мұсылман мәдениетіне енгізгенімен ғана емес, сонымен қатар солардың негізінде оның антикалық мұра мен ислам идеяларының синтезін іске асыруымен

сипатталады. Ол өз дәуірінің рухани мазмұнын білдірді және өз заманының рухани ізденістері мен сұраныстарының мәселелерін шешті. Бұл сұраныстар, басым көпшілігінде, әлемдегі адам болмысының дүниетанымдық мәселелеріне деген жауапты іздестірудің жалпы адамзаттық мазмұнымен сәйкес келгендіктен, әл-Фарабидің мұрасы бүкіл адамзат үшін, әлемдік философия мен ғылым үшін, Шығыс пен Батыс мәдениеттер арасындағы сұхбатты табысты іске асыру үшін мәңгілік мәнге айналды.

Қазіргі жағдайларда Шығыстың ұлы Ұстазының энциклопедиялық біліміне деген бетбұрыс, оны қазіргі философиялық және ғылыми ізденістің айналымына енгізу өзінің рухани және тарихи көзін әл-Фарабидің философиясынан алатын өз ұлттық тарихымызды біздің терең ұғынуымызға ықпал етіп қана қоймай өз мәнімізді, оның адамгершілік бастауларын терең пайымдауға септігін тигізеді. Адамдағы адамгершілік бастау Екінші Ұстаздың өз дәуірінің мазмұнын пайымдаудың өзегі мен талшығын құрайды. Үшінші мың жылдықтағы қазіргі заман өтпелі қоғамның рухани-адамгершілік және мәдени қауіпсіздігі мәселесін, адамның адамгершілігінің тазалығы мәселесінің өткір қойып отыр, ал бұл шығармашылығы осы күрделі мәселелерді шешуге ықпал ететін тұлғаларға деген қызығушылықты онан әрі үдете түседі.

Философия бойынша "Мәдени мұра" бағдарламасының орыс тіліндегі 20 томдық "Бағзы заманнан бүгінгі күнге дейінгі қазақ халқының философиялық мұрасы" атты бірінші блогы бойынша жұмыс өте ертедегі сақ дәуірінен қазіргі заманға дейінгі қазақ халқының мәдени және рухани мұрасының жалпы панорамасын сипаттауға, оның құрамдас бөліктерін анықтауға, философиялық және ғылыми мазмұнын жіктеуге арналған. Талдаудың герменевтикалық әдісінің көмегімен көркемдік, мифологиялық, поэзиялық, фольклорлық, әуездік, ауызша халық шығармашылықтық, паремикалық формаларда баяндалған, тарыдай шашылған философиялық ойларды жүйелеу және бірыңғайлау қажеттілігі де аса маңызды болып табылады. Мұндай жұмыс, мен айтып өткендей, алғаш рет жүргізіліп отыр, сондықтан ол оны орындаушыларға үлкен жауапкершілік жүктейді.

Аударманың ыждахатты еңбегін талап ететін процесін басқа ешкім емес, кәсіби философтар атқаруы тиіс, өйткені философияның категориалдық (ұғымдық) аппаратының мәні мен мазмұнын бұрмалауға жол беруге болмайды. Әдеби мәтіндердің тамаша тәржімалаушылары немесе журналист-аудармашылар философиялық мән мен мазмұнның жіктелуі маңызды болып табылатын мәтінмен жұмыс істей отырып, еріксіз түрде басқа акценттер жасау арқылы мәтіннің мазмұнын өзгертуі немесе оның мәнін оқырманға дейін жеткізе алмауы мүмкін. Сондықтан тұтастай жұмыстың сапасын қамтамасыз ету үшін қазақ мәдениетіне қатысы бар,

әсіресе ежелгі, маңызды мәтіндерді іріктеуді, мәтіндердің аударылуы мен олардың бірегейлігін тексеруді, біртұтас категориалдық аппарат пен бірыңғай терминологияны жасақтау және философиялық редакциялауды, негізгі концептуалды идеялары мен қағидалардың түсіндірмелерін дайындауды және т.б. өз бойына енгізетін дайындық кезеңіне интеллектуалдық тұрғыдан да, қаржылық тұрғыдан да ерекше көңіл аудару қажет.

Қазақ тіліндегі 30 томдық "Әлемдік философиялық мұраға" қатысты бұл жауапкершілікті және күрделі жұмыс, жоғарыда атап өткен оның кәсіби философ-аудармашылармен кадрлық қамтамасыз етілуін талап етіп қана қоймай, ең алдымен, әлемдік философиялық ойдың аса бай қазынасынан анағұрлым көрнекті ойшылдарын іріктеп алуды ескеруді керек етеді. Олардың шығармаларын таңдау біздің еліміздің мәдени және рухани дамуының қажеттіліктерінен туындауы тиіс.

Қазақ тілі әлемдік ойшылдардың осы тілде сөйлей бастағанында ғана, бұл тіл әрбір адамның күнделікті өмірқамында қажеттілікке айналғанында ғана және оның сөздік қоры, коммуникативті және мәдени функциялары байытылғанда, жаңа терминдер мен ұғымдар пайда болғанда ғана толық қанды мемлекеттік тілге айналады.

Қазақ тілінде жарияланған әлемдік мәдени мұра біздің еліміздегі ғылыми және білім беру процесіне ерекше құндылық береді, өйткені бізде, әсіресе, философия саласында қытай, ағылшын, араб, парсы және әлемнің өзге де тілдерінен ғылыми аудармалар болған жоқ. Бұрынғы кеңес дәуірінде аудармалар партиялық-таптық және атеистік тәсілдер тұрғысынан өзіндік идеологиялық өңдеуден өтті. Қазіргі уақытта Батыс және Шығыс ойшылдарын объективті мәтіндік аудару міндеті өткір қойылып отыр.

Біріншіден, бұл жаһанданудың қанат жаюында республика азаматтарының мәдени және ұлттық бірегейлігін жоғалтып алмауы қажет. Мәдени мұраны сақтау – кез келген нағыз тәуелсіз мемлекеттің табиғи функциясы. Ол халықтың рухани құндылықтарды бойына сіңірген нақты дүниелеріне қолы жеткенде, жинақталған мәдени тәжірибені белсенді түрде пайдалана алған кезінде толыққанды бола алады.

Екіншіден, біз өз мемлекетіміздің басты субъекті болғандықтан, әрбір адамның ішкі дамуына қамқор болуымыз керек. Сонымен бірге дәл осы мәдени мұраны сақтау елімізде тұратын барлық этностардың өзіндік санасын бекітудің маңызды элементі болып табылады, олардың этнос аралық, мәдениет аралық және дін аралық толық өзара әрекетінің негізі болып табылады. Ал бұл, өз кезегінде, Қазақстандағы ішкі тұрақтылық пен қауіпсіздіктің аманаты болып саналады.

Қазақстанның тәуелсіздік мәртебесіне қолы жеткен сәтінен бастап біздің еліміздің ішінде ешқандай мұндай қырқыстар болған жоқ. Алайда

бұл болашақта тыныштық үнемі болады деген кепілдікті бермейді. Көп ұлтты қоғам өз бойында, егер дұрыс емес саясат жүргізгенде, еркінен тыс жарып шығатын және дамудың қадағаланбайтындай сипатына ие болатын жеткілікті мөлшердегі қақтығыстық потенциалға ие екендігін естен шығармау керек. Мұндай социумның өмір сүру ерекшеліктерін ескеріп, біртұтас қоғамды құрайтын түбірлі ұлт пен өзге халықтардың өкілдерінің мүдделерінің арасындағы тепе-теңдікті табу қажет. Өзге халықтың мүдделерін теріске шығару және оларды тіпті мәдениет мәселелерінде үнемі төмендетудің есебінен бір ғана этносты дамыту мен асыра көтерудің жолы күйретуші салдарларға әкелетінін тарихтағы көптеген мысалдардан аңғаруға болады. Мұндай қоғамдардың өзін қалыпты деп айтудың өзі қиын. Мысалы бұрынғы КСРО территориясындағы ұзақ жылдар бойы дамыған оқиғаларда қалайша қарастыруға болады? Қазіргі кездің иллюстрациясын Орталық Азияның бірқатар елдерінде бүгінгі күні орын алып отырған жағдайлар аңғартады.

Тұрақтылықты сақтау үшін қайшылықтардың, қақтығыстардың пайда болуына үнемі мониторинг жасап отыру қажет және адами шығындарға әкелетін қайтымсыз ахуалдардың сәл ғана мүмкіндіктерінің өзін болдырмауға тырысып, оларды дер кезінде бәсеңдетіп отыру қажет.

Үшіншіден, әлемнің көптеген елдері үшін рухани оқшаулықты игеру мәселесінің өзекті болып отырғаны белгілі.

Осылайша, мәдени және философиялық мұраны белсенді түрде игеру ұлттың өзіндік санасының өсу динамикасының, қазақ халқының ұлттық бірегейлігін бекітудің аса маңызды құралы қызметін атқарады.

РУХАНИ МҰРА МЕН МӘДЕНИЕТТІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒАҢДАҢУ КЕЗІНДЕГІ ЖАЙ-ЖАПСАРЫ

С.Қасқабасов -

*"Мәдени мұра" Мемлекеттік бағдарламасының
"Фольклортану, әдебиеттану және өнертану" секциясының төрағасы,
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры,
ҚР ҰҒА академигі*

Тәуелсіздік алғалы бері біздің елімізді саяси және экономикалық жағынан бүкіл әлем танып мойындады.

Ал, рухани-мәдени тұрғыда таныды ма? Қазақстанның ғылымы мен мәдениеті ел саясаты мен экономикасы деңгейінде танылды деп айта аламыз ба?

Қазіргі таңда Қазақстан мәдениеті идеологиялық бұғаудан, партиялық-мемлекеттік үстемдіктен азат болып, дамуға мүмкіндік алды.

Сөз бен баспасөз бостандығы, еркін ойлау мен ар-ождан бостандығы Ата заң - Конституциямен әспеттеліп, кепілдік беріліп қана қоймай, нақты өмір шындығына айналды.

Рухани мәдениеттің, атап айтқанда, әдебиет пен өнердің дамуы үшін мүлдем жаңа жағдай қалыптасты, мұның өзі бізден, қоғамнан, мәдениетті жасаушылар мен оны зерттеушілерден әдебиет пен өнердің ролі мен мән-мағынасын жаңаша түсінуді, таланттар туындыларын бағалаудағы жаңаша көзқарасты, оларды ғылыми талдау принциптерін қайта зерделеуді талап етеді.

Қазір әдебиет пен өнер идеологиялық қана емес, көркем де ойынсауықтық қызмет атқарып, қандай да бір партияға немесе әкімшілікке емес, қатардағы адамға, сол арқылы қоғамға қызмет етуді парыз санайды.

Мұның өзі әдебиет пен өнер туындыларының түрлі әлеуметтік топтардың мүдделері мен сұраныстарын есепке алатынын және ондай шығармалардың көркемдік-эстетикалық сапасы әр алуан болатынын білуді, сонымен санасуды қажет етеді.

Демек, ендігі жерде әдебиет пен өнер туындыларын бағалағанда "өнер баршаға түсінікті болуы қажет" деген қағида бойынша ғана емес, сондай-ақ "өнерді түсіне білу керек" деген принципке көшетін мезгіл жетті.

Бүгінгі еліміздің мәдени өмірінде өте қызықты әрі күрделі процестер жүріп жатыр. Бір жағынан, шығу тегімізге, тарих пен өткен мұраға деген белсенділік артты. Екінші жағынан, мәдениеттің батыстануы жүріп жатыр. Батыстың, яғни, бұқаралық деп аталатын мәдениеттің ықпал-әсері айқын байқалады. Бұл — бір-біріне қайшы екі құбылыстың үйлесім